

БАС РЕДАКТОР

Тарих ғылымдарының докторы, профессор
ТҮРСҮН ХАЗРЕТӘЛІ МАХАНҰЛЫ

ҚҰРЫЛТАЙШЫ:

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті
Журнал Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігі «Қазақстан
Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінің Ақпарат комитеті»
республикалық мемлекеттік мекемесінде 2024 жылғы 3 мамырда тіркеліп, №
KZ12VPY00092351 куәлігі берілген. (Астана қ.)

Атауы: журнал, Turkic historical studies

Тілі: қазақ, ағылшын, орыс, түрік.

Шығу жиілігі: 3 айда 1 рет.

Меншік иесі: «Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті»
мекемесі

Тақырыптық бағыты: Ғылыми, тарих, археология және этнология.

Таралу аумағы: Қазақстан Республикасы, шетелдер.

KURUCU:

Hoca Ahmed Yasavi Uluslararası Kazak-Türk Üniversitesi
Dergi, Kazakistan Cumhuriyeti Kültür ve Enformasyon Bakanlığı «Kazakistan Cumhuriyeti
Kültür ve Enformasyon Bakanlığı Bilgi Komitesi» Cumhuriyet Devlet Kurumuna 3 Mayıs
2024 tarihinde tescil edilmiş ve KZ12VPY00092351 sayılı sertifika vermiştir. (Astana Şehri)

Adı: Dergi, Turkic historical studies

Dil: Kazakça, ingilizce, Rusça, Türkçe.

Çıkış sıklığı: 3 ayda bir 1 kez.

Sahibi: Kurum "Hoca Ahmed Yasavi Uluslararası Kazak-Türk Üniversitesi"

Tematik yön: bilimsel, tarih, arkeoloji ve etnoloji.

Dağıtım bölgesi: Kazakistan Cumhuriyeti, yurtdışında.

УЧРЕДИТЕЛЬ:

Международный казахско-турецкий университет имени Ходжи Ахмеда Ясави
Журнал зарегистрирован в Республиканском государственном учреждении «Комитет
информации Министерства культуры и информации Республики Казахстан»
Министерства культуры и информации Республики Казахстан 3 мая 2024 года и выдан
сертификат № KZ12VPY00092351. (Г. Астана)

Название: журнал, Turkic historical studies

Язык: казахский, английский, русский, турецкий.

Периодичность издания: 1 раз в 3 месяца.

Владелец: учреждение "Международный казахско-турецкий университет имени Ходжи
Ахмеда Ясави"

Тематическое направление: научная, история, археология и этнология.

Территория распространения: Республика Казахстан, зарубежья.

FOUNDER:

Khoja Ahmed Yasawi International Kazakh-Turkish University

The journal was registered in the Republican State Institution "Information Committee of the Ministry of Culture and Information of the Republic of Kazakhstan" of the Ministry of Culture and Information of the Republic of Kazakhstan on May 3, 2024 and issued certificate No. KZ12VPY00092351.(Astana)

Title: journal, Turkish historical studies

Language: Kazakh, English, Russian, Turkish.

Periodicity of publication: 1 time in 3 months.

Owner: institution "International Kazakh-Turkish University named after Khoja Ahmed Yasawi"

Thematic area: scientific, history, archeology and ethnology.

The territory of distribution: The Republic of Kazakhstan, abroad.

РЕДАКЦИЯЛЫҚ АЛҚА МҮШЕЛЕРІ

Алибек С.	- т.ғ.д., профессор /Қазақстан/
Ахмет А.	- т.ғ.д., профессор /Қазақстан/
Ауанасова А.М.	- т.ғ.д., профессор ҚР БЖМ Мемлекет тарихы институтының бас ғылыми қызметкері /Қазақстан/
Әбжанов Х.М.	- т.ғ.д., профессор ҚР ҰҒА академигі /Қазақстан/
Ержиласун Г.К. Жеңіс Ж.	- PhD доктор, профессор /Түркия/ - Ш.Уәлиханов атынд. Тарих және этнология инст. директор орынбасары, т.ғ.к., профессор /Қазақстан/
Исин А.	- т.ғ.к., профессор /Қазақстан/
Қартаева Т.	- т.ғ.к., профессор /Қазақстан/
Қожа М.	- т.ғ.к., қауым. профессор /Қазақстан/
Примкулова Г.Ж.	- т.ғ.к., доцент /Қазақстан/
Ражабов К.К.	- т.ғ.д., профессор ӨР ҒА Тарих институтының бас ғылыми қызметкері /Өзбекстан/
Сельмаз Тогиди	- т.ғ.д., профессор АР ҒА Шығыстану институтының бөлім меңгерушісі /Азербайжан/

DANIŞMA KURULU

Alibek S.	- Prof. Dr. /Kazakistan/
Akhmet A.	- Prof. Dr. /Kazakistan/
Auanasova A.M.	- Prof. Dr. /Kazakistan/
Abzhanov K.M.	- Prof. Dr. /Kazakistan/
Erzhilasun G. K.	- Prof. Dr. /Türkiye/
Zhenis Zh.	- Sh.Ualikhanov adını taşıyan Tarih ve Etnoloji Enstitüsü Müdür yardımcısı, Prof. Dr. /Kazakistan/
Isin A.	- Doç. Dr. /Kazakistan/
Kartayeva T.	- Prof. Dr. /Kazakistan/
Носа М.	- Doç. Dr. /Kazakistan/
Primkulova G.	- Doç. Dr. /Kazakistan/
Razhabov K.K.	- Prof. Dr. /Özbekistan/
Selmaz Togidi	- Prof. Dr. /Azerbaycan/

РЕДАКЦИОННАЯ КОЛЛЕГИЯ

Алибек С.	д.и.н., профессор /Казахстан/
Ахмет А.	- д.и.н., профессор /Казахстан/

Ауанасова А.М.	- д.и.н., профессор /Казakhstan/
Абжанов К.М.	- д.и.н., профессор академик НАН РК /Казakhstan/
Ержиласун Г.Қ.	- PhD, профессор /Турция/
Женис Ж.	- зам. директор института Истории и этнологии имени Ш.Уалиханова, д.и.н., профессор /Казakhstan/
Исин А.	- к.и.н., ассоц. проф. /Казakhstan/
Картаева Т.	- к.и.н., профессор. /Казakhstan/
Кожа М.	- к.и.н., ассоц. проф. /Казakhstan/
Примкулова Г.Ж.	- к.и.н., доцент /Казakhstan/
Ражабов К.К.	- д.и.н., профессор /Узбекистан/
Сельмаз Тогида	- д.и.н., профессор /Азербайжан/

EDITORIAL BOARD

Alibek S.	- Doctor of Historical Sciences, Professor /Kazakhstan/
Akhmet A.	- Doctor of Historical Sciences, Professor /Kazakhstan/
Auanasova A.	- Doctor of Historical Sciences, Professor /Kazakhstan/
Abzhanov K.	- Doctor of Historical Sciences, Professor /Kazakhstan/
Erzhilasun G.	- PhD, Professor /Turkey/
Zhenis Zh.	- Deputy Director of the Institute of History and Ethnology named after Sh.Ualikhanov, Doctor of Historical Sciences, Professor /Kazakhstan/
Isin A.	- Candidate of Historical Sciences, Professor /Kazakhstan/
Kartayeva T.	- Candidate of Historical Sciences, Professor /Kazakhstan/
Ноча М.	- Candidate of Historical Sciences, Professor /Kazakhstan/
Primkulova G.	- Candidate of Historical Sciences, Professor /Kazakhstan/
Razhabov K.	- Doctor of Historical Sciences, Professor / Uzbekistan/
Selmaz Togidi	- Doctor of Historical Sciences, Professor / Azerbaijan/

Редактордан

Құрметті оқырмандар!

Сіздердің назарларыңызға Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің құрылтайшылығымен жарық көріп отырған «Turkic historical studies» - «Түркі тарихи зерттеулері» журналының алғашқы санын ұсынып отырмыз. Түрік халықтарының ортақ оқу орны болып қалыптасқан университетіміздің ғылыми ізденістерді ортақтастыруға бағытталған стратегиялық қадамы ретінде басылымның алдағы уақытта атқаратын қызметі аса ауқымды және барынша игілікті.

Ғылыми басылымның басты миссиясы – Түрік мемлекеттері ұйымы аумағында ортақ гуманитарлық кеңістік қалыптастыру болып белгіленген. Түрік халықтары мен ұлыстары ортақ тарихы мен мәдениетін тану және оны әлемдік қауымдастыққа таныту арқылы өркениеттік бәсекеде өз орны мен рөлін айқындауы тиіс. Осы бағытта зерттеу жүргізіп келген ғалымдардың мақалалары түрік халықтары тарихын жаңалауы арқылы журналдың ғылыми деңгейін көтереді деп ойлаймыз.

Сіздерден журналымыздың қызметіне белсене араласып, түркілік бірлік идеясын насихаттау және оның қазіргізаманғы өзекті мәселелері бойынша ой бөлісетін мақалалар күтеміз.

Бас редактор
тарих ғылымдарының докторы, профессор Хазретәлі ТҰРСҰН

FTAMP 03.01.09

М. ЖОЛСЕИТОВА

тарих ғылымдарының кандидаты,
Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің доценті
(Қазақстан, Түркістан қ.) e-mail: mzholseytova@ayu.edu.kz
Orcid.org/0000-0001-7296-2653

Қ.БАЙМАҒАМБЕТОВ

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің магистранты
(Қазақстан, Түркістан қ.) e-mail: kuandyk.baikn@mail.ru

ӘБІЛҚАЙЫР ХАННЫҢ КӨРШІЛЕС ХАЛЫҚТАРМЕН ҚАРЫМ- ҚАТЫНАСЫНДАҒЫ ҚЫЗМЕТІ МЕН РӨЛІ

Андатпа. Мақалада Әбілқайыр ханның өмір жолы мен ірі мемлекет қайраткері ретінде қалыптасуын анықтайтын факторларға, саясаткер, билеуші ретіндегі тұлғалық феноменіне объективті баға беріледі.

XVIII ғасыр басындағы Қазақ хандығының ішкі саяси және халықаралық жағдайына, оның экономикалық, саяси дағдарысының себептеріне талдау жасалынып, Әбілқайыр ханның қазақ жүздерін біріктіруі, басқыншылар шапқыншылығына қарсы күресті ұйымдастыруы, қазақтар арасындағы нақты әлеуметтік жағдайы оның ресми «аға хан» дәрежесіне әбден сәйкес келетінін анықталды.

XVIII ғасырдағы қазақтардың Ресеймен жан-жақты қарым-қатынастарды дамытуы, көрші Орталық Азия мемлекеттерімен дипломатиялық және экономикалық қатынастарды орнату жолындағы мемлекеттік қызметі қарастырылады. Сонымен бірге қалмақ және башқұрт халықтарының қарым-қатынастарының деңгейі оның дамуы мен шиеленісуіндегі Әбілқайыр ханның позициясы, негізгі басымдықтары зерделенеді. Әбілқайыр ханның қарақалпақ ханы атанғаны, қарақалпақтардың Ресеймен саяси қатынасындағы рөлі анықталады. Әбілқайырдың билеушілерге тән барлық тұлғалық қасиеттері, мүмкіндіктерінің көрініс табуы аталмыш халықтарға тікелей байланысты.

Әбілқайыр хан жалпы қазақтың ұлттық мүддесін алға тартып, өз халқының тыныш, бейбіт өмірін қамтамасыз етуге ұмтылды. Оның саяси және стратегиялық таңдауы кез келген ірі саясаткер мен мемлекет қайраткері үшін күрделі халықаралық саяси жағдайда өз ұстанымын пайдаланып, сындарлы геосаясат жүргізіп, одақтастарын таба білудің қаншалықты маңызды екенін айқын көрсетеді.

Кілт сөздер: Әбілқайыр хан, Кіші жүз, Қазақстан, Ресей, Жоңғар мемлекеті, Орталық Азия, башқұрт, қалмақ, ойрат, дипломатия, сыртқы саясат.

ZHOLSEYTOVA M.

Candidate of Historical Sciences
Associate Professor of Khoja Akhmet Yassawi International Kazakh-Turkish University
(Kazakhstan, Turkestan), e-mail: mzholseytova@ayu.edu.kz
orcid.org/0000-0001-7296-2653

BAIMAGAMBETOV K.

Master's Student of Khoja Akhmet Yassawi International Kazakh-Turkish University
(Kazakhstan, Turkistan), e-mail: kuandyk.baikn@mail.ru

ACTIVITY AND ROLE OF ABULKHAIR KHAN IN RELATIONS WITH NEIGHBORING NATIONS

Annotation. The article provides an objective assessment of the factors determining the life path and formation of Abulkhair Khan as a major statesman, a phenomenon of personality as a politician, ruler.

The internal political and international situation of the Kazakh Khanate at the beginning of the XIII century, the causes of its economic and political crisis are analyzed, it is established that the unification of the Kazakh zhuzes by Abulkhair Khan, the organization of the fight against the invasion of invaders, his real social position among the Kazakhs fully corresponds to his official title of "senior khan".

The article considers the state activity of the Kazakhs of the XIII century on the development of comprehensive relations with Russia, the establishment of diplomatic and economic relations with neighboring Central Asian states. At the same time, the level of relations with the Kalmyk and Bashkir peoples, positions, and main priorities of Abulkhair Khan in their development and exacerbation of contradictions are being studied. The role of Khan Abulkhair as the "khan of the Karakalpaks" will be determined, as well as the role of the Karakalpaks in political relations with Russia. The manifestation of all personal qualities and capabilities inherent in the rulers of Abulkhair directly depends on these peoples.

Abulkhair Khan sought to ensure a calm, peaceful life for his people, promoting the national interests of the Kazakhs as a whole. His political and strategic choice clearly shows how important it is for any major politician and statesman to be able to use his position in a difficult international political situation, pursue constructive geopolitics and find allies.

Keywords: Abulkhair Khan, Junior Zhuz, Kazakhstan, Russia, Dzungarian Khanate, Central Asia, Bashkirs, Kalmyks, Oirats, diplomacy, foreign policy.

М. ЖОЛСЕИТОВА

кандидат исторических наук

доцент Международного казахско-турецкого университета имени Х.А. Ясави
(Казakhstan, Туркестан), e-mail: mzholseytova@ayu.edu.kz

К.БАЙМАГАМБЕТОВ

магистрант Международного казахско-турецкого университета имени Ходжи Ахмеда Ясави

(Kazakhstan, Turkistan), e-mail: kuandyk.baikn@mail.ru

ДЕЯТЕЛЬНОСТЬ И РОЛЬ АБУЛХАИР ХАНА ВО ВЗАИМООТНОШЕНИЯХ С СОСЕДНИМИ НАРОДАМИ

Аннотация. В статье дается объективная оценка факторов, определяющих жизненный путь и становление Абулхаир-хана как крупного государственного деятеля, феномена личности как политика, правителя.

Проанализированы внутривнутриполитическое и международное положение Казахского ханства в начале XVIII века, причины его экономического, политического кризиса, установлено, что объединение казахских жузов Абулхаир-ханом, организация борьбы с нашествием захватчиков, его реальное социальное положение среди казахов вполне соответствует его официальному званию «старшего хана».

Рассматривается государственная деятельность казахов XVIII века по развитию всесторонних отношений с Россией, установлению дипломатических и экономических отношений с соседними центральноазиатскими государствами. Вместе с тем, изучается

уровень взаимоотношений с калмыцким и башкирским народами, позиции, основные приоритеты Абулхаир-хана в их развитии и обострении противоречий. Будет определена роль хана Абулхаира как «хана каракалпаков», а также роль каракалпаков в политических отношениях с Россией. От этих народов напрямую зависит проявление всех личностных качеств, возможностей, присущих правителям Абулхаира.

Абулхаир хан стремился обеспечить спокойную, мирную жизнь своего народа, продвигая национальные интересы казахов в целом. Его политический и стратегический выбор ясно показывает, насколько важно для любого крупного политика и государственного деятеля иметь возможность использовать свою позицию в сложной международной политической ситуации, проводить конструктивную геополитику и находить союзников.

Ключевые слова: Абулхаир хан, Младший жуз, Казахстан, Россия, Джунгарское ханство, Центральная Азия, башкиры, калмыки, ойраты, дипломатия, внешняя политика.

Кіріспе.

Уақыт сынынан сүрінбей өтіп, бүгінде мемлекеттілігін жаңғыртып келе жатқан қазақ халқының көршілес елдермен қарым-қатынастарының бай әрі күрделі тәжірибесі бар. Еуразия құрлығының ортасында орналасқан, солтүстігінде Ресеймен, шығысында Қытаймен, оңтүстігінде Орталық Азия мемлекеттерімен шектесетін Қазақстан тағдырдың жазуымен осындай бірегей геосаяси ұстанымға ие бола отырып, көпбағытты сыртқы саясатты ұстанды. Ал осы тұрғыдан Әбілқайыр ханның бай да күрделі тарихын зерделеудің танымдық мәні зор. Мақала тақырыбының өзектілігі тек ғылыми-танымдық міндеттерімен ғана шектелмейді. Мақаланың негізгі тұжырымдары мемлекет басшысы өз қызметінің табысты болуын қамтамасыз ету үшін әлеуметтік маңызды және адамгершілік қасиеттерді барабар түсіну тұрғысынан да пайдалы болады.

Әбілқайыр ханның тұлғасы Еуразия қойнауындағы тарихи жолдардың торабында қалыптасты. Уақыт дала билеушілерін сан қырлы етті. Хан Әбілқайыр қолбасшылық өнерді де, дипломатиялық дарындылықты қатар үйлестірді. Хан Әбілқайыр: қолбасшы, билеуші және саясаткер. Әбілқайырдың саяси қызметінің негізгі мақсаттары мен сипаты әрқашан сәйкес келе бермейтін, кейде Ресей империясының Қазақстандағы міндеттеріне қарама-қайшы келетін. Көбінесе тарихшылардың еңбектерінде Әбілқайырдың тарихи рөліне баға беруде көп жағдайда біржақтылық, үстірт көзқарас орын алды.

Қазіргі уақытта Қазақстан өз халқының тарихи оқиғалар туралы қалыптасқан идеяларды қайта қарауда. Мемлекеттілік пен тәуелсіздіктің жаңғыруына байланысты Қазақстан тарихының «ақтандақтарын» жою ғалымдардың басым бағытына айналды, өйткені халықтың тарихи жадын қалпына келтіру, оның тағдырын түсіну, мемлекеттің шынайы тәуелсіздігін алудың, қазақстандық патриотизмді тәрбиелеудің маңызды элементі болып табылады.

Өткенге үңілсек, қазақ халқының бай тарихы қай кезде де өзінің отансүйгіштігімен ерекшеленетінін айта кеткен жөн. Қазақ хандығының негізін қалаған Керей мен Жәнібек хандарымыздан бастап, ел билеушілері мемлекетіміздің шекарасын қорғайтын қуатты әрі тәуелсіз мемлекет болып қалуы үшін барлығын жасады, қазақ елінің Отанға деген сүйіспеншілігін нығайтуға орасан зор үлес қосты.

Зерттеу әдістері:

Мақаланың әдіснамалық негізін ғылыми-тарихи танымның объективтілік, тарихилық, жүйелілік және нақтылық сияқты іргелі принциптері құрайды. Ғылыми

ізденіс барысында тарихи оқиғаларды, жеке тұлғаның тарихтағы рөлін ашудың көп факторлы әдісі және ситуациялық (жағдай) тәсілі қолданылды. Қазіргі әлемдік тарих ғылымының талабына сай мақалада тарихтағы тұлға, оның мінезі мәселелеріне ерекше көңіл бөлінеді. Тарихи мәселелерді зерттеуде ғылыми ақиқат бастапқы орын алады. Сонымен бірге, салыстармалы - тарихи, тарихи-жүйелілік, деректанулық зерттеу әдістері қолданылды.

Талдау мен нәтижелер.

XVII-XVIII ғасырлардың тоғысында қазақ жүздері Ресей империясымен ең ұзын шекараға ие болды. Қазақстанның батыс және солтүстік шекаралардағы геосаяси жағдайының ерекшелігі сол кездегі Солтүстік Еуразияның іргелес аймақтарына Ресей билігінің таралуы аяқталмаған еді.

XVIII ғасырдың бірінші ширегінде ресей бекіністері мен әскери шептері Оңтүстік Орал мен Батыс Сібірдегі елді-мекендер қазақтардың көшпелі аудандарының арасында шекаралық жеке ретінде қалыптаса қойған жоқ еді. Қазақтардың ең жақын көршілері ол кезде негізінен көшпелі халықтар - Еділ қалмақтары, башқұрттар, қарақалпақтармен қоғамдық-саяси өмірі, тұрмысы мен мәдениеті жағынан тарихи байланыстары дамыды.

Бүкіл аймақтағы ішкі және сыртқы саяси жағдайдың тұрақсыздықтың ең негізгі көзі сол кездегі Қазақстанның оңтүстік-шығыс көршісі Жоңғар хандығы деген атпен белгілі батыс монғолдардың көшпелі империясы болды.

XVII ғасырдың аяғы мен XVIII ғасырдың бірінші ширегінде қазақ жүздерінің оңтүстік шекараларында Орталық Азия мемлекеттерімен біршама күрделі әскери-саяси жағдай қалыптасты. Мұнда ол кезде он шақты дербес мемлекеттік құрылымдар болса, олардың ішіндегі ең ірісі Бұхар хандығы болды. Орталық Азияда ықпалды рулардың ірі жер иеленушілер арасында ішкі қақтығыстар күшейе түскен болатын.

Ресейдің оңтүстік-шығыс шекараларының Орталық Азия жерлеріне кеңеюі және оның шығыс саясатының жандануы XVIII ғасырдың бірінші жартысында қазақ билеушілерінің геоэкономикалық және сыртқы саяси байланыстарында орыс бағыты айтарлықтай дәрежеде басым болды.

Қазақ даласының бір шетінде орналасқан Кіші жүзді жан-жақты көшпелі және отырықшы көршілері қоршап, бұл кез келген билеушіні әскерін бөлек емес, біртұтас етіп ұстауға мәжбүр етті, бұл өз кезегінде ең жағымсыз салдарға әкелді. Хан жасағы көптеген шабуылдарға төтеп беруге шамасы келмей қалатын тұғын. Бізге белгілі деректерге қарағанда, хан Әбілқайырдың өз халқын қорғау үшін жасаған әрекеттерінің ауқымын аңғаруға болады. Аз уақыт болса да ол Хиуа ханы болды, башқұрттардың ханы болуға шықырылды, өз баласын түрікмендерге хан етіп қоюға әрекеттенді, қарақалпақтардың бір бөлігін бағындырды, Еділ қалмақтары мен орал казактарына қарсы жорықтарға шықты. Мұндай қарқынды сыртқы саясат хан әулетінің ішінде қарсылық тудырғаны да белгілі.

Әбілқайырдың Оңтүстік Орал, Еділдің орта ағысы, Сібірдің іргелес аймақтарына сәтті солтүстік әскери жорықтары малды айдап кетуі, тұтқындарды алуы және басқа да қымбат олжалардың алып қайтуы Кіші жүз ханының көшпелі халық арасында жеке беделінің тез өсуіне ықпал етті. Сонымен бірге бұл жорықтардың ерекше батылдық мен шебер ұйымдастырылуы Әбілқайырдың атты әскерінің даланың шексіз кеңістігінде бұрын-соңды болмаған жылдамдығы, Кіші жүз ханын орыс шекара қолбасшыларға танымал етті. XVIII ғасырдың 20-ші жылдары Әбілқайыр есімі Астрахан, Қазан, Сібір губерниялардың шенеуніктерінің ресми қағаздарында жиі айтыла бастады. Қазақ жігіттері жасақтарының Ресейдің ішкі аймақтарына жорықтары оларды қатты алаңдатты. Бірақ Әбілқайырдың әскери жасақтарының жайық казактардың станицалары мен жақын орналасқан Еділ қалмақтары мен орал башқұрттарының

жеріне басып кіруі қазақ көшпелі қоғамының сан алуан әлеуметтік-экономикалық қажеттіліктерін жеткілікті түрде шеше алмады және сонымен бірге солтүстік көршілерінің Кіші және Орта жүз шекаралас аймақтарына шабуылдар жасауына, адамдарды қырып және малды айдап кетуіне себеп болды. Сондықтан, дала билеушілері мен Ресейдің Еділ бойы мен Сібірдегі шекара билігі арасында екіжақты саяси байланыстар орнату басталады. 1715-1718 жылдары қазақ хандары мен Қазан және Тобыл губернаторлары арасында сан алуан мәселелер бойынша хат алмасу басталып, елшіліктердің жиі алмасуы жолға қойылды. Әбілқайыр мен Қайып хандардың Қазан және Сібір губерния әкімшілігі басшыларымен жүргізген келіссөздерінің негізгі мәселелері тұтқындарды өзара алмасу тәртібі, қазақтар мен Ресей қол астындағы қалмақтар, орал және сібір казактары, башқұрттар арасындағы әскери қақтығыстарды реттеу және орыс көпестері мен өлкедегі қазақ халқының сауда байланысын дамытуға қолайлы жағдай жасап, сауда керуендерінің қауіпсіздігін қамтамасыз ету болды. Қазақ даласы бірте-бірте қазақтардың, башқұрттардың және Ресей империясының мүдделері тоғысқан орталыққа айналды [1].

Жоңғар шапқыншылықтарынан кейін Қазақ хандығының ішкі жағдайы өте ауыр болды. Жетісудағы жайылымдарынан айырылған қазақтар шығынға ұшырады. Қазақстан аумағында ғасырлар бойы қалыптасқан көші-қон бағыттары бұзылды. Жоңғарлардың қазақ руларын батыс және солтүстік-батыс шекараларына ығыстыруы Еділ мен Жайық арасындағы жайылымдарға көшуді қиындатты. Бұл Ресейдің қол астындағы орал казактарымен және қалмақтарымен қақтығыстарға әкеліп соқты.

Қазақ хандығының батыс шекарасында бейбітшілікті орнату қазақ билеушілерінің сыртқы саясатының негізгі міндеттерінің біріне айналды. Олар бар күшін жоңғарларға қарсы күреске жұмылдыруға бағыттады. Бұл Кіші жүз ханы Әбілқайырдан геосаяси жағдайды жаңаша қарастыруды талап етті. Ең алдымен солтүстік көрші Ресей империясымен қарым-қатынасты жақсарту қажет болды. Ол кезде Ресейді Еуразия құрлығының жетекші империяларының біріне айналдырған І Петр басқарды.

XVIII ғасырда бірқатар қуатты мемлекет-империялар құрылды – Ұлыбритания, Франция, Австро-Венгрия, Қытай, Ресей, т.б. Сол қатыгез кезеңде барлық ұсақ халықтар ұлы державаларға еріксіз бағынуға немесе жойылуға мәжбүр болды. Осы себептердің барлығы 1731 жылы 10 қазанда Әбілқайыр хан, Бөгенбай, Есет, тағы басқа Кіші жүз қазақтарының 27 старшиналары жиналысында Кіші жүздің Ресейге қосылуы туралы заңды келісімге қол қоюына әкелді. Хан Әбілқайырдың мұндай саяси қадамына саясаткердің болашағын жоспарлай алу қабілеті себеп болды. Ол солтүстіктегі көршісінің әскери күшін жоңғарларға қарсы пайдаланып, бүкіл Қазақстан жерін азат етуді жоспарлаған.

Әрине оның жеке есебі де болды. Әбілқайыр бүкіл Қазақ хандығындағы билігін нығайтуға ұмтылды, бір орталыққа бағынған мемлекет құру арқылы ғана қазақ елін аман сақтап қалуға болатынын түсінді. Оның сыртқы қолдауы – Ресей, ішкі қолдауы – қазақ батырларына сенді. Бірақ Ресейдің саясаты күшті хан билігіне қарсы бағытталды. Алайда, империя бір нәрсені ескермеді: Кіші жүздің ханы Әбілқайыр сияқты беделді, ерік-жігері мықты билеуші ешқашан оның қуыршағы болмайды.

1741 жылы 24 қаңтарда Әбілқайыр орыс патшайымы Анна Иоанновнаға жазған хатында өзінің саяси мүдделері туралы ашық жазады: «В нынешнее время противники явились персиане и верхние калмыки, и между нами некоторые кайсаки и каракалпаки и издали приехавшие юрт разорители от башкиров – наших легкомысленных народов и возмущению приводят. А для искоренения таковых мочи нашей не становится, пока в.и.в. (Ваше императорское величество) сильные войска не придут, то Ташкент, Туркестан, Хива, Арал и все мусульмане будут у в.и.в. в подданстве» [2].

Хан Әбілқайыр 1723-1730 жылдардағы жоңғарларға қарсы соғыстың бас қолбасшысы, батыры ретінде көрінеді. Әскери дарындылық пен шеберлікке ие, ұрыстарда ерлік пен батылдық танытқан Әбілқайыр қазақ даласында үлкен атақ пен абыройға ие болды. Өзінің сыртқы саясатында ол көршілердің ықтимал шабуылдарын бейтараптандыруға немесе болдырмауға тырысты. Осы кезде ол тек ойраттарға ғана емес, Еділ қалмақтарына да қарсы белсенді әскери қимылдар жүргізді. Әскери табыстар оған ру аксүйектерінің арасында да атақ пен абырой әкелді.

«Қазақ жеріне жоңғар шапқыншылығы кезеңінде хандар мен сұлтандар, батырлар мен билер Әбілқайырды қазақ жасақтарының бас қолбасшысы ретінде мойындады. Әбілқайыр көрші мемлекеттерімен орыстар, бұхарлықтар, хиуалықтар, башқұрттар, қарақалпақтар, түрікмендермен қарым-қатынас жүргізген білікті дипломат болған - деген М.Жолсеитованың берген қорытындысы осы кезеңдегі Әбілқайыр ханның саясатын дәл сипаттайды [3, б.216].

Тәуке хан қайтыс болғаннан кейін және тарих сахнасына Абылай хан ретінде тағайындалғанға дейін үш жүздің қоғамдық өмірінде сұлтан, кейінірек хан Әбілқайыр басты рөл атқарды. Әбілқайыр хан билігінің тарихына қоғамдық қызығушылық тұрақты түрде жоғары болып, оның есімі төңірегіндегі қызу пікірталастар әлі де басылмай келеді. Бұл өз алдына осынау қазақ қолбасшысы мен саясаткерінің өмірі мен қызметі қаншалықты ауқымды болғанының айқын көрсеткіші болып табылады.

XVIII ғасырдың басында Орталық Азиядағы халықаралық қатынастар жүйесі елеулі өзгерістерге ұшырады.

1726 және 1730 жылдардағы қазақ жасақтарының жеңістері Жоңғар хандығынан келетін нақты қауіп-қатерді әлсіретті, бірақ жалпы Қазақстандағы жағдай шиеленісті және қарама-қайшылықтарға толы болды. Кіші жүзде Әбілқайыр, Орта жүзде Семекен мен Күшік, Ұлы жүзде Жолбарыс басқарған қазақ үш жүзінің билеушілерінің арасында біртұтас ұстанымның болмауы барған сайын ыдырай бастаған, кейбір старшындардың берік ұстанымдары ішкі саяси жағдайды ұшықтырды. Ықпалды сұлтандар, старшындар, бір жағынан, іс жүзінде үш жүздің тәуелсіз хандары арасындағы араздық, екінші жағынан ұлтты біріктіру әрекеттерін жоққа шығарды. Сонымен Әбілқайыр ханның Ресейге жүгінуге сыртқы саяси жағдай бірден-бір себеп болды деп айтамыз.

Әбілқайырдың стратегиялық жоспары 20-ші жылдардың аяғына дейін пісіп-жетілді. 1730 жылы қыркүйекте Әбілқайыр хан қол астындағы Кіші жүз руларын Ресей қоластына қабылдауды өтініп, орыс патшайымы Анна Иоанновнаға Уфаға елшілік жібереді.

1731 жылы 19 ақпан күні Анна Иоанновна Кіші жүзді Ресейге өз еркімен кіруі туралы грамотаға қол қойды.

1731 жылы 10 қазанда Кіші және Орта жүз басшыларының съезі өтіп, Әбілқайыр Петербургке қазақтарды қамқорлығына алу туралы өтініш бергенін хабарлады. Сол кезде Тевкелев Әбілқайырдың қол астындағы ру басшылары хан пікіріне өз пікірлерін қарсы қоюға дейін кең дербестікке ие болғандарын атап өтеді. Ресей елшісіне олардың сеніміне кіру үшін түрлі дипломатиялық айла-амалдарды қолдануға мәжбүр болды.

Жиыннан кейін Әбілқайыр хан, Бөгенбай, Есет, Құдайназар-мырза батырлар және тағы басқа 27 беделді старшындар Құран кітабында императрицаға адал қызмет көрсетуге ант берді. Бұл жиын қазақ жерінің Ресейге қосылуының басталуын бекітті. Қазақ-орыс қарым-қатынастарының жандану кезеңі басталады. XVIII ғасырдың 30-40 жылдардың басында орыс-қазақ қатынастары айтарлықтай нығая түсті.

Ант берген Әбілқайыр хан Ресей мемлекетімен достық қарым-қатынас орнатып, көрші башқұрт пен қалмақтардың қазақтарға шабуылдарын тоқтатып, жоңғарлар жаулап алған елді-мекендерді қайтаруды мақсат етті. «XVIII ғасырдың 30-жылдарынан бастап Қазақ хандығының сыртқы саясатын Әбілқайыр, Әбілмәмбет хандар және Төле

би басқарды. Билеушілер маңызды сыртқы саяси мәселелер бойынша бір-бірімен тұрақты байланыста болды, өз мүдделері арасында туындаған қайшылықтарды барынша шешуге тырысты. Бірақ олар әр түрлі этноәлеуметтік, экономикалық және саяси басымдықтарға байланысты оларды түпкілікті шеше алмады. Кіші және Орта жүздердің хандары мен сұлтандарға бағынатын Қазақстанның орталық және шығыс бөлігіндегі тайпалардың көштері Ресейге жақын орналасты. Ұлы жүздің кейбір рулары Жоңғар хандығына тәуелді болды. Хандардың сыртқы саясаты мықты одақтастарды іздеуге бағытталды. Сыртқы саясат мәселелері хан кеңестерінде шешілді, оған барлық елеулі билеушілер – хандардан бастап, рубасылары мен атақты батырларына дейін жиналуға тырысты, – деп атап өтеді зерттеуші К.Хафизова [4, б.9]. Әбілқайыр хан көреген саясаткер бола тұра қалмақтармен болған ауыр соғыстардан қажыған елін бас көтерту үшін дипломатиялық жолдарды тиімді пайдаланады.

«Хан Әбілқайырдың Ресейге қатысты қызметіне баға беруде де, өзін сипаттауда да белгілі бір тарихи әділетсіздік болды, ол тек қана жеке билікке деген құштарлық мүддесі үшін әрекет етті, билеуші ретінде әлсіз де, дәрменсіз да болды. Жоқ, Әбілқайыр ешқашан халықтың мүддесінен алыстаған емес, ол ішкі-сыртқы түйіткілдердің шиеленісуінен мінсіз өтті», - дейді зерттеуші А.Березин [5, б.4]

Ол жоңғарлардың қайта шапқыншылық жасау қауіпі төнген кезде, қалмақтарға, башқұрттарға, хиуалықтарға, 1739 жылы Хиуа мен Бұхара хандықтарын басып алған иран шахы Нәдірге қарсы тұру үшін күшті орталықтандырылған үкімет қажет екендігін білді. Сондықтан Әбілқайыр біріктіруші және көшбасшы бола алатынына сенімді болды.

Әбілқайыр Ресейдің көмегімен жоңғарларды оңтүстік жерлерінен қуып, қазақтың ежелгі астанасы – Түркістанды азат етуге үміттенді, ол үшін Ор, Сырдария сағасында, Електің орта ағысында бекіністер салу керек еді. Бұл былайша айтқанда, тарихшылар жиі айтатын белгілі және ресми шындық. Бірақ Әбілқайырды Ресейге итермелейтін тағы бір себеп бар еді: шын мәнінде башқұрттар олардан кем түспейтін қауіпті болды, әсіресе олардың қолбасшысы Алдар тархан. 1729 жылы қазақтар шегініп бара жатқан жоңғарларды қуып, жеңіске жететін мүмкіндік алғанда, Әбілқайыр әскерлерінің ту сыртынан башқұрттар соққы берді.

Әрине, Әбілқайырдың да Ресей бодандығын алудың жеке жоспарлары болды: Ресей көмегі мен қолдауына сүйеніп, Кіші жүздегі билігін нығайту, ойраттардан Оңтүстік Қазақстан жерлерін қайтарып алуға, жоңғарлардың тұтқынына түскен туыстарын қайтару. Жеңілген жағдайда Әбілқайыр бұдан былай «Ресей патшасы қорғайды» деп үміттенді [6, б. 33].

Әбілқайыр хан – көпвекторлы саясаттың авторы. Бұл саясаттың негізгі қағидаттарын Әбілқайыр 1740 жылдары Ресей мен Жоңғарияға қолданды. Оның саясатына Орынбор губернаторы Неплюевтің қарсылығына тап болған ол әр елге қазақ елшілерін жібере бастады. Деректерде оның Ресеймен бірге Осман империясының бодандығын қабылдап, қызын жоңғар ханына тұрмысқа беріп, сол арқылы саяси одақ жасамақ болған ниеті белгілі.

1741 жылы ойраттар қазақ жеріне қайтадан басып кірді. Жоңғариямен қарым-қатынасты реттеу үшін орыс елшілігі 1742 жылы К.Миллер бастаған Ургаға елшілік жіберуге мәжбүр болды. Жоңғар-орыс қарым-қатынастарының шиеленісуі орыс патшайымының 1742 жылғы 30 қыркүйектегі «Қырғыздардың Жайық маңына көшіп-қонуға тыйым салу туралы» жарлығымен тұспа-тұс келді. Бұл жарлық бойынша қазақтарға Жайықтың оң жағалауына көшуге тыйым салынды.

Патша өкіметінің бұл қадамы көшпенділер арасында үлкен наразылық тудырды. Осының салдарынан Әбілқайыр мен Орынбор әкімшілігінің қарым-қатынастары шиеленісе түсті. Орынбор губернаторы И.Неплюев ханды өзіне бағындырып, оның

даладағы ықпалын азайтуға тырысты. Осы мақсатта Әбілқайырдың ұлын сұлтан Қожахметті аманаттықта ұстады. Неплюев Әбілқайырды қазақ даласындағы орыс саясатын бұлжытпай жүргізетін хан ретінде үміттенсе, хан болса орыс әкімшілігінің көмегімен даладағы өз ықпалының қолдауына сенім артты. Әбілқайыр баяғыда Орта жүздің хандық әулетімен, атап айтқанда Барақ сұлтанмен бақталастыққа түскен. Осыны білген Орынбор әкімшілігі қайсысы болсын дала билеушілерінің күшеюіне жол бермей, жан-жақты қарсы тұруға тырысты. Ресейдің қазақ даласындағы жағдайын одан әрі нығайтуға үміттеніп, қазақ билеушілерін өзара бәсекелестікке итермеледі.

Әбілқайыр Орынбордағы орыс әкімшілігімен қарым-қатынастары салқындаған кезде башқұрттарға, Еділ қалмақтарына және орыс қоныстарына бірнеше рет жорық жасады.

1745 жылы Қалдан Серен қайтыс болғаннан кейін оның 15 жасар ұлы Цеван Доржи Аджи Намжил билікке келеді. Ол Әбілқайырдың қолдауын қажет етіп, қызын алмақшы болды. Ресей алдында қазақтар мен жоңғарлардың бірігуі қауіпі төнді. Сол кездегі орыс шенеуніктерінің құжаттарында екі халық біріксе, елдің шығыс шекарасында сансыз көшпелі ордалардың қайта пайда болу қауіпі туралы айтылады.

1747 жылы Әбілқайырға дипломатиялық миссиямен Тевкелев жіберіледі. Елші ханмен кездескен кезде ең алдымен қазақтардың Ресейдің шекаралас аудандарына шабуылын тоқтатуға және орыс тұтқындарды босатуға қол жеткізуі керек еді.

1748 жылы шілдеде Орск бекінісінде Кіші жүз ханы Тевкелевпен кездесуі өтті. Әбілқайыр бүкіл отбасымен және жақын серіктерімен келіп, Ресейге адалдығын көрсетті. Жалпы Әбілқайыр мен орыс әкімшілігінің арасындағы қарым-қатынастың қалыпқа келуі байқалды.

Орскіден шыққан Әбілқайыр хан И.Неплюевке кек ұстап, Орынборға соқпай кетеді. 1748 жылы тамыз айының басында еліне қайтып бара жатып, Барақ сұлтанға жолығады. Екеуінің арасындағы айқаста Барақ Әбілқайырды өлтіреді. Бұл оқиға руаралық қақтығыстардың салдары емес еді. Екі ірі тұлғаның – Әбілқайыр мен Барақтың – ұстанымдары және жеке даралық қасиеттерінің арқасында бақталастыққа негіз болып, қайғылы жекпе-жекке әкеліп соқты.

Әбілқайырдың моласы Ұлқояқ өзенінің бойында, Қобыр өзенінің сағасына қарама-қарсы жерде, ханның өзі ерекше жақсы көретін қоныс көші жерінде орналасқан. Әбілқайырдың үлкен ұлына «Қайда өлсем, сонда жерленем» деген өсиеті бар. Бұрынғы дала билеушілерінен айырмашылығы, ол дәстүрлі жерлеу орындарды қаламады, Әбілқайыр ерекше әрекет жасады.

Әбілқайырдың қарама-қайшы тұлғасы өз алдына Еуразияның қойнауындағы тарихи жолдардың торабында болды. Уақыт дала билеушілерін сан қырлы етті. Хан Әбілқайыр қолбасшылық өнерді де, дипломатиялық дарындылықты да қатар үйлестірді. Ол өз дәуірінің өкілі бола отырып, сол кездегі әдет-ғұрыптар мен салт-дәстүрлердің, қадір-қасиет ұғымдарының және Шыңғыс билеушісінің жазылмаған арнамысының жарқын үлгілерінің бірі болды.

Тарихтың осы кезеңінде Орталық Азия әр түрлі халықтар мекендеген, билеушілері бір-бірімен бейбіт қарым-қатынаста бола бермейтін көптеген иеліктерге бөлініп, бытыраңқы болды. Бұл жағын Сенаттың Бас хатшысы И.Кирилловтың өз баяндамасында атап өтіп, Ресейдің Азиядағы үстемдігін бекіту жобасын үкіметке ұсынғаны бекер емес еді [7, б.7]. Осы жағдай көршілес мемлекеттердің (Жоңғар хандығы, Парсы мемлекеті және т.б.) Орта Азия халықтарының істеріне араласуға қолайлы жағдай туғызды. Бұл жөнінде Кіші жүздің ханы Әбілқайырдың да жоспары болған.

Қазақ жасақтарының Жоңғар хандығына қарсы соғыстағы алғашқы ірі табыстарына қарамастан, Әбілқайыр хан және басқа да қазақ қолбасшылары Бұланты

өзені бойындағы шайқастан кейін Орталық Азия бағытына ауысты. 1731 жылдың 6 қазанда Ырғыз өзені бойындағы жазғы ордасында қазақтардың соңғы кездегі сыртқы жауларына қарсы күресі туралы Әбілқайыр хан А.И.Тевкелевке «Мен Жоңғариямен ұзақ мерзімді соғысқа қанағаттанбай, Бұхарамен соғыса бастадым. Алайда енді олар Бұхара және Хиуамен татуласты» [8, б.47]. 1720-1730 жылдардағы қазақ ханының Орталық Азиядағы әскери әрекеттері туралы нақты мәліметтер жоқтың қасы, сондықтан негізінен дереккөздердің жанама деректерге сүйене отырып, аталған оқиғалардың нақты бейнесін шамамен ғана қалпына келтіруге болады. Өлкенің оңтүстігіндегі әскери-саяси жағдайдың өркендеуіндегі мұндай бетбұрыс үшін 1725 жылы Кіші және Орта жүздердің көптеген көшпелі руларының Хиуа мен Бұхараға бей-берекет қашуы және олардың кейінгі жылдары Қазақстанға іргелес елдерде қалып кетуі қазақтардың ауыр материалдық және тұрмыстық қиыншылықтарды бастан кешуге мәжбүр етті. Орта жүздің Арғын руы Шақшақ тайпасынан шыққан атақты Бөгенбай батырдың естеліктерінде оның руластарының 1720-жылдардың аяғына қарай Орта Азия иелігіндегі жерлерде материалдық жағдайы соншалық қиын болғаны, көпшілігінде «бір-бір жылқы немесе бес-он қой ғана болған» дейді.

1720 жылдардың басында жоңғар шапқыншылығы қарсаңында қазақ даласы мен оған іргелес Орта Азияның аймақтарында әскерлер, Бұхара хандығындағы ішкі саяси жағдай жергілікті өзбек руларының хан тағы үшін кескілескен талас-тартыстардың жаңадан өршуіне байланысты күрт күрделене түсті. Кенегес руынан шыққан ханның бұрынғы аталық Әбілфайз Ибраһимбек өзінің жақтастарының қарулы жасақтарымен Бұхараның жоғарғы билеушісіне қарсы шығып, 1722 жылы Самарқанд қаласын басып алып, осында Хиуа ханы Ширғазидің немере ағасы Раджап-сұлтанды (Режеп) хан етіп жариялады. Одан кейін көптеген өзбек бектері қолдауымен Раджап хан үлкен әскерімен Бұхараға аттанды, бірақ қаланы ала алмады [9, б.78]. Сондықтан енді қазақ хандары мен сұлтандарына жаулап алған жерлерден мол олжа беруге уәде беріп, Әбілфайызға қарсы күресте көмек сұрауға жүгінеді. Жоңғарлар оңтүстік жайылымдарынан Орта Азияға ығыстырып шығарған Кіші және Орта жүз қазақ руларының билеушілері Бұхараның орталық аймақтарына әскери жорық жасау туралы үндеуді қолдайды [10, б.93]. Орта Азия тарихшысы Мұхаммед Әминнің айтуынша, аш және кедей көшпенділер өзін-өзі тағайындаған ханға қосылып, Бұхараға дейінгі құнарлы Зеравшан алқабын түгел басып алған [11, б.12]. Әбілқайыр Тевкелевпен Бұхарамен соғысы тақырыбын қозғай отырып, 20-жылдардың ортасындағы Бұхара оқиғаларын еске түсірді деп болжауға болады. Бұл кезде оған бағынышты Кіші жүз қазақтарының рулары өзін өзі жариялаған Самарқан ханына әскери көмек көрсету, іс жүзінде Бұхарадағы заңды билікке қарсы шықты.

Сонымен бірге, Раджап хан көп ұзамай барлық ықпалынан айырылып, 1730 жылы қайтыс болды. Алайда, Кіші және Орта жүз қазақтарының Бұхараның орталық аймақтарына шапқыншылықтары тағы бірнеше жыл жалғасты.

1727 жылдың аяғында қазақ ақсүйек көсемдерінің әскери-саяси белсенділігі Бұхара иеліктерінен көршілес Хиуаға ауады. Онда хандардың тақ үшін күресі жаңа күшпен өршіді. Әбілқайырды Бұхара хандығындағы билік үшін күресінде Ширғаз хан мен Раджаб сұлтанға көрсеткен көмегі үшін оның күшті де беделді серігі өзбек әмірі маңғыт тайпасынан шыққан Ишмұхаммад биге және Хиуаның көрнекті шонжарларына жақындата түсті. Олар хан тағына ең күшті де ықпалды Шыңғыс әулеттерінің өкілдерін отырғызу арқылы өз елінің аумағында жоғарғы билікті нығайтуға мүдделі болған. Өзбек элитасының бұл бөлігінің саяси мүдделері белгілі бір дәрежеде Әбілқайырдың ниетімен сәйкес келді. Өйткені, қалыптасқан дала дәстүрі бойынша Хиуадағы хан атағын кез келген қазақ Шыңғыс әулетінің өкілі алуы оның әлеуметтік беделін Орта Азия хандықтарына ғана емес, қазақ халқы арасында да едәуір арттырады. 1720-1730-

шы жылдарда Әбілқайыр әулетінің Хиуа хандығының ішкі саяси өміріне ықпалының едәуір күшеюін екі жақтың да саяси мүдделері дәл осы сәйкестігімен түсіндіруге болады.

1731 жылы орыс елшісі А.И. Тевкелевпен келіссөздер кезеңінде де Әбілқайыр хан өзінің немере ағасы Елбарыс басқарған Хиуа хандығын Ресей бодандығына көндіруге ниетті екенін жасырмады. Осы мақсатта ол тіпті баласы Нұралы сұлтанды Хиуаға жібереді, алайда ол Хиуа ханының сарайында дұрыс қабылданбады. Ашуланып Нұралы әкесіне қайта баруға мәжбүр болды. Әбілқайыр бұл оқиғаларға қатты ашуланды. Хиуада баласын қалай қабылдағанын білген Кіші жүз ханы ашуланып, А.Тевкелевке сол зұлымдығы үшін хиуалықтармен соғысатынын туралы айтады. Әбілқайыр өз жоспарын орындау үшін Арал иелігінің билеушісі Шах Темірді өзіне қаратуды ұйғарды, Оған келесі жылдың көктемінде баласы Нұралыны жіберіп, Арал халқын Кіші жүз қазақтармен бірігіп Хиуа хандығына қарсы әрекет етуге көндіруді тапсырды. Әбілқайыр өзінің іс-әрекетіне сенімді болғаны сонша, сыртқы саяси жоспарларын дұшпаннан жасырмады. Нұралы кеткеннен кейін көп ұзамай Хиуаға жолдаған өзбек шенділеріне жазған хатында оларға қарсы соғысуға ниетті екенін айтады. Бірақ сыртқы саясаттағы шектен тыс турашылдық Кіші жүз ханын сәтсіздікке ұшыратты. Хиуа халқы қазақ-өзбек старшиналарын таластырып, оның жоспарын бұзып, сол арқылы Әбілқайыр мен Шах Темір арасындағы жоспарлы одақты бұзды [12, б. 205].

Бірақ бұл сәтсіздік қазақ билеушісінің ұзақ мерзімді стратегиясына әсер еткен жоқ. Әбілқайыр хан Ресейге бодандық алғаннан кейін де Хиуадағы өзін жоспарын құрды. Орынбор экспедициясының бастамашысы Ресейдің Орта Азия аймағындағы мүдделерін ілгерілету жоспарларын жасаған И.Кириллов осыны пайдалануды ұйғарды. Ол Әбілқайыр ханның Хиуаға қатысты жоспарлары Ресейдің Шығыстағы міндеттеріне толық сәйкес келеді деп есептеді.

Оның ойынша, Кіші қазақ жүзінің күшін Ресейдің Үндістанға бару жолына кедергі болған Орта Азия иеліктеріндегі билікті басып алу үшін хиуалықтарға қарсы пайдалану керек, сонда ол өз халқымен бірге оларға соққы беріп, тұтқындарды босатады. И.Кириллов Ресей үшін Хиуа мәселесін шешу үшін аз ғана күштерге үміт артып, Әбілқайыр ханның қазірдің өзінде күшті болғанын және оларға ашуланғанын атап көрсетті, бірақ әскери көмек көрсетуді жоққа шығармай, Әбілқайырға бес жүз казак, екі мың мың башқұрт пен бір батальон солдат әскерімен күшейтуді ұсынды. Одан әрі И.Кирилловтың жоспары бойынша Бұхара хандығы мен Водокшанның (Бадахшан) кезегі келуі керек еді, ол жерде де Әбілқайыр ханның әскерлерін бес мың башқұртпен, бір мың казак әскерімен және солдат полкімен күшейтуді ұсынды.

Кіші жүз бен Хиуа хандығы арасында қарым-қатынас орнату қажеттілігі сыртқы саяси жағдайларға байланысты болды. Хиуалықтар парсы билігінің басқа аймаққа қоныстандырылуынан қорқып, мүмкін қарсылық болған жағдайда көрші халықтардан қолдау іздей алатын. Өз кезегінде, Әбілқайыр ханның Хиуаға қатысты бейбіт саясаты оның ұлы Қожахметті басқа аманатқа ауыстырудан бас тартқан, оның әскери көмек көрсету туралы өтініштеріне енжар қараған Ресей билігімен сол кездегі қолайсыз қарым-қатынастарынан, Сырдария алабында қала салу мәселесін созып тастады. Орыс өкіметіне қысым көрсету мақсатында 1743 жылы ақпанда Кіші жүз қазақтары қалмақ ұлыстары мен Еділ бойындағы балықшылар ауылдарына шапқыншылық жасады, Әбілқайыр Ресей билігімен оның хабарынсыз тікелей қатынас орнатуға тырысқан қарақалпақтарды талқандады [13, б.124].

Орынбор губернаторы Әбілқайыр хан мен оның ұлын Хиуаға деген талаптан бас тартуға көндіре алмады. Кіші жүз бен Хиуа арасында орнаған бейбіт қарым-қатынас қазақтар мен хиуалықтар арасындағы сенімнің нығаюына ықпал етті. 1745 жылы Нұралы сұлтанның Хиуадағы хан тағына шақырылуы кездейсоқ емес.

XVIII ғасырдың басында ғылыми айналымға енгізілген дереккөздердің аздығына байланысты қазақ-қалмақ қатынастары мәселесі ғылыми әдебиеттерде біршама аз қамтылған. Бұл осы кезеңге қалмақтар мен қазақтардың қарым-қатынасы туралы мәліметтердің басым бөлігі басқа деректерден, мысалы Осман империясымен дипломатиялық хат алмасудан белгілі. Сонымен қатар, тағы бір қиындық – орыс (қалмақ) және ортаазиялық (қалмақ) деректерінде кездесетін жоңғарлар мен қалмақтардың ортақ ұқсас атауы. Осы кезеңнің басында қалмақтардың да, қазақтардың да кейінгі барлық әрекеттерінде із қалдырған оқиға орын алды.

Қазақ-қалмақ қатынастарын зерттеген тарихшы И. Ерофеева Шыңғыс тұқымы Әбілқайырдың әлі хан болмай тұрған кезде, қалмақ ханы Аюканың сарайында қызмет еткенін атап көрсетеді [8, б.129].

1700-1715 жылдары қазақтар мен қалмақтар арасындағы дипломатиялық қарым-қатыныстар бірнеше кезеңнен өтті.

1701 жылы қалмақтардың жоңғарлармен болған жағымсыз оқиғасы екі держава арасындағы қарым-қатынастың салқындағанына әкелді. Ресей Солтүстік соғысты бастады. Іс жүзінде қолдаусыз қалған қалмақтар көршілерімен бейбіт қатынас орната бастады. Шамасы, сол кезде қазақтармен және қарақалпақтармен бітімгершілік келісімдер жасалып, нәтижесінде қарақалпақ Шыңғыс тұқымынан Хасан (Есіл мен Қарасақалдың әкесі) мен қазақ Әбілқайыр қалмақтардың аманаттарының қатарында болған. Сонымен қатар, Аюка Осман империясымен дипломатиялық қарым-қатынас орнатты.

1704-1708 жылдары қазақ пен қалмақ арасында іс жүзінде ешқандай қақтығыс болмаған. Қалмақтар патша әскерлерінің башқұрттарға қарсы соғыс қимылдарына қатысты.

1709-1710 жылдары қалмақтар қазақтармен, башқұрттармен, қарақалпақтармен Ресей мемлекетіне қарсы одаққа кіріп, Осман империясының қолдауына ие болды. Бірақ бұл ретте Аюка Ресей билігімен келісім-шартқа отырып, қос ойын ойнайды.

1711-1715 жылдары қалмақтар қазақтармен, башқұрттармен және қарақалпақтармен келісімді бұзып, қазақтар мен кубан ноғайларына, сондай-ақ башқұрттардың өздеріне шабуыл жасады. Қалмақтар Ресей жағына шықты. Қазақтар мен қарақалпақтар қалмақтарға шапшылық жасады, бірақ жоңғарлармен соғыс олардың бір майданға шоғырлануына мүмкіндік бермеді. Нәтижесінде 1715 жылға қарай қазақтар өздерінің сыртқы саясатын антиресейліктен бітімгершілікке түбегейлі өзгертті.

Бірақ осыдан кейін де Кіші қазақ жүзінің ханы Хиуада бекіту жоспарын жасауды жалғастырды. Бұл жолы ол дипломатиялық әрекетке бел буды. 1743-1744 жылдары Кіші жүзде болған князь Урақовтың хабарламасынан Әбілқайырдың ұлы Әділді бұрынғы Хиуа ханы Шатемірдің қызына құда түскені белгілі. 1743 жылы қарашада Әбілқайыр ханға екі жақты қарым-қатынас орнату туралы келіссөздер жүргізу мақсатында Хиуадан елшілер келді, «олар бір-бірімен келісімде және бейбіт өмір сүру және Қайсақ Ордасы арқылы елшілер мен саудагерлер Ресей жағына өтіп, олар өзара еркін сауда жүргізу үшін». Бұған қазақтардың Ресеймен сауда-саттықты тығырыққа тірейтінін түсінген хиуалықтар да көбірек мүдделі болғаны анық. Хиуа елшілері Кіші жүз ханына оның немере інісі Дусалу сұлтан мен бұрынғы хан Шырғазының қызы арасындағы әулеттік неке туралы келісімдерді бекітуді ұсынады. Әбілқайыр хиуалықтардың бітімгершілік ұсыныстарын қабылдады. 1743 жылы 25 желтоқсанда Хиуаға елшілерін жіберіп, оларға Хиуамен тату көршілік, сауда қатынасын орнатуды тапсырды, «сондықтан Әбілқайыр хан қалмақ әйелінен қызын Хиуа ханы Қарақусқа, ал немере інісі Дучулу Салтанға бұрынғы Хиуа ханы Шырғазының қызын алған. Сондай-

ақ Кіші жүз ханы Парсы шахына 1740 жылы тұтқынға алынған бұрынғы Хиуа ханы Илбарстың әйелін қайтару туралы өтінішпен елшісін жібереді» [13, б. 68-69].

1721 жылы атаман Балмашнов бастаған қазақтар мен қалмақтар Ойылға дейін қазақ даласына жорық жасап, қарсыластарды тұтқынға алды. 1722 жылы қаңтарда шабуылын ұйымдастырады. 300 атты қазақ Шағын өзені бойындағы қыстақты талқандап, 70 казакты тұтқынға алды. Қазақтар орыс казактардың қысқы жорығын күткен жоқ, олар ақпан айында Яицк қаласының түбінде жылқы табынының барлығын ұрлап әкетті, сондықтан қазақтардың шабуылдаушыларды қууға ештеңесі қалмады. Сонымен қатар, өрт бүкіл астық қорын жойды, аштық басталды, қазақтар жертөлелерде өте қиын қыстан зорға аман қалды. Сол жылы I Петр қазақ даласын жаулап алуды тоқтату туралы шешім қабылдады. Оның бас жоспарында қысқа мезгілде Қазақстанды бағындыру болды.

In the appeals of the prisoners to M. Shokai, there is a clear understanding of their resentment for the tragedy that the monstrous changes of the broad reforms brought to their lives.

M. Shokai himself did not take the initiative to form an army from Turkestan prisoners and send them to the front on the side of the Germans. Speaking to the Turkestan prisoners of war in the Suvalki camp with a tear in his heart, he said: "My main goal is to employ you in various special jobs in order to obtain the profession necessary to build our future homeland – Turkestan"

According to the list provided by M. Shokai, most of the Turkestan captives became employed in peaceful jobs offered by the Germans. And in 1942 Created in August, the "Legion of Turkestan" team was forced to join, whether they wanted it or not.

K. Esmagambetov and A. Akhmet write that only Mustafa Shokai came to the aid of the turkestans in the German camps. On behalf of the German command, which intended to use prisoners for their own benefit, he visited concentration camps on Polish soil to collect the necessary information. In August-November 1941, he visited the camps of Prostken, Suvalki, Pagegen, Debisa, Deba, Yaroslava, Lemberg, Ebenrod, etc., where he got acquainted with the situation of Turkestan prisoners. In the library of the National Institute of Oriental Languages and civilizations of France, M. Shokai's personal archival fund contains a variety of

documents on the conditions under which the Kazakh, Uzbek, Kyrgyz, Turkmen and Tajik youth were captured. One of them is the document "Mustafa Shokai's service in Germany in 1941: contacts with prisoners of war – residents of Turkestan", written on the basis of information received from Turkestan prisoner.

Kazakh prisoners who were members of the "National Committee of Turkestan" used the instructions of the Germans to "foster a sense of nationalism in their people" to promote Kazakh history and culture. For example, at that time, Mazhit Aitbayev wrote the saga about Abylai, conducted a study of the structure and artistic features of Abai's poems; H. Abdullin expressed his longing for his homeland in a poem, went through hell and translated the famous Georgian poem "Zholbarys tongi zhinakez" into Kazakh; H. Tynybekov made a report in which he expressed concern about the fate of the Kazakh language.

Volume 11 of the complete works of M. Shokai presents Mustafa Shokai's requests written on papers received by some Turkestan prisoners of war, and a list of Turkestanians drawn up for the purpose of employment in the German administration. M. Shokai clarifies the data in his articles published in the press that he did not intend to form troops from Turkestan prisoners and fight them on the side of the Germans. According to the data of the shokaite studies, according to the lists in German with the camp number and specialty of the prisoner, it was established that 1592 people from Lemberg, Yaroslava, Debitsa-Kochanovka, Deba-Maidan, Oflag 325 were recommended for employment by Mustafa Shokai in his report to Geibel, the head of the commission for determining the year of birth, nationality, profession of Turkestan prisoners in the camps.

Prisoners of war were not limited to suffering in Nazi camps, but were necessarily subjected to Stalinist punishment. In particular, the Turkestan Legion has become a special topic. Speaking of Mustafa Shokai's visit to the prisoner camps in Soviet historiography, G. Kokebayeva considered Mustafa Shokai as the creator of the Legion. In the summer of 1941, among about 600 people in 25 commissions created with the aim of visiting prisoner camps, determining the number of prisoners and orienting their moods, there were representatives of all Soviet peoples-political emigrants... In the fall of 1941, Mustafa Shokaiulu came from Paris to join the commission." However, Shokai did not come to Germany of his own free will; he was brought from Paris at the insistence of the Ministry of the East. From the memoirs of Maria Shokai, it follows that Mustafa Shokai was captured by the Nazis in France on June 22, 1941, and later released. In early August, the military arrived and took him to Berlin. A letter sent by the Wehrmacht high command to the Foreign Ministry on November 20, 1941, also indicated that the commissions' tour of the camps began in August. In the memoirs of Maria Shokai, it is said that Mustafa Shokai openly protested against the plight of Turkestan prisoners in the camp and wrote a letter to the German administrative positions, gave it to V. Kayum for submission to the appropriate places, and gave a copy of this letter to Maria Shokai Kayum, who came to Berlin when Mustafa Shokai's death".

M. Shokai was not limited to Turkestanis, he extended a helping hand to everyone, regardless of their nationality and religion. A former member of the State Duma of Russia, Minister of Internal Affairs of Georgia, in 1942, A. Chenkeli spoke fervently about the activities of M. Shokai in that period (1941): "During the Soviet-German war, in one of the prisoner-of-war camps, M. Shokai saved dozens of young Georgians who were perceived by the Germans as Jews and sentenced to death. He risked his life to explain a terrible mistake and stop the execution of the sentence.

Attempts to find fault with the work and personality of Mustafa Shokai, the great fighter and ideologist of the national independence of Turkestan peoples, often arise from the philistine view of the Soviet ideology, which treats Soviet prisoners of war as "traitors". The authors of such opinions do not hesitate to take into account the complex situation at the beginning of the war and other factors that created the phenomenon of prisoners of war. The

fact that the Soviet troops suffered equally heavy losses on all fronts during the summer and autumn months of 1941 determines how the Soviet soldiers were captured by the Germans, and in particular, the human factor played an important role here.

From August 26 to December 9, 1941, Mustafa Shokai visited the German camps of Debitsa, Suvalki, Lemberg, Yaroslava, Deba, Prostok, Ebenrod, Pogegen, Chenstokhov and others. According to the general mobilization in them, nine out of ten Turkestan prisoners taken to the front did not know how to hold and use rifles. In the event of war, as M. Shokai said, the conscripts, "even a certain percentage of professional Red Army men do not know the rifle. Many turkestanians carry out military service outside the military ranks: in a caravan with carts, as a shepherd, as a nurse, in a warehouse, as an intendant".

Lists of prisoners in German camps from September to December 1941 were compiled by Turkestan captives. M. Shokai himself directly involved in the compilation of a list of 50-60 people only in two cases. These unique documents, which contain information about the name, year of birth, motherland, social surname, profession, education, in some cases, the year of invitation, are analyzed by M. Shokai in two directions: first, in order to verify the correctness of the conclusions made during the twenty-year struggle abroad for the creation of the Turkestan national state; secondly, for the selection of candidates from prisoners for employment. In both cases, M. Shokai believed in the correctness of his position.

On November 10, 1941, Mustafa Shokai completed the first version of a list of only 471 people to present to the Geibel Commission. However, the final list of who was nominated for what position was made in German. However, those who were selected from the Turkestanians in the Czestochowa camp were not included in this document since Mustafa fell ill and later died in hospital his way back to Berlin.

According to the lists in German with the prisoner's camp number and specialty, it is established that Mustafa Shokai recommended 1,592 people to the Geibel Commission for employment from Lemberg, Yaroslava, Debitsa-Kochanovka, Deba-Maidan, Oflag 325 [15, p. 59-67].

Among the prisoners of Turkic origin, Mustafa Shokai was used for propaganda work. When visiting the camps, Shokai's mood did not match their purpose. Fascist looked at M. Shokai with suspicion. "If there is a document accusing M. Shokai in the Russian archives, why has it not yet been published?" In the German archives, I saw a letter from the USSR State Security Committee with an order to the GDR Ministry of State Security to collect materials on Tatar emigrants, but there was no such order in connection with Mustafa Shokai. Thus, G. Kokebaeva concludes that the representation of Mustafa Shokai as the founder of the Turkestan Legion does not correspond to reality.

Conclusion

In summary, those captured during the Second World War and called as prisoners of war represent a special category. The reasons for their imprisonment, its consequences and the trampling of their civil rights during captivity, as well as the fact that they were persecuted by totalitarian authorities after their release from captivity and return to the country constitute an entire historical problem. The time is near for the people of Kazakhstan, who experienced the terrible fate of those prisoners, to be given full political vindication.

It was issued on December 17 and included Turkmens, Uzbeks, Kazakhs, Kyrgyz and Karakalpaks. 1942 Turkestan Battalions were formed initially first. Regarding the activities of this legion, Soviet ideology conducted a great deal of propaganda against the Shokai.

Relying on prisoners of war, the Nazis aimed to incite ethnic enmity among the peoples of the USSR. In the fall of 1941, commissions for Soviet prisoners were created in German camps, and a list of "Turkic-Muslim" prisoners of war of the Red Army was drawn up. The order on the creation of the camps was issued on December 17, 1941 and included Turkmens, Uzbeks, Kazakhs, Kyrgyz, Karakalpaks. At the beginning of 1942, the first Turkestan

battalions were established. In relation to the activities of this Legion, the Soviet ideology carried out a great propaganda work against Mustafa Shokai.

Rescuing prisoners of war from concentration camps, Mustafa Shokai offered to employ them only in peaceful professions, and did not recommend anyone for military service. At the same time, Shokai had nothing to do with the selection of prisoners for the Turkestan Legion. This process began in 1942. At that time, Mustafa Shokai was not among the living. Thus, there is no basis for the words of those who defend the deep humanistic step of Mustafa Shokai, who helped the Turkestan prisoners and fought for their survival. As the saying goes, "It uredi, keruen koshedi (The dog barks, the caravan moves)", the selfless act of Mustafa Shokai to save from death the representatives of Turkic peoples, including the Kazakh people, who were captured by the German fascist invaders is regarded as a great contribution to the Turkic peoples and will remain in historical knowledge forever.

We see that Mustafa Shokai's socio-political and creative activities for the independence and unity of the Turkic peoples ended with his selfless work to save the prisoners of World War II from the impending death. We think that even this terrible argument makes Shokai's personality higher than others.

As a conclusion, we were convinced that Soviet historiography in the matter of prisoners of war was aimed at justifying the illegal repressive actions that were used against them, accusing them of "betrayals of their homeland." Now it is clear that the activities of the "Turkestan Legion" in relation to Kazakhstani prisoners of war were so exaggerated that they came up with one of the most disgusting forms of prosecution. Among them, we can mention the popularization of the famous novel by such writers as S. Shakibayev. In recent years, the search and presentation of original archival data on prisoners of war has updated historical knowledge about prisoners of war and formed new views.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Шәкібаев С. Үлкен Түркістанның күйреуі. - Алматы : Жазушы, 1968. - 264 б.
2. Есмағамбетов К. Мұстафа Шоқай және түркістандық соғыс тұтқындары. /Ана тілі газеті, 23 - маусым, 2016 ж., 4-5 бб.
3. Есмағамбетов К.Л. Мұстафа Шоқай және түркістандық соғыс тұтқындары. Мұстафа Шоқай и военнопленные - туркестанцы. Сборник документов и материалов. –Алматы: «Арыс», 2019. - 150 с.
4. Көкебаева Г.К. Мұстафа Шоқай және Еуропадағы түркі эмиграциясы // Ұлы дала тарихы: тарихтан қазіргі заманға дейін». Халықаралық Еуразиялық форумның материалдары. 1-том / Жалпы ред. басқарған Е.Б.Сыдықов. – Нұр-Сұлтан: Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, 2019. – Б.142-148 б.
5. Сманова А.М. Түркістан мұхтариятындағы саяси ұйымдардың қызметі // Алаш мұрасы және Қазақстан қоғамындағы рухани жаңғыру: сабақтастық мәселелері. – Алматы: Қыздар университеті, 2017. – 65-70 б.
6. Асташкин Д., Епифанов А. Холодная осень пятьдесят пятого // Историк. -2020. -№ 9 (69)., сс. 21-28.
7. Көкебаева Г. «Соғыс тұтқындарының саны толық анықталған жоқ» //Заң газеті. 09.05.2020, 3 б.
8. Алдажұманов Қ.С. Тұтқындағы қазақ жауынгерлері және Түркістан легионы (1941-1945 жж.). //Отан тарихы. 2016, № 4 (76)., 41-60 бб.
9. Садыкова Б.Н. История Туркестанского легиона в документах. –Алматы, «Қайнар», 2002, - 148 с.
10. Шілдебай С.Қ. «Ұлы Отан» соғысы тарихының кейбір мәселелері // Победа советского народа в Великой Отечественной войне 1941-1945 гг. и современность. Конференция жинағы. – Алматы: КазНПУ им. Абая, 2010. – 302-309 б.

11. Көкебаева Г. «Үлкен Түркістан»: деректер не дейді? // Егемен Қазақстан, 2021 жыл, 2 маусым, 3-4 бб.
12. Mustafa Şoqaydın memleketşildik muratı: tarıxı tağılım men sabaqtastıq» xalıqaralıq ғылімі-täjiribelik konferenciyanıñ ғылімі еңбектер jınağı, - 2023 jıl, 17 qaraşa, Qızılorda. 334 b.
13. Gilyazov I.A. Legion «Idel'-Ural». Predstaviteli narodov Povolzh'ya i Priural'ya pod znamenami «Tret'yego Reiha». – Kazan': Tatarskoe knizhnoe izdatel'stvo, 2005. – S. 104-105.
14. Äbdiwaqap Qara, Ed., Keñes Odağınñ Türki Älemi Sayasatı Mustafa Şoqay (Francwzşa Tañdawlı Maqalaları). İstanbul: Doğu Kütüphanesi, 2023.
15. Sayası qwğın-sürgin qurbandarın tolıq aqtaw jönindegi memlekettik komıssıyanıñ materialdarı XX ғasırdıñ 50 jıldarı. T. 33.

LIST OF REFERENCES

1. Şäkibaev S. Ülken Türkistannıñ küyrewi. - Almatı : Jazushi, 1968. - 264 b.
2. Esmäğambetov K. Mustafa Şoqay jäne türkistandıq soğıs tutqındarı. /Ana tili gazetı, 23 - mawsım, 2016 j., 4-5 bb.
3. Esmäğambetov K.L. Mustafa Şoqay jäne türkistandıq soğıs tutqındarı. Mwstafa Şokay i voennoplennie - twrkestanı. Sbornik dokwmentov i materialov. –Almatı: «Arıs», 2019. - 150 s.
4. Kökebaeva G.K. Mustafa Şoqay jäne Ewropadağı türki émigraciyası // Ulı dala tarıxı: tarıxtan qazirgi zamanğa deyin». Xalıqaralıq Ewraziyalıq forwmnıñ materialdarı. 1-tom / Jalpı red. basqarğan E.B.Sıdıqov. – Nur-Sultan: L.N. Gwmilev atındağı EUW, 2019. – B.142-148 b.
5. Smanova A.M. Türkistan muxtarıyatındağı sayası uyımdardıñ qızmeti // Alaş murası jäne Qazaqstan qoğamındağı rwxanı jañğırw: sabaqtastıq мәseleleri. – Almatı: Qızdar wniwersiteti, 2017. – 65-70 b.
6. Astaşkın D., Epifanov A. Xolodnaya osen pyatdesyat pyatogo // İstorik. -2020. -№ 9 (69). 21-28 pp.
7. Kökebaeva G. «Soğıs tutqındarınñ sanı tolıq anıqtalğan joq» //Zañ gazetı. 09.05.2020, 3 b.
8. Aldajumanov Q.S. Tutqındağı qazaq jawıngerleri jäne Türkistan legioni (1941-1945 jj.). //Otan tarıxı. 2016, № 4 (76)., 41-60 bb.
9. Sadıkova B.N. İstorıya Turkestanskogo legiona v dokwmentax. –Almatı, «Qaynar», 2002, - 148 s.
10. Şildebay S.Q. «Ulı Otan» soğısı tarıxınñ keybir мәseleleri // Pobeda sovetskogo naroda v Velikoy Oteçestvennoy voyne 1941-1945 gg. i sovremennost. Konferenciya jınağı. – Almatı: KazNPW im. Abaya, 2010. – 302-309 b.
11. Kökebaeva G. «Үлкен Түркістан»: деректер не дейді? // Егемен Qazaqstan, 2021 jıl, 2 mawsım, 3-4 bb.
12. Mustafa Şoqaydın memleketşildik muratı: tarıxı tağılım men sabaqtastıq» xalıqaralıq ғылімі-täjiribelik konferenciyanıñ ғылімі еңбектер jınağı, - 2023 jıl, 17 qaraşa, Qızılorda. 334 b.
13. Gilyazov I.A. Legion «Idel'-Ural». Predstaviteli narodov Povolzh'ya i Priural'ya pod znamenami «Tret'yego Reiha». – Kazan': Tatarskoe knizhnoe izdatel'stvo, 2005. – S. 104-105.
14. Äbdiwaqap Qara, Ed., Keñes Odağınñ Türki Älemi Sayasatı Mustafa Şoqay (Francwzşa Tañdawlı Maqalaları). İstanbul: Doğu Kütüphanesi, 2023.
15. Sayası qwğın-sürgin qurbandarın tolıq aqtaw jönindegi memlekettik komıssıyanıñ materialdarı XX ғasırdıñ 50 jıldarı. T. 33.

ӘОЖ 3:39 (392.5)
ҒТАХР 03.61.91

Г.М. СЫЗДЫҚОВА

ф.ғ.к., Ө.Жәнібеков атындағы Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университетінің доценті, Шымкент қ., Қазақстан (E-mail:gaukhar.syzdykova@mail.ru)

Г.Ж.ПРИМКУЛОВА

тарих ғылымдарының кандидаты,
Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің доценті e-mail:gaukar.primkulova@ayu.edu.kz

ДӘСТҮРЛІ ҚАЗАҚ ҚОҒАМЫНДАҒЫ ӘМЕҢГЕРЛІК САЛТЫ

Аңдатпа. Мақалада қазақ халқының ежелгі замандарда пайда болып, қазіргі тұрмыста да ара-кідік орын алып отыратын «әмеңгерлік» салты туралы баяндалады. Қазақ даласын зерттеген орыс және қазақ этнографтарының, ғалымдардың еңбектері негізге алына отырып, бұл салттың мәні мен мазмұны терең зерделенді. Әмеңгерлік салт күйеуі өліп жесір қалған әйелдің одан арғы жеке басының тағдырын, соған қатысты балалары мен күйеуінен қалған мал-мүлік мәселелерін шешті. Авторлар жесір тағдырын шешкенде қазақ қоғамының алдымен жесір мен оның балаларының жағдайын ескергеніне назар аударады және марқұмның балаларының жетім қалмауы, жесірдің қорғансыз қалып, көз-түрткі болмауы мәселелерінің қалай шешілгендігін талдайды. Мақалада деректер негізінде жесірдің өз ырқынсыз күйеуге берілмегені, қазақ дәстүрінің бұл мәселені жесірге оңтайлы шешкені, бірақ, оның жүріс-тұрысы бақылауда болғаны қарастырылады. Авторлар дәстүрлі қазақ қоғамы әйелдің жүріс-тұрысына шектеу қою арқылы оның абыройын ойлады, руында күйеуінің статусын ала алған жесір қамсыз өмір сүре алды деген қорытынды жасайды. Дегенмен, әмеңгерлік салттың оң жақта отырып жесір атанған қыздарға, яғни, қалың малы төленіп, әлі некелесіп үлгермеген қалыңдыққа қолданылуы әйел тағдырын аянышты етті. Қазақ әдет-ғұрыптарының ішіндегі гуманистік түсініктен келіп шыққан бұл салт дәстүрлі қазақ қоғамында ұзақ уақыт өмір сүрді. Кеңес билігі тұсында әмеңгерлік «феодалдық надандықтың сарқыншағы» ретінде қаралып, ұмытыла бастады, салт-дәстүріміз біржақты бағалауға ұшырады.

Кілт сөздер: әмеңгерлік, салт, дәстүр, қалың мал, дәстүрлі қазақ қоғамы, жесір, әдет-ғұрып, мал-мүлік, жетімдік, әмеңгер құқығы

Г.М. СЫЗДЫКОВА

к.ф.н., доцент Южно-Казахстанского государственного педагогического университета имени Узбекали Жанибекова, г.Шымкент, Казахстан (E-mail:gaukhar.syzdykova@mail.ru)

Г.Ж.ПРИМКУЛОВА

кандидат исторических наук, доцент Международного казахско-турецкого университет имени Ходжи Ахмеда Ясауи (Казахстан, г.Туркестан), e-mail:gaukar.primkulova@ayu.edu.kz

ОБЫЧАЙ АМЕРГЕРСТВА В ТРАДИЦИОННОМ КАЗАХСКОМ ОБЩЕСТВЕ

Аннотация. В статье рассматривается обычай «аменгерства» казахского народа, возникший в глубокой древности и эпизодически имеющей место в современной жизни. На основе работ русских и казахских этнографов и ученых, изучавших казахскую степь, был глубоко изучен смысл и содержание этой традиции. Обряд «аменгерства» решал судьбу овдовевшей женщины после смерти мужа, а также вопросы детей и имущества, оставленного мужем. Авторы обращают внимание на то, что при решении судьбы вдовы казахское общество в первую очередь учитывает положение вдовы и ее детей, анализирует, как решались проблемы беззащитности и отсутствия поддержки вдовы. В статье на основании данных рассматривается, что вдова, с одной стороны защищалась обычаем от разного рода невзгод и посягательств, с другой стороны, контролировалась и ограничивалась в своём повседневном быту, с точки зрения приличий, считавшихся таковыми в традиционном обществе. Однако применение аменгерства как обряда к помолвленным, но не успевшим вступить в брак невестам делало их судьбу жалкой. В целом, обычай возник из гуманного отношения к оставшейся беззащитной вдове. Однако при советской власти аменгерство рассматривалось как «пережиток феодального невежества», без учёта причин его появления и бытования.

Ключевые слова: аменгерство, обычаи, традиции, калым, традиционное казахское общество, вдова, обряды, имущество, сиротство, право аменгера

SYZDYKOVA G.

Associate Professor of the South Kazakhstan State Pedagogical University
named after Uzbekali Zhanibekov,
Shymkent, Kazakhstan (E-mail:gaukhar.syzdykova@mail.ru)

PRIMKULOVA G.

Candidate of Historical Sciences, Associate Professor Khoja Akhmet Yassawi International
Kazakh-Turkish University (Kazakhstan, Turkistan), e-mail:gaukar.primkulova@ayu.edu.kz

THE CUSTOM OF AMENGERERS IN TRADITIONAL KAZAKH SOCIETY

Abstract. The article tells about the custom of the Kazakh people “amengerlism”, which arose in ancient times and is occasionally preserved in modern life. Based on the works of Russian and Kazakh ethnographers, scientists who studied the Kazakh steppe, the meaning and content of this rite was revealed. The Amenger rite decided the further personal fate of the widow, as well as the related problems with children, livestock and property left by the deceased husband. Based on the data, the article considers that the widow, on the one hand, was protected by custom from various kinds of hardships and encroachments, on the other hand, she was controlled and limited in her daily life, from the point of view of decency, which were considered as such in traditional society. However, the application of the “Amengerlism” rite to betrothed but not yet married brides made their fate miserable. In general, the custom arose from a humane attitude towards the remaining defenseless widow. However, under the Soviet regime, amengerstvo was considered as a “relic of feudal ignorance”, without taking into account the reasons for its appearance and existence.

Keywords: amengerism, customs, traditions, kalym, traditional Kazakh society, widow, rituals, property, orphanhood, amenger’s right

Kіріспе

Қазақ әдет құқығы жүйесіндегі отбасы және неке құқығында әмеңгерлік институты ерекше орын алады. Белгілі этнограф С.Кенжеахметұлы былай деп түсіндіреді: «Әмеңгерлік -салт. Халқымыздың бұрынғы салты бойынша күйеуі қайтыс болғанда оның жесірі «ерден кетсе де елден кетпек жоқ», «аға өлсе - іні мұра» деген қағидамен әмеңгерлік жолмен күйеуінің аға не інісінің біреуіне өзінің таңдауы бойынша тұрмысқа шығады. Бұл дін жолымен де негізделген. Күйеуі өлген жесірді басқа жаққа жібермеудің бірнеше әлеуметтік негізі маңызы бар. Біріншіден, әйел де, оның балалары да туыс-туғанынан бөлінбейді, ру, ел қауымдастығында бірге тәрбие алады. Екіншіден, жесірдің кетуі сол елге үлкен мін саналған» [1, 105]. Сөйтіп, күйеуі өлген әйел қазақтарда «жесір» атанған. Қазақтың салт-дәстүрі бойынша жесір әйел әмеңгерлік салтпенен күйеуінің ағасына немес інісіне тұрмысқа шыққан. Бұл салт әлеуметтік себептерден келіп шыққан. Әмеңгерліктің арқасында әйел мен оның балалары туыстарынан, өз руынан алыс кетпей, сол әулеттің тәлім-тәрбиесінде қалса, екінші жағынан жесірі мен жетімін өзгеге телмірту ру, әулет үшін үлкен мін саналған. Сондықтан, әмеңгерлік көшпелі қоғамда гуманистік түсініктен туған құбылыс.

Өзектілігі

Кеңес билігі тұсында әмеңгерлік «феодалдық надандықтың сарқыншағы» ретінде қаралып, ұмытыла бастады, салт-дәстүріміз біржақты бағалауға ұшырады. Дегенмен, кезінде осы салттың арқасында дәстүрлі қазақ қоғамы жетімдік пен жесірліктің ащы дәмін татпады.

Жесір тағдырын шешкен қазақ қоғамы алдымен жесір мен оның балаларының жағдайын ескерген және марқұмның балаларының жетім қалмауы, жесірдің қорғансыз қалып, көз-түрткі болмауы мәселелерінің шешімін тапқан. Жесір өз ырқынсыз күйеуге берілмеді, бірақ, оның жүріс-тұрысы бақылауда болды. Өйткені, дәстүрлі қазақ қоғамы әйелдің жүріс-тұрысына шектеу қою арқылы оның абыройын ойлады, руында күйеуінің статусын ала алған жесір қамсыз өмір сүре алды деген қорытынды жасаған. Қазақ әдет-ғұрыптарының ішіндегі гуманистік түсініктен келіп шыққан бұл салт дәстүрлі қазақ қоғамында ұзақ уақыт өмір сүрді. Тек, кеңес билігі тұсында әмеңгерлік «ескілік надандықтың сарқыншағы» ретінде қаралып, ұмытыла бастады, салт-дәстүріміз біржақты бағалауға ұшырады. Бұл жерде біздің айтпағымыз өткенге оралу емес, ұлттық дәстүрлеріміздің гуманистік және тәрбиелік жақтарын тану арқылы тамырымызды жоғалтпай, өткеннен сабақ алу.

Мақсаты мен міндеттері

Мақаланың басты мақсаты дәстүрлі қазақ қоғамындағы «әмеңгерлік» құбылысының әлеуметтік және құқықтық, тәрбиелік пен гумандық жағын деректер негізінде зерделеу болып табылады. Осы мақсатқа сай төмендегідей міндеттер алға қойылды: әмеңгерліктің әлеуметтік себептерін анықтау; әмеңгерлік институтының құқықтық негіздерін талдау; әмеңгерлік салтының тәрбиелік және гуманистік қырларын баяндау.

Материалдар мен зерттеу әдістері

Мақаланың теориялық-методологиялық негізін историзм, объективтілік және жүйелі көзқарас принциптері құрайды. Әмеңгерлік салтының мәнін ашу барысында дедукциялық, себеп-салдарлық және тарихи компаративистика әдістері қолданылды. Жұмыстың деректік базасын XIX ғасырларда қазақ даласында болып, қазақ халқының ұлттық салт дәстүрлері мен әдет-ғұрыптары туралы бай этнографиялық мұра қалдырған П.Маковецкий, И.А.Козлов, Л.Ф. Баллюзек, Д.Я.Самоквасов еңбектері құрады. Мақалада Ы.Алтынсариннің, С.Кенжеахметұлының этнографиялық, құқық зерттеушісі Т.М.Культелеевтің еңбектері методологиялық ұстаным ретінде пайдаланылды.

Талқылау

Әмеңгерлік жүйесі қазақтың әдеттік отбасы құқығында кеңінен дамыған және бастауын әріден алатын көне құрылымдық жүйелердің қатарына жатады. Құқықтанушы ғалым З.Ж.Кенжалеивтің еңбегінде төмендегідей көрсетілген: «Табиғи-тарихи және әлеуметтік-экономикалық факторлардың тікелей әсерін сезіне отырып, үздіксіз даму үстінде болған қазақ әдет-ғұрып құқығының келесі белді институты - әмеңгерлік еді. Әртүрлі әдеттердің қалыптасқан дәстүрінің бір түрі ретінде ол ананың үстемдігі заманынан (матриархат) әкенің үстемдігі заманына (патриархат) көшуі кезеңінде пайда болады. Бұл жұптасып некелесудің үстемдігі орнап тұрған дәуірі еді. Әмеңгерлік институты пайда болғаннан кейін ол өзгеріске ұшырамай тұрған жоқ. Алдымен ол әйелдің үстемдігі (матриархат) кезінде өмір сүргендігін ескерсек, демек, бұл кезде жесір қалған әйелдің әмеңгері болып, оның күйеуінің шешесінің жақындары саналды. Бірте-бірте әйел құқығының төмендеуіне байланысты әмеңгерлік құқығы күйеудің туыстарына көшті» [2, 131].

Ежелгі заманнан әмеңгерлік әдет-ғұрып тек біздің ғана емес, сонымен бірге әлемнің көп халқына, соның ішінде еуропалықтарға да белгілі болған. Оған заңгер ғалым Т.М.Культелеевтің мына пікірлері дәлел: «В случае смерти мужа жена передавалась в жены одному и его наследников - близкому родственнику. Такое отношение подтверждается существованием у казахов обычая амеңгерства, который известен у европейских народов под названием «левират» [3, 243]. Әмеңгерлік заңның ежелден келе жатқаны мен сипаты туралы Н.А.Кисляковтың [4, 66-67], Л.Я. Штернбергтің [5, 86-93] еңбектері де көп мәліметтер береді. Бірқатар халықтарда, атап айтсақ, еврейлер мен индустарда, тәжіктерде және басқа да көптеген түркі тілдес халықтарда, атап өтсек, Дағыстан мен Түрікменстанда әмеңгерлік салты ұзақ уақыт сақталған, оған қалым төлеу ықпал еткен. Соның ішінде, протоқазақ қоғамындағы әмеңгерлік институтының қоғамда атқарған рөлі ерекше болды және бұл институтың мәні мен мазмұны да өзгеше еді. Біз әмеңгерлік жүйесіне қатысты нақты тарихи деректерді көбінесе қытай жазбаларынан көптеп кездестіріп жатамыз. Мәселен, онда хундардағы әмеңгерліктің дамуының мәні төмендегідей түсіндіріледі: «Сиуннуларда (хундарда) әкесі өлсе, баласы жесір қалған өгей шешесін алады. Сондай-ақ ағалы-інілі бауырларының бірі өлсе, екіншісі оның қатынын ала береді. Ал олар әкесі мен бауырлары өлгеннен кейін олардың әйелін алса, ол тұқымды құртып алмау үшін алады. Соған орай сиуннуларда қан араласу болғанымен тұқым жалғасы үзілмейді» [6, 45]. Әмеңгерліктің бұл көрінісі өзінің мәнін жоймай, сол қалпында түркілердің заманында жалғасын тапты, әкесі, ағасы, кіші әкесі (әкесінің інісі) өлсе, баласы, інісі және немересі өгей шешесіне, жеңгесіне және тіпті келініне үйлене беретін еді.

Түркілердің тарихымен сан жылдар айналысқан белгілі ғалым Л.Н. Гумилевтің өз еңбектерінде түркілердегі әмеңгерлік мәселесіне де ерекше көңіл қойғанын көруге болады. Мысалы, Л.Н. Гумилевтің «Көне түріктер» деген еңбегінде бұл мәселеге қатысты мынандай деректер келтіріледі: «Мәселен, Ніліхан өлгесін, оның інісі Пошитегін тәж-тоқпен бірге, марқұмның әйелі, қытай ханшайымы Сяныңшиді де алады. Көшпелі халықтарда әйелді әмеңгерлік жолымен алудың екі мәні болған. Біріншіден, үйге жаңа жұмыс қолы келіп қосылады, ол кез үшін бұл әманда пайдалы еді. Екіншіден, әдет-ғұрып жесір әйел құқығын қорғап отырған, өйткені жаңа күйеуі оған қамқорлық жасап, оны өз әйелі ретінде қорғауға тиіс. Кейде мұндай некенің жалған болуы да мүмкін, дегенмен жесір әйел әйтеуір, тағдырдың тәлкегіне ұшырап, далада қалмаған» [7, 71].

Әмеңгерлік көшпелілердің дәстүрлі заңдық институты ретінде тек неке мәселесін ғана реттеп қойған жоқ, ол сондай-ақ адам қайтыс болған кезде оның мүлкінің баласы

емес, оның аға-інілеріне өтуінің белгілі бір тәртібін жасаған. Қазақ даласын зерттеген П.Маковецкий өзінің еңбегінде былай көрсетеді: «Күйеуі өлгеннен кейін жесір әйел қара жамылып, оның орнын бір күтеді. Бірақ құран бойынша жесір әйел күйеуін жүз күн азаласа болғаны борышын ақтағаны саналады. Азалау мерзімі бітіп, әйел маңдайына байлаған қара екшінді шешкеннен кейін әмеңгерлік әңгімесі қозғалады» [8, 14]. Азалау мерзімі біткеннен соң жесірдің тағдыры бірнеше жағдайларға байланысты болды, алдымен әйелдің балалары бар ма, бар болса олардың жасы мен жынысы, әйелдің жасы және оның әл-ауқаты ескерілді.

Әмеңгерлік құқығы қайтыс болған адамға туыстығының жақындығына байланысты шешілді. Ертерек кезде әмеңгерлік пайда болған кезде жесір әйелге өлген күйеуінің туыстарының барлығы әмеңгер болып есептелетін. Бірақ келе бұл дәстүр өзгерді, З.Ж.Кенжалиев зерттеуінде былай деп көрсеткен: «Әмеңгерлік институты пайда болған кезеңде әмеңгерліктің шеңбері кең болды. Оған жесірдің күйеуінің барлық туыстары әмеңгер болып саналатын. бірте-бірте рулық меншік ығыстырылғаннан кейін әмеңгерлердің де шеңбері тарылды. Әдет-ғұрып құқығына байланысты енді әмеңгер болып күйеуінің барлық туыстары емес, ең жақын туыстары саналатын болды.

Орынбор шекара комиссиясы чиновниктерінің 1846 жылғы материалдарына үңілсек XIX ғасырдың басында да бұл құқықтық нормалардың сақталғандығын байқаймыз» [2, 131]. Әйелге құқығы бар үміткерлер ең алдымен өлген адамның аға-інілері болды. Соның ішінде алдымен құқық ағасына және егіз сыңарына берілді. Деректерде былай делінеді: «Егер де жесір қайта тұрмысқа шыққысы келсе, өз күйеуінің туған бауырына, немесе оның жақын туысына ғана күйеуге шығуы керек» [9, 476]. Олар әйелдерінің болғанына қарамастан жесірге үйленуі тиіс болды. Әмеңгерлік кезегі бұлардан соң қайтыс болған адамның ағаларының ұлдарына, әкесінің інілері мен олардың ұлдарына, ең соңынан алыс туысқандарға берілді. Егер қайтыс болған күйеудің ең жақын туысқаны кәмелет жасына жетпеген болса, онда оның отбасының рұқсатымен жесір ол кәмелет жасына толғанша күте тұрды немесе туыстық жақындығы бойынша келесі адамға күйеуге шыға алды.

Жесір әйелге күйеу таңдағанда өлген күйеудің туыстары жаңа күйеудің әл - ауқатын және бұрынғы әйелдерінің санын есепке алды. Заң бойынша еркек тек төрт әйел алуға ғана құқылы болды. Қазақтар өмірін зерттеген И.А.Козловтың еңбегі бұны растайды, ол қазақтардың төрт әйелге дейін алатындығын және әр әйелдің өз отауы мен малы болғандығын атап өткен [10, 33]. Сондықтан жесірге үйленер болса, еркек бір әйелімен ажырасуы керек, болмаса бір әйелін «суфиге» жатқызуы, яғни, онымен жақындаспауы керек. Қайтыс болған адамның ең жақын туысы оның ең үлкен әйеліне үйлену құқығына ие болды. Өте сирек жағдайларда ғана бір адам қайтыс болған адамның барлық жесіріне үйлене алды, көбіне әйелдер мұраға қалған мүліктерімен бірнеше туысқанның қарауын өтті. Әдет-ғұрып бойынша жесірге күйеуді қайтыс болған адамның туысқандары тағайындаған. Бірақ, жесірге өлген күйеуінің ең жақын туыстарының ішінен күйеу таңдауға ерік беріледі [8, 14], онда жағдай Д.Я.Самоқвасов көрсетіп өткендей, төмендегідей шешіледі: «...егер де өлген адамның әйелі үлкен ағасына тұрмысқа шығуға келісімін бермесе, онда жесір таңдаған кіші інісі үлкен ағасына, оған заңмен тиесілі 9 ірі және ұсақ мал, соның ішінде бір жақсы жылқы төлеуге міндетті» [11, 417].

Уақыт өте келе, жесірдің күйеу таңдау құқығы кеңейе түседі. Егер де ХҮІІІ ғасырдың соңы мен ХІХ ғасырдың басында жесір әйел қайтыс болған күйеуінің туыстарынан өзге ешкімді таңдауға құқығы болмаса, ХІХ ғасырдың соңында жесір әйелге күйеуінің бүкіл этникалық тобынан жар таңдауға рұқсат берілді және оны күйеуінің жақын туыстарымен некеге мәжбүрлемеді. Дегенмен, есте сақтауымыз қажет, әдет-ғұрып құқығы көп шешімді болып келді, әмеңгерлік құқығы бойынша үйленудің

«жазылмаған» заңдары көп еді, кейде әйелге жар тандау құқығы берілсе, кейде бұндай құқық оған берілмеді. Туысқандар мен бидің шешімі негізінен нақты жағдайларға байланысты болды, ең алдымен ол - қайтыс болған адамның туысқандарына жесірдің болашақ күйеуінің төлейтін материалдық сыйақысының көлеміне тікелей байланысты шешілді. Бұл мәселені жетік зерттеген авторларға сүйенсек, 1882 жылғы жазылған еңбегінде И.А.Козлов: «Егер жесір марқұм күйеуінің руласына шықса, онда ол әйелдің қайнығаасына бір тоғыз көлемінде ат-шапан айып төлейді, Ал, егер жесір басқа рудың адамына тисе, бар жасауы, мал-мүлкі өлген күйеуінің туыстарына қалады, егер ержеткен баласы болса, мал-мүліктің, жасаудың иесі сол. Ал, балалары кіші болса, кейін балиғатқа толғанда малға иелік етеді» [10, 35] десе, Д.Я.Самоковасов 1824 жылы былай деп көрсеткен «егер жесір қайтыс болған күйеуінің туысқандарына емес, бөтен адамға тұрмысқа шыққысы келсе, оған тыйым салмайды, бірақ оның үй-жайы мен малын күйеуінің туыс жағы өзара бөліп алады, ал, әйелді алған адам қайтыс болған адамның бауырларына 26 әртүрлі мал, соның ішінде бір түйе және бір жылқы берген» [11, 417].

Әмеңгерлік принципі тек некеленгендерге ғана емес, әлі некелесіп үлгермеген қалыңдық пен күйеуге де тән болды. Егер күйеу бала үйленбей жатып қайтыс болып кетсе, онда әлі оң жақта отырған отырған қалыңдық дәл жоғарыда айтылған шарттардағыдай немесе азғантай қалыңмал қосымша төлеумен оның туыстарының біріне күйеуге тиді, көбіне жақын інілеріне. Сөйтіп, қазақтардың әдет-ғұрып құқығы бойынша болашақ күйеуі өлген қалыңдық та жесір аталынды. Бұл туралы Л. Баллюзек еңбегіндегі отыз екі, отыз үш, отыз төрт және отыз бесінші тармақтарынан үзінді келтірсек: «Күйеу өлген жағдайда әмеңгерлік тәртіп жүреді, яғни қалыңдықты өлген жігіттің інісі иә ағасына қосады. Егер әмеңгер жігіт бойдақ болса, бұрынғы төленшен қалыңның үстіне бір жылқы қосады, ал егер әмеңгер үйлі- баранды болса, бұрынғы қалыңға түйе бастатқан тоғыз қосады. Алайда әйелі бар адамға қызын беру-бермеуі ата-ананың еркінде. Кейде қыздың ата-анасы әйелі бар әмеңгерден екі, иә үш тоғыз алу үшін әдейі бұлданады.

Егер марқұм күйеудің артына ерген інісі иә алдында ағасы болмаса, қалыңдықтың шешесі алған қалың малын толық қайтаруға тиіс, тек күйеу қалыңдыққа көзі тірісінде ұрын келген болса ғана қалың малдың жартысын иә бір түйе бастатқан тоғызды алып қалады; Егер қалыңдықтың әке-шешесі бұрынғы қалың малға қосып беретін бір тоғызына иә бір жылқысына қарамастан әмеңгерлерге қызын беруден бас тартса, алған қалың малын шып-шырғасын шығармай қайтаруға тиісті, бұндайда марқұм күйеудің қызға ұрын келген-келмегені есепке алынбайды. Оған қоса қалыңдықтың әкесі уағданы бұзғаны үшін әмеңгер бойдақ болса, бір тоғыз, үйленген болса, бір жылқы айып төлеуі керек; Егер күйеу қалың малын түгел төлеп, той малына дейін апарып, нақ қыз ұзату тойының қарсаңында өлген болса, онда қалыңдық оның жесірі ретінде күллі жасау-жабдық, еншісімен марқұмның әке-шешесінің үйіне түседі де, әмеңгерлердің біреуіне қосылады» [12, 23]. Бұған қосатынымыз қалыңдық әмеңгерге күйеуге шығу үшін бір жыл аза тұтуы керек және қалыңдықтың әке-шешесі күйеудің ата-анасына, қайғысына ортақтасып, «аза» малын әкеледі. Ал, күйеу жігіт бұл кезеңге дейін қайтыс болса, қалыңдық өз үйінде отырып, болашақ күйеуін жоқтайды. Бұндай жоқтауды қазақтар «ақтай жоқтау» деп атайды. Мағынасы қыз атастырылып, қалыңмалы алынса да, әлі болашақ күйеуімен жақын болмаған жағдайды айтатын болуы керек.

Жесір әйелдің екінші рет әмеңгерлік бойынша тұрмысқа шығуы жесір үшін ғана емес, оның туған-туысқандары үшін де қатаң заң болды. Егер әйел күйеуі қайтыс болған соң оның туысқандарының еркінсіз өз ата-анасына оралса, бұл әрекет тірі күйеуінен өз бетімен кетушілікпен теңестірілді. Бұндай жағдайда билер соты әйелдің

туған-туысқандарынан қалың малды қайтаруды талап етті, оның құнын билер сүт ақымен теңестірді. Осылайша, әйел күйеуі қайтыс болған соң әке-шешесіне орала алды, бірақ ол бұндай жағдайда қайтыс болған күйеуінің мүлкіне құқығынан бас тартуы тиіс болды. Сондықтан ата-аналар әруақытта барлық отбасылық мүлкінен және күйеуінің руынан ажыраған қыздарын кері қабылдай бермеді, өйткені жағдайда оларға қыздарын бағып-қағумен бірге, күйеудің туыстарына қалың мал төлеп, ал қыздары қайта күйеуге шығатын жағдай болса, жасау беру керек болды.

Күйеу қайтыс болған соң оның бүкіл мүлкі ұлдары мен жесіріне мұра болып қалды, «қайтыс болған ер адамның артында ұлдары қалып, жесір әйел екінші рет күйеуге шығатын жағдайда, онда ата-анасының бүкіл мал-мүлкі ұлдың үлкеніне бұйырады, ол інілері ержеткенше барлық мал-мүлік пен үйге қожалық етеді. Ал, жесір екінші күйеуіне тек өз киім-кешегімен ғана кетуге тиісті» [13, 31]. Бұл деректен шығатын қорытынды әйел екінші рет күйеуге тимеген жағдайда бүкіл мал-мүліктің жесір мен оның ұлдарының қолында болатындығы. Егер күйеуі қайтыс болғанда жесір қалған әйелдің баласы болмаса шешім төмендегідей жолдармен қабылданған: «Жесір әйелдің етегінен тартқан баласы болмаса және өлген күйеуінің әмеңгерлік ететін туысы болмаса ғана төркініне кете алады. Қайын жұртының рұқсатымен төркініне қайтқан әйел марқұм күйеуінің мал-мүлкінің 1/6 бөлігін әкетуге ерікті» [8, 14]. Бұл мүлік әйел келесі рет некеге тұратын болса, оның сол болашақ күйеуінің меншігіне өтеді.

Өте сирек жағдайларда балалы жесір әйелдер де төркініне қайтты, бұндай жағдайда ол марқұм күйеуінің дүниесінің 1/3 бөлігіне ие болды. Бірақ, қазақтар өз балаларының сыртқа кетпеуіне, өз руында қалуына әрқашан қатты мән бергеннендіктен, бұндай жағдайлар ел арасында сирек кездесті. Жесір елден кетсе де, оның баласының өскенде өз ағайындарын тауып алып жатуы шындық болды. Ал, егер де күйеуге тиетін жесірдің қызы болса, әкесінен қалған бар мал-мүлік, үй қыздың жасауы болып саналады, ал жесір өз төркінінен келген жасаумен, малымен кетеді [13, 31].

Қазақтың әдет-ғұрып құқығы бойынша жесір әйел екінші рет күйеуге шықпауға толық еркі бар, оны сол кезде жазылған деректер былай деп дәлелдейді: «Егер де жесір әйел екінші рет тұрмысқа шыққысы келмесе, оны ешкім мәжбүрлей алмайды» [9, 476]. И.А. Козловтың 1882 жылғы жарық көрген мақаласында: «Ертеректе қазақтар әмеңгерлік салтын қатаң ұстаған. Қазір жесір қайынжұртында қалғанымен оны ешкім қайынағасына иә қайнысына қосуға қыстамайды. Егер жесір баласыз болса, күйеуге тимей жалғыз отыруды қаласа, оған марқұм күйеуінен қалған мал-мүліктің тең жартысы беріледі. Егер жесірдің бауырында баласы болса, күйеуінің бар мал-мүлкіне иелік етеді» - деп жазылған [10, 34]. Жесір әйелдер өмірінің соңына дейін күйеуге шықпай отыра алды. Бірақ, олардың бөтен біреумен байланыспауы қатаң бақылауға алынды. Дегенмен, кейде жасы біразға келіп қалғанымен жесір әйелдердің күйеуге шыққан жайттары өмірде кездесетін болған, оған басты себеп ол күйеуге шыққысы келген адамның да жесір қалуы және екі жартының бірігіп ортақ шаруашылық жүргізу мақсаты еді.

Жесір статусын сақтап қалған әйелдің басты міндетінің бірі - балаларын ешкімге жалтақтатпай, лайықты ержеткізу еді. Ол өз отбасында үй иесі құқығында қалды, оның иығына марқұм күйеуінің барлық шаруашылық бойынша міндеттері артылды. Құқықтық жағынан алып қарағанда бұндай жесірлердің жағдайы күйеуге қайта шығып, жаңа отбасында екінші, тіпті кейде үшінші болып отырған әйелдердің жағдайына қарағанда тұрақты еді. Әдет-ғұрып құқығы бойынша марқұмның ең жақын туыстарының бірі егер оның балалары әлі балиғат жасына жетпеген және мұрасын өз бетінше реттей алмаған жағдайларда жесір қалған әйел мен оның балаларын қамқорлығына ала алатын еді. Бұл жағдайда қамқоршы марқұмның мүлкіне уақытша ие

болды және өздігінше одан жесір мен оның балаларын ұстауға үлес бөліп беріп отырды.

Марқұм көзі тірісінде өзі өлген соң отбасына қамқорлық жасау жөнінде туыстарының біріне өсиет қалдырып кеткен жағдайларда аталған әрекеттер іске асырылды. Әдетте, жесір әйелге қамқорлық жасау формалды сипатта болды, жесір әйел ұлдары өскенше отбасын жеке өзі басқарды. Ұлдарын үйлендірген соң жесір әйел балаларының, қалыптасқан дәстүр бойынша көбіне кіші ұлының қамқорлығына өтті. Ұлының қанша әйелі болса да жесір шеше отбасындағы басты ролін жоғалтпады. Өте сирек жағдайларда әйел жасы біразға келіп қалғанда жесір болып қалса, отбасының бүкіл жұмысын жүргізу ұлдардың қолына өтті де, шешелері олардың шешіміне көп ықпал асай алмады. Әдет-ғұрып құқығы бойынша да егер жесір күйеуге шықпай қалса, оның үлкен ұлы, егер ол балиғат жасында болса, әкесінің барлық жауапкершілігін мойнына алып, кіші інілері мен қарындастарына қамқор болып, қайтыс болған әкесінің міндеттерін атқаруы тиісті еді.

Зерттеу нәтижесі

Жоғарыда айтқандарға сүйене отырып, көшпелі қоғамдағы жесірдің жағдайының қайшылықты болғандығын көреміз, көп нәрсе отбасындағы жағдайға тікелей байланысты болды, А.Е.Алекторовтың сөзімен айтсақ: «жесір шеше мен балаларының қарым-қатынасына, күйеуі қайтыс болғанға дейін әйел отбасында құрметке ие болды ма осының бәрінің ықпалы болды. егер жесір әйелдің ұлдары болмай тек қыздары ғана болса, ол оны қайта тұрмысқа шығудан босатпады. Қыздар шешесімен не жаңа отбасында өмір сүрді не әкесінің туыстарының бірінің отбасында қалды. Бірақ, әйелдің бір ұлы болса болды ол барлық қыздарын өзінде қалдыра алды. Негізінен балаларының шешесімен бірге қалуы оның күйеуге марқұм күйеуінің руласына шыққан шықпағанына байланысты болса керек, егер бөтенге шықса балалар туыстарға қалдырылды, руласына шықса өзімен бірге қалдырылды» [14, 111].

Егер жесір қалған әйел жас және баласы жоқ болса, ол міндетті түрде қайта күйеуге шығуы тиісті болды. Ал, күйеуге шыққысы келмесе, жақын туыстарының баласының бірін асырап алуы керек болды. Сондықтан жесірдің қайта күйеуге шығуы оның жасына, балаларының барлығы мен бала тууға қабілеттілігіне тікелей байланысты болды деген қорытынды жасауға болады. Егер жесір әйел кәрі әрі аурулы, баласыз болса, оны ешкім қайта күйеуге шығуға мәжбүрлемеді. Бұндай жесірлер күйеуінің жақын туыстарының қолында қалып, сонда өмір сүрді. Бұл дәстүр қазақтарда туыстықтың тек күйеу жағынан болатындығының тағы бір дәлелі. Сондықтан болар, қазақтарда кросскузендік неке экзогамиялық тәртіпті бұзғандық болып саналмады.

Екінші некедегі әйелі мен күйеуінің қарым-қатынасы көбіне номиналды сипатта болды. Әмеңгерлік заң болашақ ерлі - зайыптылардың жас ерекшелігін ескере бермеді. бұл туралы өткен ғасыр деректерінен көптеген мәліметтер алуға болады. біз соның бір-екеуіне тоқталып өтелік. Мысалыға, қазақ даласында көп өмір сүрген Ф.Лийдің айтуы бойынша, қазақ қоғамында өзінен 25 жастағы үлкен әйелге үйленген 13 -14 жастағы ұл баланы және сол сияқты, 10-12 жастағы қыздардың өзінен көп үлкен, кейде, тіпті, кәрі шалға тиген жағдайлары кездескен [15, 166]. Қазақ ағартушысы Ы.Алтынсарин де қазақтар арасында ағасы қайтыс болған жағдайда жас балалардың 7-8 жасқа келген балалары болса да, әмеңгерлікпен ағасының әйеліне үйленген жағдайлардың бар екендігін көрсеткен. Ол бұл жағдайда қазақтардың неке шарты бойынша, жесір әйелдің екінші ерімен жас айырмашылығы да, оның тілегі де, сол сияқты басқа дәлелдері де есепке алынбағанын атап өткен [16, 176].

Қазақтардың әдет-ғұрыпında қайтыс болған марқұмның туыстарының әмеңгерлік құқығына бөтен адамның қол сұғуы бүкіл руды масқаралағандық саналып, қазақтарда

көп кездесетін жесір дауын туғызды. Жесірмен өзінің некесін қорғай алмай, жесірді басқа руға жіберген адам қоғамдық жиналыстардағы дауысынан айырылып, ел арасында мазаққа қалды. Қазақ қоғамы бұндай отбасыларды айыптап, кекесінге ұшыратты. Бұндай мазақ тек барымта немес айып төленгеннен соң ғана тоқтатылды. Жоғарыда тоқталып өткенбіз, жесір басқа рудың адамына тисе онда ол барлық мал-мүлкінен айрылып, ол тиген адам марқұм күйеуінің туыстарына айыбын төлейді.

Қазақтарда жесір әйелді марқұм күйеуінің мүлкіне құқығынан айыруды «іргеден шығару» деп аталды. Бұнымен бірге егер жесір әйел бөтен ру адамына күйеуге шықса, ол үйден шығарда марқұм күйеуінің туыстары оның жолына кедергі жасайтын ғұрып болған. Сонда әйел керегені көтеріп, сол жерден шықты және ол үйден ешнәрсе алмай тек үстіндегі киімімен ғана кетті. Бұндай дәстүр қазақтарда жерлеу кезінде ғана пайдаланатын еді, кейде екі өлік шығарылса оның екіншісін есіктен емес, керегеден шығаратын еді. Осылайша өз отбасын тастап кетіп бара жатқан әйел өзін басқа отбасы мүшелеріне тек әлеуметтік қана емес, сонымен бірге символикалық жағынан да қарсы қойды. Жалпы, қазақ қоғамында басқа рудың адамына күйеуге шыққан әйелді тек күйеуінің туыстары ғана емес, өз туыстары да жақтырмады, оны азғындық деп есептеді. Керісінше, күйеуге тимей өз ошағын сақтап отырған әйелдердің статусы жоғары болып, оларға күйеуін естен шығармай, балаларын күйеуден артық көрді деп құрмет көрсетілген. Бұндай әйелге күйеуіне көрсетілген құрметтің бәрі сақталып, оны барлық әдет-ғұрыпқа байланысты жиынарға шақырып отырған. Бұндай жесірдің жасы біразға келген болса, ол тіпті ер адамдар арасында да әртүрлі жиындарға қатыса алды. Бұдан шығатын қорытынды күйеуінің елінде қалған жесірлер күйеуінің қоғамдық статусын иеленді.

Қазақстанда кеңестік биліктің келуімен қазақтың дәстүрлі қоғамының негізін құраған құрылымдар мен жүйелермен ашық күрес басталған болатын. Соның қатарына кеңес өкіметінің әменгерлік дәстүрмен күресін жатқызуға болады. Әменгерлік институтымен күрес туралы нақты ережелер 1921 жылы 17 қаңтарда қабылданған «Қырғыздардың неке құқығы туралы» декретінен көрініс тапты. Зерттеушілер «статья 12 этого декрета была направлена против института аменгерства - нормы адата, согласно которой вдова после смерти мужа становилась женой одного из его братьев или, при отсутствии их, - другого родственника. В этой статье говорилось «Жесір (вдова - ред) вправе располагать собой по своему усмотрению. Она может вторично выйти замуж, хотя бы новый ее муж принадлежал не к тому роду, из которого происходит умерший супруг» [17, 21].

Дегенмен, XX ғасырдың басы мен тіпті кеңестік кезеңде де әменгерлік салты қазақтар арасында түп-тамырымен жойылмады, тіпті қазір де өте сирек жағдайларда арамызда кездесіп қалады. Өйткені, ғалымдар бұл салтты былай деп дұрыс бағалаған: ««Әменгерлік» институты өте көнеден келе жатқан институт. Оның негізгі мәні өлген жақын туысқанның отанын күйретпей, қамқоршылық ету. Әменгер әйелге де, бала-шағасына да қамқоршылық етіп, мал-мүлкіне заңды түрде ие болады» [18, 21]. Расында, қазіргі күнге дейін ел арасында ағайындардың жесір қалған әйелге материалдық көмек беріп, балаларын тәрбиелеуге үлес қосатыны көп кездесетін жағдай.

Қорытынды

Әменгерлік көшпелі қоғамда гуманистік түсініктен туған құбылыс. Ері өліп шаңырағы ортасына түсетін жағдайда өлгеннің отын өшірмеу, жетімін тентіретпеу үшін, ең алдымен «жесірдің» мәселесін дұрыс шешу керек болды. Жесір -жетім қалған ұлдың панасы болса, оның ұлы ру жасағына қол қосатын жанды өндіріс.

Қазақ әдет-ғұрпында ері өліп бағы бастан тайған жесірді әулеттен жібермеуге тырысты, оның бірнеше себептері бар, соларға тоқталсақ: 1) отағасының қазасы ең әуелі сол әулеттің орны толмас шығыны, жесір сол шығынның төлем жалғасы; 2) марқұмның артында қалған ұрпағы, сол әулеттің заңды тұқымы саналады, оның өз әулетінде қалуы орны толмас шығынның орнын толтырудың жалғыз жолы; 3) жесірдің қолында баласы болмаған күнде де, оның өзі сол әулеттің қалың малына алынған рудың меншігі саналғандықтан, оған ерден кетсе де елден кетуге болмайды, ол сол әулеттен бір ерге қосылып орнын жоғалтпауы тиісті; 4) жесірге ие болар ердің сол елден шықпауы, жесірін тентіретіп жіберуі, сол әулеттің тексіздігі іспетті, сүйегіне басылған таңба болады; 5) жесірдің ісі дұрыс шешімін таппаса, әуелі ұрпақ тозады, ұрпақ болмаса, отбасының оты өшеді. Жесір төркініне кетсе, не басқа рудан ер таңдаса, не сүйгенін тауып қашып кетсе, рулар арасында «жесір дауы» туындап, берісі шығын, арысы өліммен тынды. Сондықтан, адамдар оңтайлы жолдарын табуға ұмтылды, соның нәтижесінде әмеңгерлік әдет заңы өмірге келді.

Дәстүрлі қазақ қоғамында әмеңгерлік салттың үлкен әлеуметтік маңызы болды. Оның себебі, ұрпақ өз елінен, өз руынан бөлінбейді, өзге ортаға барып көзтүрткі болмайды және жетімдік көрмейді. Екінші жағынан, құдалар арасы да суымайды, олар ынтымақ-бірліктерін сақтап қалады.

Кеңес өкіметі тұсында «әмеңгерлік қазақ халқының феодалдық надандығын білдіреді» деп келді. Біздің ойымызша, керісінше, әмеңгерліктің арқасында, қазақтың қыз-келіншектері «жезөкшелік», қазақтың дәстүрлі қоғамы «әлеуметтік жетімдік» дегеннің не екенін білмеді. Аманатқа қиянат жасауды «қылмыс» деп білетін қазақ азаматы, әйелді әмеңгерлікке алу арқылы, оның баласын да қамқорлыққа алды, міне, осыдан барып қазақта «тастанды бала» деген атымен болған жоқ. Әмеңгерлік ғұрпының күнгей жағы да бар екендігіне тереңірек көңіл қоймадық.

Ұлт саясаты өрескел бұрмаланған, ата-баба дәстүрін ескіліктің көзі деп қараған сонау жылдары ата салтымыздың көлеңкелі жағына ғана зер салдық. Осы әрекетіміз өз халқының тілі мен салт-дәстүрін құрмет тұтпайтын, ата-бабаларының тарихына менсінбей қарайтын ұрпақтар тобының қалыптасуына жағдай жасады, бүгінде ұлттық әдет-ғұрпы мен тілі шұбарланған елге айналғандаймыз. Қорыта айтсақ, қоғамда қордаланған жоғарыдағыдай мәселелерді ұлттық дәстүрлерімізді өзектендіру арқылы шешу талай қасіреттің алдын алар еді.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

- 1 Кенжеахметұлы С. Қазақ халқының салт-дәстүрлері. - Алматы, «Алматыкітап» ЖШС, 2005. – 284 б.
- 2 Кенжалиев З.Ж. Көшпелі қазақ қоғамындағы дәстүрлі құқықтық мәдениет : (теориялық мәселелері, тарихи тағылымы). - Алматы, Жеті жарғы, 1997. - 192 б.
- 3 Культелеев Т.М. Уголовное обычное право казахов. - Алматы, 2004. - 312 с.
- 4 Кисляков Н.А. Очерки по истории семьи и брака у народов Средней Азии и Казахстана. - Ленинград, Наука, Ленингр. отд-ние, 1969. - 240 с.
- 5 Штернберг Л.Я. Семья и род у народов Юго-Восточной Азии. - Ленинград, Издательство Института народов Севера ЦИК СССР, 1933. – 222 с.
- 6 Сиунну. «Хан кітабы» (Көне қытай жазбаларынан). Аударып, алғы сөзін түзген және құраст. Қ.Салғараұлы. - Алматы, Санат, 1998. - 288 с.
- 7 Гумилев Л.Н. Көне түріктер. - Алматы, Білім, 1994. - 484 б.
- 8 Маковецкий П. Қазақтардың заң орнына жүретін дәстүрлері жөніндегі жазбалар (1886 - жылы жазылған). // Қазақы неке: (Салт-дәстүр жөнінде жазбалар) / Орыс тілінен ауд. Б.Қожабекова. - Алматы, Жалын, 1994. – 64 б.

- 9 Загряжский Г. Юридические обычаи киргиз // Қазақтың ата заңдары: Құжаттар, деректер зерттеулер=Древний мир права казахов. Материалы, документы и исследования. 10 томдық. / Бағдарлама жетекшісі: С.З.Зиманов. Қазақша, орысша, түрікше, ағылшынша. - Алматы, Жеті жарғы. 2006.- 7 том. - 604 б.
- 10 Козлов И.А. Қазақтардың дәстүрлік заңдары // Қазақы неке: (Салт-дәстүр жөнінде жазбалар) /Орыс тілінен ауд. Б.Қожабекова. - Алматы, Жалын, 1994. – 64 б.
- 11 Самоквасов Д.Я. Обычай киргизов // Қазақтың ата заңдары: Құжаттар, деректер зерттеулер=Древний мир права казахов. Материалы, документы и исследования. 10 томдық. / Бағдарлама жетекшісі: С.З.Зиманов. Қазақша, орысша, түрікше, ағылшынша. - Алматы, Жеті жарғы. 2006. - 7 том. - 604 б.
- 12 Баллюзек Л.Ф. Қазақ некесінің ерекшеліктері // Қазақы неке: (Салт-дәстүр жөнінде жазбалар) /Орыс тілінен ауд. Б.Қожабекова. - Алматы, Жалын, 1994. – 64 б.
- 13 Андре Д. Қазақтар ордасында заң есебінде жүретін дәстүрлер // Қазақы неке: (Салт-дәстүр жөнінде жазбалар) /Орыс тілінен ауд. Б.Қожабекова. - Алматы, Жалын, 1994. – 64 б.
- 14 Алекторов А.Е. Қазақтардың некеге тұруы мен үйлену салттары // Қазақ халқының дәстүрлері мен әдет ғұрыптары. 2-том: Дүниеге келгеннен өмірден озғанға дейін (отбасылық әдет-ғұрыптар ертеректегі авторлардың еңбектері бойынша) / Құраст. С.Әжіғали. - Алматы, «Арыс», 2006. - 416 б.
- 15 Л-ий Ф. Орынбор ведомствосы қазақтарының үйлену салттары // Қазақ халқының дәстүрлері мен әдет ғұрыптары. 2-том: Дүниеге келгеннен өмірден озғанға дейін (отбасылық әдет-ғұрыптар ертеректегі авторлардың еңбектері бойынша) / Құраст. С.Әжіғали. - Алматы, «Арыс», 2006. – 416 б.
- 16 Алтынсарин Ы. Орынбор ведомствосы қазақтарының құда түсу, қыз ұзату және той жасау дәстүрлерінің очеркі // Қазақ халқының дәстүрлері мен әдет ғұрыптары. 2-том: Дүниеге келгеннен өмірден озғанға дейін (отбасылық әдет-ғұрыптар ертеректегі авторлардың еңбектері бойынша) / Құраст. С.Әжіғали. - Алматы, «Арыс», 2006. – 416 б.
- 17 Кенжалиев З.Ж. «Декреты казахской Автономной советской социалистической республики, отменившие патриархально-феодалные обычно-правовые институты»: автореферат диссер. на соискание учен. степ. кандид. юрид. наук. - Алма-Ата, 1986. – 21 с.
- 18 Өсеров Н.Н. «Қазақтардың дәстүрлі неке және отбасы құқықтары»: з.ғ.к. дәрежесін алу үшін жазылған диссертацияның авторефераты. - Алматы, 2002. - 14 б.

REFERENCES

1. Kenjeahmetuly C. Qazaq halqynyn salt-dasturleri / S.Kenjeahmetulyi. - Almaty: «Almatykitap» JSHS, 2005. – 284 b. [in Kazakh]
2. Kenzhaliev Z.Zh. Koshpeli kazakh kogamyndagy dasturli kukykyk madeniet: (teorialyk maseleleri, tarihi tagylymy). - Almaty, Zheti zhargy, 1997. - 192 b. [in Kazakh]
3. Kultelev T.M. Ugolovnoe obychnoe pravo kazakhov. - Almaty: Daur, 2004. - 310 s. [in Russian]
4. Kisliakov N.A. Ocherki po istorii semi i braka u narodov Srednei Azii i Kazakhstana. - Leningrad: Nauka,1969.- 240 s. [in Russian]
5. Shternberg L.Ia. Semia i rod u narodov Iugo-Vostochnoi Azii. - Leningrad: Izdatelstvo Instituta narodov Severa TsIK SSSR, 1933. - 222 s. [in Russian]
6. Siunnu. «Khan kitaby» (Kone kytai zhazbalarynan). Audaryp algy sozin tuzgen jane kurast. K.Salgarauly. - Almaty, Sanat, 1998. - 288 s. [in Kazakh]
7. Gumilev L.N. Kone turikter. - Almaty, Bilim, 1994. – 484 b. [in Kazakh]

8. Makovetskii P. Kazaktardyn zan ornyna zhuretin dssturleri zhonindegi zhazbalar (1886 – zhyly zhazylgan). // Kazaky neke: (Salt-dastur zhoninde zhazbalar) / Orys tilinen aud. B.Kozhabekova. - Almaty, Zhalyn, 1994. – 64 b. [in Kazakh]
9. Zagriazhskii G. Iuridicheskie obychai kirgiz // Kazaktyn ata zandary: Kuzhattar, derekter zertteuler=Drevnii mir prava kazakhov. Materialy, dokumenty i issledovaniia. 10 tomdyk. / Bagdarlama zhetekshisi: S.Z.Zimanov. Kazaksha, oryssha, turikshe, agylshynsha. - Almaty, Zheti zhargy. 2006.- 7 tom. - 604 b. [in Russian]
10. Kozlov I.A. Kazaktardyn dasturlik zandary. / Kazaky neke: (Salt-dastur zhoninde zhazbalar). - Almaty: Zhalyn, 1994. - 64 b. [in Kazakh]
11. Samokvasov D.Ia. Obychai kirgizov. / Kazaktyn ata zandary: kuzhattar, derekter zertteuler. Bagdarlama zhetekshisi: S.Z.Zimanov. T.7. - Almaty: Zheti zhargy, 2006. - 600 s. [in Russian]
12. Balliuzek L.F. Kazak nekesinin erekshelikteri. / Kazaky neke: (Salt-dastur zhoninde zhazbalar) - Almaty: Zhalyn, 1994. - 64 b. [in Kazakh]
13. Andre D. Kazaktar ordasynda zan esebinde zhuretin dasturler // Kazaky neke: (Salt-dastur zhoninde zhazbalar) /Orys tilinen aud. B.Kozhabekova. - Almaty, Zhalyn, 1994. - 64b. [in Kazakh]
14. Alektorov A.E. Kazaktardyn nekege turuy men uilenu salttary // Kazak khalkynyn dasturleri men adet guryptary. 2-tom: Duniege kelgennen omirden ozganga deiin (otbasylyk adet - guryptar erterektegi avtorlardyn enbekteri boiynsha) / Kurast. S.Azhigali. - Almaty, «Arys», 2006.- 416 b. [in Kazakh]
15. L-ii F. Orynbor vedomstvovoy khazahtarynyn uilenu salttary // Khazak khalkhynyn dasturleri men adet guryptary. 2-tom: Duniege kelgennen omirden ozganga deiin (otbasylyk adet-guryptar erterektegi avtorlardyn enbekteri boiynsha) / Khurast. S.Azhigali. - Almaty, «Arys», 2006. – 416 b. [in Kazakh]
16. Altynsarin Y. Orynbor vedomstvovoy kazaktarynyn kuda tusu, kyz uzatu zhane toi zhasau dasturlerinini. / Khazak khalkhynyn dasturleri men adet guryptary: Duniege kelgennen omirden ozganga deiin (otbasylyk adet-guryptar erterektegi avtorlardyn enbekteri boiynsha). T.2. Qurast. S.Azhigali. - Almaty: Arys, 2006. - 416 b. [in Kazakh]
17. Kenzhaliev Z.Zh. «Dekrety kazakhskoi Avtonomnoi sovetskoi sotsialisticheskoi respubliki, otmenivshie patriarkhalno-feodalnye obychno-pravovye instituty»:avtoreferat disser. na soiskanie uchen. step. kandid. iurid. Nauk: 12.00.01: «Teoriia i istoriia prava i gosudarstva; istoriia uchenii o prave i gosudarstve» / Z.Zh.Kenzhaliev. - Alma-Ata, 1986. - 21 s. [in Russian]
18. Oserov N.N. «Kazaktardyn dasturli neke zhane otbasy kuckyktary»: z.f.k. darezhesin alu ushin zhazylgan dissertatsiianny avtoreferaty: 12.00.03 "Azamattyk kuckyk; Kasipkerlik kuckyk; Otbasy kuckygy; Khalykaradyk zheke kuckyk" / N.N.Oserov. - Almaty, 2002. - 14 b. [in Kazakh]

FTAMP 03. 29.00

Г.Ж. ПРИМКУЛОВА

тарих ғылымдарының кандидаты,
Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің доценті
(Қазақстан, Түркістан қ.),
e-mail: gaukar.primkulova@ayu.edu.kz <https://orcid.org/0000-0002-9074-9458>

А.Н. ДЖУМАДУЛЛАЕВА

тарих ғылымдарының кандидаты,
Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің аға
оқытушысы. (Қазақстан, Түркістан қ.), e-mail: asel.dzhumadullayeva@ayu.edu.kz

ҚАЗАҚСТАНДА ЕҢБЕКПЕН ТҮЗЕТУ ЛАГЕРЛЕРІ МЕН КОЛОНИЯЛАР ЖҮЙЕСІНІҢ ҚАЛЫПТАСУЫ МЕН ДАМУЫ

Андатпа. Кеңестік кезеңдегі Қазақстандағы қуғын-сүргін партия мен мемлекеттің әлеуметтік-экономикалық және ұлттық саясатының негізгі бағыттарына сәйкес жүзеге асырылды. Бұл мақалада Қазақстандағы кеңестік биліктің ауұымды масштаб алған және зияткерлік, әлеуметтік, мүліктік жатыстығына қарамастан, этникалық тегін ажыратпай халықтың барлық санаттарына әсер еткен репрессиялық саясаты, сол саясатты іске асыруда жазалауға құрылған лагерлер мен колониялар жүйесінің қалыптасуы мен дамуы қарастырылады. Сондай-ақ, Қазақстандағы XX ғасырдағы репрессиялық саясаттың ерекшеліктері, салдары, қазіргі уақытта саяси қуғын-сүргін құрбандарын ақтау мәселелері сипатталады.

Кеңес мемлекетінде тоталитарлық жүйенің қалыптасуы жүйелі, жоспарлы және жаппай сипаттағы саяси қуғын-сүргінмен қатар жүрді; бұл саясат ауқымы, қуғын-сүргінге ұшырағандардың саны, халықтың барлық әлеуметтік санаттары мен топтарын қамту бойынша бұрын-соңды болмаған мазмұнға ие болды. Кеңес одағында тоталитаризм өз азаматтарының іс-әрекетін, мінез-құлқын шектеуге ғана емес, кеңес адамының ой бостандығын шектеу идеологиялық саясатын терең енгізді.

Кілт сөздер: Кеңестік билік, идеология, саясат, тоталитаризм, қуғын-сүргін, жазалау жүйесі

Г.Ж. ПРИМКУЛОВА

кандидат исторических наук,
доцент Международного казахско-турецкого университета имени Ходжи Ахмеда Ясави
(Казахстан, г. Туркестан), e-mail: gaukar.primkulova@ayu.edu.kz

А.Н. ДЖУМАДУЛЛАЕВА

кандидат исторических наук, старший преподаватель
Международного казахско-турецкого университета имени Ходжи Ахмеда Ясави
(Казахстан, г. Туркестан), e-mail: asel.dzhumadullayeva@ayu.edu.kz

СТАНОВЛЕНИЕ И РАЗВИТИЕ СИСТЕМЫ ИСПРАВИТЕЛЬНО- ТРУДОВЫХ ЛАГЕРЕЙ И КОЛОНИЙ В КАЗАХСТАНЕ

Аннотация. Репрессии в Казахстане в советский период осуществлялись в соответствии с основными направлениями социально-экономической и национальной

политики партии и государства. В данной статье рассматривается репрессивная политика в советской власти в Казахстане, носившая массовый характер и затронувшая целые категории населения по соответствующему интеллектуальному, социальному, имущественному цензу или этнической принадлежности, а также становление и развитие системы лагерей и колоний для реализации этой политики. Также характеризуются особенности, последствия репрессивной политики в XX веке в Казахстане, проблемы реабилитации жертв политических репрессий в настоящее время.

Становление тоталитарной системы в советском государстве сопровождалось политическими репрессиями, носившими системный, плановый и массовый характер; они были беспрецедентными по масштабу, количеству репрессированных, охвату всех социальных категорий и групп населения. Тоталитаризм в стране советов посягнул не только на ограничение действий, поведения своих граждан, он ограничивал свободу мысли советского человека.

Ключевые слова: Советская власть, идеология, политика, тоталитаризм, репрессий, система наказаний

PRIMKULOVA G.

Candidate of Historical Sciences,
Associate Professor at the International Kazakh-Turkish University named after Khoja Ahmed Yasawi (Kazakhstan, Turkistan), e-mail: gaukar.primkulova@ayu.edu.kz

JUMADULLAYEVA A.

Associate Professor at the International Kazakh-Turkish University named after Khoja Ahmed Yasawi (Kazakhstan, Turkistan), asel.dzhumadullayeva@ayu.edu.kz

**FORMATION AND DEVELOPMENT OF THE SYSTEM OF
CORRECTIONAL LABOR CAMPS AND COLONIES IN KAZAKHSTAN**

Abstract. Repressions in Kazakhstan during the Soviet period were carried out in accordance with the main directions of the socio-economic and national policies of the party and the state. This article examines the repressive policy of the Soviet government in Kazakhstan, which was widespread and affected entire categories of the population according to the corresponding intellectual, social, property qualification or ethnicity, as well as the formation and development of a system of camps and colonies for the implementation of this policy. It also describes the features and consequences of repressive policies in the twentieth century in Kazakhstan, the problems of rehabilitation of victims of political repression at the present time.

The formation of the totalitarian system in the Soviet state was accompanied by political repressions that were systemic, planned and massive in nature; they were unprecedented in scale, number of repressed, and coverage of all social categories and groups of the population. Totalitarianism in the Soviet country encroached not only on restricting the actions and behavior of its citizens, it limited the freedom of thought of a Soviet person.

Keywords: Soviet power, ideology, politics, totalitarianism, repression, punishment system

Өзектілігі

Қазақстанның қоғамдық-саяси және әлеуметтік-экономикалық өмірінде елеулі өзгерістер орын алыпжатқан тұста оның тарихын, саяси өткені мен бүгінін зерделеп, қайта ой елегінен өткізу аса маңызды. Отандық тарих ғылымы еліміздің дамуының

көптеген кезеңдерін, әсіресе тоталитарлық жүйенің генезисі проблемаларын және оның Қазақстан үшін салдарын қайта қарауды түсіну мен зерттеудің жаңа деңгейіне шыққаны сөзсіз. Алайда, тоталитаризмнің салдары мен қателіктерін толық зерттеп, оған тиісті өз бағасын беру тарихшылардың маңызды және өзекті міндеті болып қала береді.

Республикамызда 1997 жыл жалпыұлттық келісім және саяси қуғын-сүргін құрбандарын еске алу жылы болып жарияланды [1]. Дәл сол жылы біз тоталитарлық режимнің қатыгез заманында әбден қорлық көрген көптеген халықтардың басына түскен азап пен зорлықтың қаншалықты ауыр екенін ерекше түсіне бастадық. Сол жыл жеңілдік сезімін, жаңарған сана, жадымен жанның тазару сезімін сыйлап, тарихи әділеттілік жеңіске жеткендей болды. Алайда, соңғы жылдарға дейін еліміздің қауіпсіздік комитеті мен Ішкі Істер министрлігіне қарасты Архив қорлары тарихшы зерттеушілер үшін жабық болғандықтан тарихымыздың ақтаңдақ беттері толық ашылмады. Тек төрт жыл бұрын ғана сол олқылықтардың орны толтырыла басталды.

Мақсаты мен міндеттері

XX ғасырдың 20-30 жылдарындағы Қазақстандағы саяси қуғын-сүргін тарихын талдау және олардың ауқымын анықтау барысында, оның салдары мен сабағын жан-жақты зерттеу болып табылады. Сонымен қатар, мынадай міндеттер қойылды: азаматтарды қоғамнан ұйымдасқан түрде шеттету процесінің қалай ұйымдастырылғандығын зерттеу; қуғын-сүргін процессінің айла тәсілдерін анықтау; Қазақстан территориясындағы репрессиялық органдардың құрылуы мен дамуы тарихына сипаттама жасау; Сталиндік тоталитарлық жүйедегі саяси тұтқындар лагерлерінің орны мен рөліне баға беру; Қазақстанда жүргізілген жаппай қуғын-сүргін саясатының сипатын талдап, олардың құрбандарының тағдырларының тарихын зерделеу; Қазақстан территориясында құрылған еңбекпен түзету лагерлерінің құрылу тарихы мен ондағы еңбек жағдайларын зерделеу.

Материалдар мен зерттеу әдістері

Қазақстан Республикасы Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың 2020 жылдың 24 қарашасында «Саяси қуғын-сүргін құрбандарын толық ақтау жөніндегі мемлекеттік комиссия туралы» жарлығына сәйкес XX ғасырдың 20-50 жылдары саяси қуғын-сүргінге ұшырап, соның құрбаны болған халықты ел алдында, ар алдында тарихи тұрғыда ақтау мақсатында Қазақстанның 11 өңірінде арнайы комиссия мен жұмысшы топтары құрылып, республика бойынша жан-жақты жұмыстар қолға алынды.

Еліміздің барлық өңірлерінде Архив қызметкерлері мен тарихшы ғалымдар, мұғалімдер және білімгерлермен бірге тақырыптың ашылуына мүдделі қоғам мүшелері де қызмет атқаруда. Комиссия жұмысының алғашқы нәтижелері ретінде 2022 жылдың желтоқсанында қуғын-сүргін құрбандарына қатысты деректері біріктірілген 34 томнан тұратын құжаттар жинағы таныстырылды. Алайда, мұнымен тарихымыздың қайғы мен мұңға, азап пен қорлыққа толы ақтаңдақтары толық зерттелді деген сөз емес, бұл тек бастамасы ғана екендігі белгілі.

«Саяси қуғын-сүргін құрбандарын толық ақтау жөніндегі мемлекеттік комиссия туралы» жарлығына сәйкес өңірімізде құрылған жұмыс тобының зерттеу жұмыстарының нәтижесінде жарыққа шыққан «Мемлекеттік террор мен қуғын-сүргіннен туған жерін тастап, Қазақстаннан тыс жерлерге (Өзбекстан, Тәжікстан) ауа көшкендердің архивтік құжаттары мен естеліктер жинағы», «Түркістан облысындағы 1920-1921 ж.ж. және 1930-1933 ж.ж. ашаршылық. Архивтік құжаттар жинағы», «Түркістандағы Алаш қозғалысы. Құжаттар мен мақалалар жинағы», «Бостандық және Созақ аудандарындағы көтерілістерге өатысты архивтік құжаттары мен мақалалар

жинағы», «Кеңес өкіметінің дін саясаты және діни себептермен қуғындалғандарға қатысты архив құжаттары», «Кеңес өкіметінің дінге қарсы саясаты және дін қызметкерлерінің қуғындалуы», «Отырықшыландыру мен шаруаларды күштеп жер аудару науқаны. Архивтік құжаттар жинағы», «Саяси қуғын-сүргін құрбандарының толық құқықтық ақтауға ұсынылғандардың кеңейтілген тізімі» атты құжаттар жинағы біздің жұмысымызға арқау болды [2; 3; 4; 5; 6; 7; 8; 9].

Зерттеудің теориялық және әдіснамалық негізі кеңес қоғамының әлеуметтік және саяси мәселелерін зерттеген тарихшылардың, саясаттанушылардың және басқа да қоғамтанушылардың заманауи идеялары мен тұжырымдамалары болды. Зерттеу объективтілік пен тарихилық принциптеріне негізделген.

Талқылау

Ендігі жерде сол тұстағы тарихымыздың ақтаңдақ беттерін зерттеп, шынайы баға беру, адам шығынын анықтау мүмкіндігі туды. Мысалы, 1926-1937 жылдар аралығында жүргізілген халық санағының нәтижесі бойынша көрсеткіштер бүгінгі күнге дейін нақтыланбаған деуге болады.

Айталық, 1975 жылы жарық көрген «КСРО тұрғындары» атты статистикалық жинақта 1937 жылға қарай КСРО тұрғындарының саны 163,772 мың адам болды [10, С.17] деп анықталған. Алайда, қазіргі тарихшылар мен демографтардың есептеулері бойынша бұл көрсеткіш шамамен 177,3 миллион адамды құрау керек еді. 1937-1938 жылдардағы жаппай қырып-жоюды есептегенде, 1937 жылдың басында ғана адам шығыны 13,5 млн. адамды [11, С.160-161] құрады. 13,5 миллион адам санына тек осы жылдары аштықтан қайтыс болғандар немесе басқа жағдайда өлгендер саны ғана кірмейді. Бұл ретте тек Қазақстанда 1931-1933 жылғы ашаршылықтан 1,5 млн. астам адам [12, С.63.] қайтыс болғаны айқын. Бірақ бұл деректер әлі де анықтауды және нақтылауды қажет етеді.

Тоталитаризм теориясы мен практикасына деген қызығушылықтың артуы КСРО-да, оның ішінде Қазақстанда 80-жылдардың аяғында «Қайта құру» реформаларынан соң басталды деуге болады. XX ғасырдың 80-ші жылдарының аяғынан бастап бүгінгі күнге дейінгі тақырып бойынша тарихнама философиялық, саясаттанушылық, нақты тарихи және қоғам дамуының басқа да деңгейіндегі орын алған тоталитарлық моделін зерттеген еңбектердің көптігімен сипатталады [13; 14; 15; 16].

Еліміздің тарихшылары негізінен басты назарларын тоталитаризмнің объективті және субъективті алғышарттарына, идеологиялық және рухани болмысына, оның еліміздегі салдарына аударады [17; 18; 19; 20; 21; 22; 23; 24]. Алайда, отандық тарихтағы тоталитаризм жайлы зерттеулердің көптігіне қарамай, сол еңбектердің ішінде сол саяси режим, тәртіп жағдайындағы нақты тарихи процестерге арналған зерттеулер өте аз деуге болады. Сондай тақырыптардың бірі - сталинизм, жеке басқа табынушылық, оның жағымсыз жақтары мен салдары мәселесі.

Тоталитаризмнің саяси қуғын-сүргін сияқты бұлтарыстарын анықтап, оның салдарымен күресу - репрессиялардың себептерін, механизмдерін, формалары мен ауқымын саралау арқылы ғана білу мүмкін. Осы проблемаларды жан-жақты зерделеу Қазақстандағы тарихи процестердің дамуына сын көзбен қарауға және одан тиісінше сабақ алуға мүмкіндік береді.

Қазіргі уақытта Кеңестік еңбек лагерлері ел тарихының ащы эпизодтарының бірі ретінде еске алынады. Олар адамның жеке басын қаншалықты деформациялауға болатынын айқын көрсетті, сонымен бірге, халықтың едәуір бөлігін мойынсұнғыш топқа айналдырып, «еркін» тұрғындардың санасында кез келген жағдайда осындай тағдырды бөлісу қорқынышын ұялатты. Кеңес өкіметі «мемлекеттік құпияны» жария

етпеу мақсатында, көптеген бұйрықтарды «күпия», «аса күпия» деген грифпен жасырды, ал кейбір құжаттар мүлдем жойылды. Мұндай тыйым жазалау мекемелерінің қызметін ашатын құжаттарға да қатысты болды.

Сталиндік режим Қазақстанды жүздеген мың кеңес адамдарының жер аударылған алып резервациясына айналдырды. Сталиндік деспотия ежелгі қазақ даласын концлагерьлерге айналдырған кезден Қазақстан тарихы мен тағдыры «ГУЛАГ» деген сұмдық сөзбен байланысты болды. Тікен сымның арғы жағында Отанға опасыздық жасады деп айыпталған күнәсіз адамдар азап шегіп, қаза тапты. Қазақстан Республикасы ҰҚК деректері бойынша 20-40 жылдар аралығында Қазақстан аумағында саяси себептер бойынша 103 мың адам сотталды. Қуғын-сүргінге ұшырағандардың негізгі бөлігі соттан тыс органдардың үкімдері бойынша ату жазасына тартылды.

Бүкіл одақ бойынша, оның ішінде Қазақстанда да қалыптасқан тоталитарлық жүйе қазіргі уақытта жаңа, заманауи ғылыми-теориялық тұжырымдамалар мен ережелер тұрғысынан дұрыс қайта зерттеуді қажет етеді. Осыған байланысты, кеңес қоғамының қуғын-сүргінге ұшыраған және ГУЛАГ лагеріне қамалған барлық әлеуметтік топтардың проблемасы, оларды арзан жұмыс күші ретінде пайдалану ғылыми-танымдық және практикалық тұрғыдан ғылыми қызығушылық танытады.

30-40 жылдары Сталиндік режимнің жазалау саясатының күшеюімен еңбекпен түзету лагерлерінің желісі және ондағы тұтқындар санының өсуі байқалады. Бірінші бесжылдықтың басында ірі ұлттық экономикалық міндеттерді шешуде мәжбүрлі еңбекті интеграциялау мақсатында түрме-лагерь жүйесін қайта құру жүзеге асырылады. Лагерь жүйесі өте тез дамыды. 1932 жылы елде ГУЛАГ-тың 11 еңбекпен түзету лагерлері болды.

Кеңестік тарихты зерттеуде сөзсіз тарихшыларға қуғын-сүргін мен репрессия жүйесінің ұйымдастырылуы және жұмыс жасау ерекшелігіне байланысты бірқатар сұрақтар туындатады. Бұл мемлекеттік саясатты жүргізу құралдары, басқарушы коммунистік партияға тәуелді және прокуратура мен соттың саясаттандырылған органдарымен қатар, мамандандырылған жазалаушы ұйымдар болды. Оларға, ең алдымен, күшейіп келе жатқан террордың сөзсіз салдары ретінде пайда болған түрме-лагерь жүйесі жатады. Лагерьлердің бас басқармасы (ГУЛАГ) кеңестік мемлекеттің негізгі және ажырамас бөлігі болып табылатын тоталитарлық жүйенің мүдделеріне қызмет етті. Көптеген жылдар бойы ол іс жүзінде қоғамдық назардан тыс болды, өйткені оның барлық қызметі қатаң құпиялылық жағдайында өтті.

КСРО-да тоталитарлық режимнің қалыптасуы кеңестік түрме-лагерь жүйесінің дамуына тікелей әсер етті. Лагерьлерде тұтқындарды ұстау режимі мен шарттарын қорғау және қамтамасыз ету үшін әскерилендірілген күзет құрылды. Оның қатаң құпиялылық жағдайында болған барлық қызметі ведомство ішіндегі актілерге, бұйрықтарға, өкімдерге, ОГПУ – НКВД - ПМ нұсқауларына негізделген. Еңбек түзету лагерлерінің әскерилендірілген күзеті қолданыстағы жалпымемлекеттік заңнамаға бағынбады және жұртшылықтың назарынан мүлдем алынып тасталды.

Лагерьлердің әскерилендірілген күзет қызметі тоталитарлық мемлекеттің мүдделеріне толығымен бағынып, оның саяси және экономикалық қажеттіліктерін қамтамасыз етті. Әскерилендірілген күзет қызметкерлерінің құқықтық мәртебесі бастапқыда заңдармен емес, заңға тәуелді актілермен, заңнамалық құқықтары жоқ органдардан шыққан құпия нұсқаулықтармен анықталды.

Еңбекпен түзету лагерлерінің кадр саясатында екі бағыт көрініс тапты – ерікті және мәжбүрлі. Партияның басты саяси-жұмылдыру рөлі болды. Лагерьдің әскерилендірілген күзетшілерін таңдауға әсер ететін негізгі факторлар әлеуметтік шығу тегі мен идеялық-саяси қасиеттері болды. Лагерьлердің ішкі қызметінің

әскерилендірілген күзеті мен қадағалау құрамы лагерь кадрларының ең төмен білімді тобын құрады.

Еңбекпен түзету лагерлерінің әскерилендірілген күзеті негізгі үш функцияны атқарды: жазалау, өндірістік-шаруашылық және тәрбие. Лагерь режимін қамтамасыз ету үшін күзет жедел-профилактикалық, заңнамалық, тәртіптік және материалдық-техникалық сипаттағы жұмыстың әртүрлі әдістері мен формаларын қолданды. Карлагтың әскерилендірілген күзеті Кеңес режимінің қарсыластарын басу аппаратына айналды. Оның қызметінің маңызды белгілері зорлық-зомбылық пен озбырлық әдістерін, әсіресе лагерь режимін бұзушылар мен жұмыстан бас тартушыларға қатысты қолдану болды.

Еңбекпен түзету лагерлерінің әскерилендірілген күзетінің қатардағы және сержанттық құрамын іріктеу негізінен демобилизацияланған қызметшілерді тарту арқылы жүргізілді. ГУЛАГ құрылымына кіретін еріктілерге шалғай орналасқандықтан 50% үстеме жалақы төленді. Мысалы, Карлагты күзетуге қабылданған қызметкерлер екі еселенген үш айлық жалақыны төледі.

Командалық құрамы әскери атағы үшін жалақы және негізгі жалақыдан басқа 200 рубль қосымша алды. Әскерилендірілген күзет қызметкерлеріне жұмыс өтілі жылдары үшін лауазымдық жалақыға пайыздық үстемеақылар белгіленді: үздіксіз 3 жыл қызметке – 10%; 6 жылға – 20%; 9 жылға – 30%; қызметтің 12 және одан да көп жылдары үшін - 50% [25, С.12].

Зерттеулерде түзету лагерлер тұтқындарын күзету, қадағалау режимі мен тәртібіне, лагерь тұрғындарының динамикасы мен құрамына, тұрмысына сипаттама беріліп, кешенді талдаулар жүргізілген.

XX ғасырдың бірінші жартысында Карлаг тұтқындарының көпшілігі 20 мен 40 жас аралығында болды. Айыпталған қылмыскерлердің құрамы бойынша: контрреволюционерлер - 34074 адам, қашқындар - 1634 адам, қарақшылар және қарулы қарақшылық жасаған – 3434 адам, ұрылар-рецидивистер – 13445 және басқа да қылмыс жасағандар – 21163 адам [25, 25].

Белсенді қылмыстық-бандиттік элементтің оқшаулануын күшейту мақсатында шаралар қабылданған: айыппұл изоляторына – 10524 адам, айыппұл лагерь пункттеріне – 895 адам қамауға алынды, қатаң режимдегі лагерлер бөлімшелеріне 213 адам жіберілді және 5143 қауіпті қылмыскерлер «арнайы лагерьлерге» жіберілді.

Қаражат тапшылығына байланысты лагерлерде аса қауіпті мемлекеттік қылмыстар үшін сотталғандарды толығымен оқшаулау мүмкіндігі бола бермеді. Сондықтан, «арнайы лагерьлерге» жіберілмеген тұтқындар үшін Карлаг аумағында тұтқындардың негізгі контингентінен толық оқшауланған жеке казармалар құрылды [25, 25].

Сотталғандардың еңбегі мен өмірін ұйымдастыру қатаң тәртіп пен белгіленген режимге сөзсіз бағыну негізінде құрылды. Арнайы контингент пен лагерь қызметкерлері арасында таныстық, туыстық байланыстарға жол берілмеді, әскери тұтқындардың қарым-қатынас жасау мүмкіндігі алынып тасталды. НКВД директивалары мен бұйрықтары режим, жұмысқа жіберу, жұмыстан жалтарғаны үшін жауапкершілік мәселелерін реттеді.

КСРО-ның саяси жүйесін құру мен жетілдіруде ВЧК – ОГПУ - НКВД маңызды рөл атқарды. Қауіпсіздік органдар репрессиялық заңнаманы қалыптастыру жағдайында кеңестік жүйені қорғау бойынша қойылған міндеттерді шешуге жұмылдырылды. Большевиктік режимінің жазалау тәжірибесі Кеңестік түрме-лагерь жүйесінің пайда болуына ықпал етті. 1920 жылдардың аяғы мен 1930 жылдардың басында кеңестік қылмыстық-атқару мекемелер жүйесі айтарлықтай қайта құрудан өтті, нәтижесінде көптеген еңбекпен түзету лагерлері және ГУЛАГ құрылды.

1931 жылы 19 желтоқсанда КСРО Халық Комиссарлары Кеңесінің қаулысымен Қазақстан еңбекпен түзету лагерлер жүйесінің І-ші бөлімі (КазИТЛаг) Карлаг болып қайта құрылды. Карлаг тұтқындарын күзету және күзету режимін қамтамасыз ету үшін әскерлендірілген күзет құрылды (ВОХР). Күзет қызметі және олардың жұмыс ережелері Кеңес мемлекетінің тоталитарлық сипатымен анықталды.

Өзінің құқықтық және әлеуметтік-экономикалық жағдайы бойынша Карлаг әскерлендірілген күзетінің қызметкерлері белсенді мемлекеттік әскери қызмет атқаратындарға теңестірілді. Лагер күзетшілері үшін жеңілдіктер мен артықшылықтар қарастырылды: ауыл шаруашылығының жерлерін пайдалану, еңбек және әлеуметтік сақтандыру, халыққа білім беру, денсаулық сақтау, сондай-ақ темір жол мен су жолдары қызметі, пошта, ақшалай жәрдемақылар, сот қызметі салаларында, міндетті сақтандыру, салықтар мен алымдар бойынша, тұрғын үй коммуналдық жеңілдіктері.

ГУЛАГ жүйесінде репрессиялық-жазалау функциясын жүзеге асыратын Карлаг әскерлендірілген күзеті құрылымының қалыптасу ерекшелігі осы мекеменің барлық қызметіне із қалдырды.

1932-1950 жылдардағы КСРО-дағы лагерлер жүйесін Сталиндік әлеуметтік-экономикалық модельдің маңызды белгілерінің бірі ретінде қарастыруға болады. Жаппай саяси қуғын-сүргін, қылмыстық жазалардың аса қатаң жүйесі және «арнайы контингенттер» лагерлердің тұрақты өсуінің көзі болып, әрдайым саяси міндеттерді шешуге бағытталды. Сонымен бірге, ГУЛАГ тұтқындарының мәжбүрлі еңбегі кеңінен қолданылды, өйткені жалдамалы жұмысшыларға қажетті инфрақұрылымға қаражат қарастырылмады. Бұл қуғын-сүргін жылдары белгілі бір кезеңге билік үшін ең ыңғайлы және сұранысқа ие жазаны өтеу жүйесі болып, ауыр жұмыс түрлерін кез келген жағдайда жүргізуге мүмкіндік берді.

ГУЛАГ лагерлерді басқарудың репрессиялық органы ретінде 30-шы жылдардың басында қалыптасып, 53 лагерьден, 425 еңбек түзету колониясынан, оның ішінде 170 өнеркәсіптік, 83 ауылшаруашылық және 172 контрагенттік (құрылыстарда және шаруашылық ведомстволарда жұмыс жасайтын), еңбекпен түзету колониясы (ИТК) облыстық, өлкелік, республикалық бөлімдерімен және кәмелетке толмағандар үшін 50 колониямен біріктірілді [26, С.89].

ГУЛАГ-та жасалған қылмыстың сипатына сәйкес тұтқындардың қатаң жіктелу жүйесі сақталды. Мәселен, 1940 жылдың 1 наурызына ГУЛАГ-та тұтқындар контингенті 1 млн 668 мың адамды құрады: еңбекпен түзету колониясында (ИТК) - 352 мың адамнан өнеркәсіптік және ауылшаруашылық - 192 мың ұсталды. Бұл ел экономикасында үлкен рөл атқарған Кеңес Одағының ішіндегі сым тормен қоршалған «империя» болды.

ГУЛАГ-тың жалпы экономикалық тиімділігі ішінара Берия ісі бойынша сот процесі кезінде есептелді. 1941-1944 жылдары ГУЛАГ тұтқындары күшімен 842 аэродром, Куйбышев пен Омбыда зауыттардың авиациялық кешенін салғаны белгілі болды. Жиырмадан астам Домна және мартен пештері, электр станциялары, сегіз мың шақырымнан астам автомобиль және көлік жолдары, 315 тонна алтын, ондаған мың тонна мыс өндірілді, 90 млн. текше метр ағаш дайындалды.

XX ғасырдың 30-шы жылдары лагер тұтқындарының күшімен екі ірі канал құрылысы жүргізілді - Беломор-Балтық және Мәскеу-Еділ, ал соғыстан кейінгі жылдары тұтқындар атом өнеркәсібінің барлық нысандарының құрылысында пайдаланылды. Академик А.Д.Сахаровтың айтуынша –«Біз жұмыс жасаған жобада 1953 жылға дейін қаланың барлық құрылыс жұмыстары тұтқындардың қолымен жүргізілді. Бізге қатысты қатыгездік, әділетсіздік болып жатқанын түсіндік».

Лагерлерде тұтқындар жағдайы мен жазалау әдістері. НКВД лагерлерінде тұтқындар өте ауыр жағдайда болды, барлық қиыншылықтар мен лагердің сұмдық

өмірінен өтуге мәжбүрленді. Лагерь режимі адамды толығымен басып-жаншуға және жоюға арналған. Лагерь бөлімшелерінде арнайы құрылған комиссия кез келген құрылыс объектілерінің немесе кәсіпорындардың жай-күйін зерттеп, осы объектілер құрылысының артта қалу себептерін анықтады, өйткені тапсырмалардың сәтті орындалуы бірінші кезекте тұтқындардың әлеуметтік-экономикалық жағдайына байланысты болды. Осыған байланысты комиссия тарапынан тұтқындардың жағдайы туралы жазылған арнайы актілер немесе құжаттар жасалды. Олар казармада жылудың болмауына назар аударды, жанармайдың болмауына байланысты моншалар, кір жуатын орындар, дезкамералар жұмыс істемеді, бұл жаппай санитарлық жағдайды тқмендетті. Киімнің, аяқ киімнің болмауы тұтқындардың жұмысқа келмеуіне себеп болып, сол үшін олардың көпшілігін айыппұл изоляторына қамады.

Тұтқындардың тамақтануы әлдеқайда нашар болды. Қолданыстағы нормалармен адамдарды 3 рет тамақтандыруға мүмкіндік болды, екінші таңғы асты тас жолға апару арқылы, бірақ нормалардың төмендеуіне байланысты тамақ күніне 2 рет қана қабылданды, яғни таңғы 7-де – таңғы ас және 19-да-түскі ас. Бұл еңбек өнімділігіне әсер етті, нәтижесінде өндіріс нормаларының төмендеуі байқалды.

Мұндай жағдайда көптеген тұтқындар қайтыс болып, тек кейбір мүмкіндіктердің арқасында (режимді бұзу және т.б.) аз адамдарға аман қалу мүмкіндігі болды. Лагерьлерде тұтқындарды ауыр еңбекке пайдаланылу, сондай-ақ, жұмыс күшінің орналасуы мәселесіне бақылау қанағаттанарлықсыз жүргізілді, бұл қамаудағылардың өлім-жітімі мен сырқаттану көріністерінің жоғары болуына алып келді. Тұтқындардың өлімінің негізгі себептері: төмен калориялы тамақ, ауыр физикалық еңбек, аурудың жоғары пайызы, дистрофия және туберкулез. 1944 жылы маусымда Карлаг басқармасының бастығы барлық лагерь бөлімшелеріне Карлаг тұтқындарының өлімі әлі де жоғары деңгейде екендігі туралы арнайы хат жіберді. Шаралар қабылдау қажет. Бірақ, бұл хаттан кейін ешқандай шара қолданылмады, қабылданған жағдайдың өзінде тұтқындардың жағдайы жақсара қоймады.

Зерттеу нәтижесі

КСРО-да 1920 жылдардың аяғында қалыптаса бастаған еңбекпен түзету лагерлері түріндегі қылмыстық жазаны орындау жүйесі уақыт өте келе елдің экономикалық және саяси өмірінде маңызды рөл атқаратын қуатты лагерь-өнеркәсіп кешеніне айналды. Сондықтан, ГУЛАГ-ты көпжақты, көпқырлы әлеуметтік-экономикалық объект ретінде қарастыру керек. Тарихнамадағы бұл тәсіл сөзсіз тиімді болып көрінеді, өйткені ол ГУЛАГ-ты кеңестік мемлекеттік жүйемен өзара байланыста біртұтас әлеуметтік-экономикалық жүйе ретінде қарастыруға мүмкіндік береді.

Ол үшін: кеңестік репрессиялық жүйені құрудың және оның жұмыс істеуінің саяси-құқықтық негіздерін анықтау, ГУЛАГ-тың жаңа типтегі жазалау жүйесі ретіндегі тән ерекшеліктерін анықтау, Кеңес мемлекетінің жазалау саясатының жалпы тенденциялары мен құқықтық базасын талдау, тұтқындарды ұстау жағдайларының адамгершілікке қарсы сипатын ашу, лагерь режиміне және лагерь қызметкерлері тарапынан заңдылықты бұзуға қарсы тұрудың нысандары мен тәсілдерін көрсету, арнайы лагерьлік соттардың ұйымдастырылуы мен қызметінің ерекшелігі, олардың кеңестік сот төрелігі жүйесіндегі орны мен рөлін анықтау, лагерь экономикасында әртүрлі мәжбүрлі еңбек түрлерін, бастысы тұтқындардың еңбегін пайдалануға негізделген экономиканың ерекше жүйесі ретінде зерттеу маңызды.

ГУЛАГ формасы бойынша әдеттегі мемлекеттік-бюрократиялық мекеме болып табылады. Бұл жазаны орындау органдарының кеңестік жүйесінің маңызды құрамдас бөлігі болды. Басқарманың отыз жылдық кезеңінде (1930 жылдан 1960 жылға дейін) оның ведомстволық байланысы мен толық атауы бірнеше рет өзгерді. Әр жылдары

ГУЛАГ КСРО-ның ОГПУ, НКВД, ПМ, МЮ қарамағында болды. Бас басқарманың толық атауы оның құрамына кіретін құрылымдық бөлімшелерге байланысты өзгеріп отырды, мысалы, 1934 жылдан 1938 жылға дейін Басқарма (Главк) - еңбек қоныстарының және қамау орындары лагерлерінің бас басқармасы, ал 1939 жылдан 1956 жылға дейін еңбекпен түзету лагерлері мен колонияларының бас басқармасы деп аталды. Ресми іс қағаздарында қазіргі кездегі атауға қарамастан көбінесе ГУЛАГ аббревиатурасы қолданылған.

КСРО-да НКВД-ПМ қарамағында ГУЛАГпен бірге лагерлердің басқа да бас басқармалары болды, олардың көпшілігі 1940 жылдары ГУЛАГтың өндірістік бөлімдері негізінде құрылды. Тау-кен металлургия кәсіпорындары лагерлерінің Бас басқармасы (ГУЛГМП), теміржол құрылысы лагерлерінің Бас басқармасы (ГУЛЖДС), орман өнеркәсібі лагерлерінің Бас басқармасы (ГУЛПП), «Енисейстрой» Бас басқармасы және тағы басқалары сияқты мамандандырылған өндірістік лагерь басқармаларының қарамағында жүздеген мың тұтқындары бар ондаған лагерь бөлімшелері болды. Тұтқындардың мәжбүрлі еңбегін қолдана отырып, лагерлер көбінесе әскери-өнеркәсіптік сипаттағы ірі экономикалық жобаларды жүзеге асырды. ГУЛАГ-тың өндірістік базасы салыстырмалы түрде аз болды. Бірақ бұл ГУЛАГ-қа, ең алдымен, барлық өндірістік лагерлер басқармаларының жоспарлы тапсырмаларын орындауға байланысты болды.

Мұндай деңгейде тәуелділік ГУЛАГ-тың «жұмыс қорының» «бас қамқоршысы» болғандығымен түсіндірілді, ол КСРО-да НКВД-ПМ жүйесінде барлық еңбекпен түзету лагерлерінің тұтқындарын есепке алуды, орналастыруды және орындарын ауыстыруды басқарды, оның функцияларына лагерлерді жұмыс күшімен толықтыру, тұтқындарды ұстау және қорғау режимін қамтамасыз ету, лагерлерді азық-түлікпен және заттай жабдықтау кірді. Бұл функциялар ГУЛАГ-ты тұтқындарды еңбекке пайдалануға бағытталған жазаны орындау органдарының ұйымдық құрылымындағы негізгі орталыққа айналдырды.

ГУЛАГ-тың негізгі және ажырамас бөлігі болған кеңестік репрессиялық жүйе бірнеше жылдар бойы құрылды. Тұтқындау орындарының дәстүрлі, тарихи қалыптасқан жүйесімен қатар, Қазан төңкерісінен кейін Ресейде бұрын белгісіз болған жаңа жазалау мекемелерінің желісі - кейіннен Кеңес мемлекетінің жазалау саясатын жүзеге асырудың негізгі арнасына айналған мәжбүрлі еңбекпен түзету лагерлері қалыптаса бастады. 1920 жылдардың аяғынан бастап кеңестік жазалау саясаты тек бір тұрақты тенденцияны - репрессияны күшейтуді дамытты. Ондаған жылдар бойы ел басшылығы бас бостандығынан айыру түріндегі қылмыстық жазаны көптеген әлеуметтік, экономикалық және тіпті саяси міндеттерді шешудің өте тиімді құралы ретінде қарастырды.

Лагерь жүйесінің екінші күш алуы үдемелі индустрияландыру және күштеп ұжымдастыру жағдайында өтті. Бұл дәуірлік оқиғалар таптық күрестің жасанды шиеленісуі жағдайында жүзеге асырылды, бұл революция мен азаматтық соғыстың алғашқы жылдарындағы тәжірибеге жүгінуді қажет етті.

ГУЛАГ жүйесінің құрылуы мен нығаюы бірқатар жағдайларға байланысты болды. Біріншіден, бұл кеңестік қауіпсіздік жүйесінің тұтқындардың үздіксіз өсіп келе жатқан ағынын жеңе алмайтын дағдарыстан шығу жолы болды. Дәстүрлі бас бостандығынан айыру орындарын ұжымдастыруға қаражаты жоқ ел басшылығы таптық қарсыластарды оқшаулаудың ыңғайлы құралы және қоғамдық қарсылықты басу құралы ретінде қызмет еткен алғашқы кеңестік концлагерьлерді құру және жұмыс істеу тәжірибесіне жүгінді.

Екіншіден, ГУЛАГ 1920-шы жылдардың екінші жартысында Соловецкий арнайы лагерінің тұтқындарына қатысты жазалау саясатын жүзеге асыру барысында, осы ұйым

жинақтаған ОГПУ-дің өндірістік лагерьлер тәжірибесін ел көлемінде жүзеге асыруға мүмкіндік берді. Кеңес басшылығы бұл тәжірибені оңтайлы деп таныды, дегенмен ол әлемдік жұртшылықтың теріс көзқарасын туындатты.

Үшіншіден, «лагерь» әлеуметтік құбылыс ретінде, Сталин мен оның айналасындағылардың тарихи миссиясын орындау үшін - елді ішкі отарлау саясатының мақсаттары мен міндеттерін жүзеге асыруға қолайлы болды.

Қорытынды

ГУЛАГ жаңа типтегі жазалау жүйесі ретінде бірқатар ерекшеліктерге ие болды. Лагерьлер қалалар мен елді мекендерден тыс, көбінесе адамдардың тұрақтануына жарамсыз шалғай аудандарда ұйымдастырылды. Олардың құрылысы, әдетте, тұтқындардың өздерінің күшімен жүзеге асырылды. Лагерьлерге тек сот шешімімен тұтқындалғандар ғана емес, соттан тыс тәртіпте жазаға тартылған азаматтар жіберілді. Лагерьде қамау мерзімі үш жылдан кем болмады. Барлық тұтқындар мәжбүрлі еңбекке тартылды, бұл іс жүзінде олардың ашық қанауына әкелді.

Сонымен қатар, дәстүрлі түрме мекемелерінен айырмашылығы, ГУЛАГ іс жүзінде, Заңның құзырынан тыс болды. Ведомстволық нормативтік актілер лагерь әкімшілігінің бас бостандығынан айыру орындарында тиісті режимді сақтау жөніндегі өкілеттіліктерін барынша кеңейтті. ГУЛАГ әлеуметтік институт ретінде қоғамдың назарынан толығымен тыс болды. Қарапайым адамдар да, кеңестік емес, сонымен қатар шетелдік жұртшылық Конституция мен адам құқықтарын өрескел бұзған бірқатар директивалық құжаттардың бар екендігі туралы бейхабар болды. Оларды қолдану тетігі туралы тек орындаушылар, сот өкілдері, тергеушілер, ПМ органдарының жауапты қызметкерлері, сондай-ақ кеңестік және партиялық қызметкерлердің шағын тобы ғана білді.

Кеңес қоғамында «құқық» ұғымын өзіндік қабылдау түсінігі қалыптасты. Бұқаралық ой-санада ол конституциямен немесе заңмен емес, тіпті адамның табиғи құқықтарымен емес, белгілі бір құқық қорғау органдарының нақты қызметімен анықталды. Халықтың құқықтық сауатсыздығы репрессиялық жүйенің жұмысын едәуір жеңілдетті, өйткені ол кез-келген ресми наразылықтардың мүмкіндігін жоққа шығарды.

Тұтқындардың арасында наразылықсыз мойынсұнушылықты сақтау, арнайы лагерь сотының қатаң жазалау тәжірибесі адамдардың үлкен тобын қадағалауға көмектесті. Лагерьлік «әділеттілік» өзінің сот қызметінде, ең алдымен, ГУЛАГ-тың экономикалық және саяси мүдделерін басшылыққа алды. Арнайы лагерь соттары құпиялылық режимінде жұмыс істеді, сот ісі қылмыстық іс жүргізу заңнамасын өрескел бұрмалаумен жүргізілді, жазалау практикасы Сталиндік режимнің репрессиялық саясатының мақсаттары мен міндеттеріне бағынды.

ГУЛАГ адам ресурстары мен табиғатты аяусыз кең көлемде жойды. КСРО-да экологиялық апаттың басталуы ГУЛАГ-тың экономикалық қызметімен байланысты болды.

Сондай-ақ, лагерь жүйесінің жұмыс істеуі әрдайым Сталиннің жеке бақылауында болғанына көптеген құжаттар дәлел. Сталиннің қарауына түскен Ішкі істер және Мемлекеттік қауіпсіздік органдарының репрессиялық қызметті күшейту туралы барлық жобалары мен ұсыныстары: «сіздің нұсқауларыңызға сәйкес» деп басталды. Лагерьлер жүйесі Сталин қайтыс болғаннан кейін құлдырай бастады.

Лагерлерден тұтқындарды босату КОКП XX съезінен кейін аяқталды. Сол жылы ресми қылмыстық-құқықтық терминологиядан «лагерь» сөзі маңызын жоғалта бастады. ГУЛАГ Кеңес мемлекетінің тоталитарлық кезеңіне тән әлеуметтік-экономикалық құбылыс ретінде жеке адамдардың ғана емес, бүкіл елдің өмірінде терең із қалдырып, өз қызметін тоқтатты.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

- 1 Указ Президента РК «Об Объявлении 1997 года Годом общенационального согласия и памяти жертв политических репрессий» // Сборник нормативно–правовых актов о реабилитации жертв массовых политических репрессий. – Алматы: Жеті жарғы, 1997. – 133 с.
- 2 Тұрсұн Х., Қабыл А., Оразхан Н. Мемлекеттік террор мен қуғын-сүргіннен туған жерін тастап, Қазақстаннан тыс жерлерге (Өзбекстан, Тәжікстан) ауа көшкендердің архивтік құжаттары мен естеліктер жинағы. [Құрастырушылар тобының жетекшісі т.ғ.д., профессор Х.Тұрсұн, жұмыс тобының мүшелері – А.Қабыл, Н.Оразхан] - Алматы: «Арыс» баспасы, 2022 жыл. – 424 б.
- 3 Сандыбаева А.Д. Түркістан облысындағы 1920-1921 ж.ж. және 1930-1933 ж.ж. ашаршылық. Архивтік құжаттар жинағы. Жинақты құрастырған: А.Сандыбаева. – Алматы: «Арыс» баспасы, 2022 жыл. – 200 б.
- 4 Хазретәліқызы Р. Түркістандағы Алаш қозғалысы. Құжаттар мен мақалалар жинағы. [Жауапты редактор т.ғ.д., профессор Х.Тұрсұн, құрастырушы Хазретәліқызы Р.] – Алматы: «Арыс» баспасы, 2022 жыл. – 248 б.
- 5 Бостандық және Созақ аудандарындағы көтерілістерге өатысты архивтік құжаттары мен мақалалар жинағы. [Жауапты редактор т.ғ.д., профессор Х.Тұрсұн. Құрастырушылар тобының жетекшісі Г.Шардарбекова, құрастырушылар Г.Бейсенбаева, М.Қарғабай, М.Егембердиева т.б.] - Алматы: «Арыс» баспасы, 2022 жыл. – 288 б.
- 6 Кенжетай Д., Оразбай С., Төлегенов М. Кеңес өкіметінің дін саясаты және діни себептермен қуғындалғандарға қатысты архив құжаттары. Құжаттар мен мақалалар жинағы. [Жауапты редактор филос.ғ.д., профессор Кенжетай Досай, құрастырушылар Оразбай С., Төлегенов М.] – Алматы: «Арыс» баспасы, 2022 жыл. – 184 б.
- 7 Кенжетай Д. Кеңес өкіметінің дінге қарсы саясаты және дін қызметкерлерінің қуғындалуы. Монография. – Алматы: «Арыс» баспасы, 2022 жыл. – 160 б.
- 8 Адилбекова З., Исатаева А. Отырықшыландыру мен шаруаларды күштеп жер аудару науқаны. Архивтік құжаттар жинағы. [Жұмыс тобының мүшелері Х.Кичкимбаева, М.Шымырбек, Ә.Нурсейтова, Л.Қалмұханбет] – Алматы: «Арыс» баспасы, 2022 жыл. – 192 б.
- 9 Саяси қуғын-сүргін құрбандарының толық құқықтық ақтауға ұсынылғандардың кеңейтілген тізімі. [Ғылыми жетекші т.ғ.д., профессор Х. Тұрсұн, жауапты редактор К.Тасыбекова, құрастырушылар А.Сейтқазиева, Р.Намазбаева, А.Нуржанова] - Алматы: «Арыс» баспасы, 2022 жыл. – 560 б.
- 10 Население СССР. Численность, состав и движение населения. 1973. Стат сборник. – М.: Статистика, 1975. – 207 с.
- 11 Гордон Л.А., Клопов Э.В. Что это было?: Размышления о предпосылках и итогах того, что случилось с нами в 30-е - 40-е годы. – М.: Политиздат, 1989. – 300 с.
- 12 Абыпхожин Ж.Б., Козыбаев М.К., Татимов М. Казахстанская трагедия // Вопросы истории. - 1989. – 53-71 с.
- 13 Гаджиев У.С. Тоталитаризм как феномен XX века // Вопросы философии. -1992. - №2. – 20 с.
- 14 Борисов Ю., Голубев А. Тоталитаризм и отечественная история // Свободная мысль. - М., 1992. – 71 с.
- 15 Вергенов Л.Н. Закат тоталитаризма. Сумерки России // Россия и современный мир. - 1995. - №3. – 185 с.
- 16 Баталов Э. Тоталитаризм - живой и мертвый//Свободная мысль. - М., 1994. -№4. – 119 с.

- 17 Нысанбаев А.Н., Сулейменов Ф.М. Между миром и разумом. (Из опыта духовных исканий XX в.). - Алма-Ата: Казахстан, 1991. – 144 с.
- 18 Еламанова А.М. Власть в тоталитарной системе // Известия НАН РК. - Сер.общ.наук. - 1993. - № 3. – 94 с.
- 19 Балакаев Л.Н. Тоталитаризм: СССР в 1928-1947 гг. - Алма-Ата: Арман, 1994. – 32 с.
- 20 Абишев К.А. Тоталитаризм как форма отчуждения // Человек в мире отчуждения. - Алма-Ата: Ғылым, 1996. – 59 с.
- 21 Абильдина Р.Ж. Преодоление тоталитаризма как условие развития личности // Человек в мире отчуждения. - Алма-Ата: Ғылым, 1996. – 270 с.
- 22 Козыбаев М.К., Алдажуманов К.С. Тоталитарный социализм: реальность и последствия. - Алматы: Адилет. Фонд XXI век. - 1997. – 28 с.
- 23 История Казахстана: белые пятна. Сборник статей. - Алма-Ата: Казахстан, 1991.– 348 с.
- 24 Қозыбаев М., Алдажұманов К. Әбілқожин Ж. Қазақстандағы күшпен коллективтендіру. Алматы, 1992. - 36 б.; Козыбаев М. Жауды шаптым ту байлап. - Алматы, 1994. – 192 б.; Козыбаев М. Еще не все известны имена // Казахстанская правда. - 19 февраля 1997; Козыбаев М. «Золотой фонд партии» ...На костре по воле партии // Наука Казахстана, - 1997. - № 21.
- 25 Гришанов Д. История Карлага: охрана, режим и условия содержания заключенных. Автореферат... / КарГУ им. Е.Букетова. - Караганда, 2009. - 52 с.
- 26 Шаймуханов Д., Шаймуханова С. Карлаг. - Караганда, 1997. – 89 с.

REFERENCES

- 1 Ukaz Prezidenta RK «Ob'yavlenii 1997 goda Godom obshenatsionalnogo soglasiya i pamyati jertv politicheskix repressiy» // Sbornik normativno-pravovix aktov o reabilitatsii jertv massovix politicheskix repressiy. – Almati: Jetijarg'i, 1997. – 133s.
- 2 Tursun H., Qabil A., Orazxan N. Memlekettik terror menqug'in-syrginnen tug'an jerin tastap, Qazaqstannan tis jerlerge (Өзбекстан, Тәжікстан) aua көшкenderдің архивтік құжattari мен yestelikter jinag'i. [Qyrastirushilar tobinin jetekshisi t.g'.d., professor H.Tursun, jymis tobinin mysheleri – A.Qabil, N.Orazxan] – Almati: «Aris» baspasi, 2022 jil. – 424b.
- 3 Sandibayeva A.D. Tyrkistan oblisindag'I 1920-1921 j.j. және 1930-1933 j.j. asharshiliq. Arxivtik qujattar jinag'i. Jinaqti qurastirg'an: A.Sandibayeva. – Almati: «Aris» baspasi, 2022 jil. – 200 b.
- 4 Hazretaliqizi R. Tyrkistandag'I Alash qozg'alisi. Qujattar men maqalalar jinag'i. [Jauapti redactor t.g'.d., professor X.Tursun, qurastirushi Hazretaliqizi R.] –Almati: «Aris» baspasi, 2022 jil. – 248b.
5. Bostandiq және Sozaq audandarindag'I көterilisterge өatisti arxivtik qujattari мен maqalalar jinag'i. [Jauapti redaktor t.g'.d., professor H.Tursun. Qurastirushilar tobinin jetekshisi G.Shardarbekova, qurastirushilar G.Beysenbayeva, M.Qarg'abay, M.Yegemberdiyeva t.b.] -Almati: «Aris» baspasi, 2022 jil. – 288b.
- 6 Kenjetay D., Orazbay S., Tolegenov M. Kenes өkimetinin din sayasati және dini sebeptermen qug'indalg'andarg'a qatisti arxiv qujattari. Qujattar men maqalalar jinag'i. [Jauapti redaktor filos.g'.d., professor Kenjetay Dosay, qu rastirushilar Orazbay S., Tolegenov M.]–Almati: «Aris» baspasi, 2022 jil. – 184 b.
- 7 Kenjetay D. Kenes өkimetinin dinge qarsi sayasati және din qizmetkerlerinin qug'indalui. Monografiya. – Almati: «Aris» baspasi, 2022 jil. – 160 b.
- 8 Adilbekova Z., Isatayeva A. Otiriqshilanderu мен sharualardi kushtep jer audaru nauqani. Arhivtik qujattar jinag'i. [Jumis tobinin musheleri H.Kichkimbayeva, M.Shimirbek, Ә.Nurseytova, L.Qalmұxanbet] – Almati: «Aris» baspasi, 2022 jil. – 192b.


- 9 Sayasi qug'in-syrgin qurbandarinin toliq quqitq aqtaug'a ysinilg'andardin keneytilgen tizimi. [G'ilimi jetekshi t.g.d., professor H.Tursun, jauapti redaktor K.Tasibekova, qurastirushilar A.Seytqaziyeva, R.Namazbayeva, A.Nurjanova] - Almati: «Aris» baspasi, 2022 jil. – 560b.
- 10 Naseleniye SSSR. Chislennost, sostav I dvijeniye naseleniya. 1973. Stat sbornik.–M.: Statistika, 1975. – 207s
- 11 Gordon L.A., Klopov E.V. Chto eto bilo?: Razmishleniya o predposilkax I itogax togo, chto sluchilos s nami v 30-ye - 40-ye godi. – M.: Politizdat, 1989. – 300s.
- 12 Abipxojin J.B., Kozibayev M.K., Tatimov M. Kazaxstanskaya tragediya //Voprosi istorii. -1989. – 53-71s.
- 13 Gadjiyev U.S. Totalitarizm kak fenomen XX veka // Voprosi filosofii. -1992.-№2. –20s.
- 14 Borisov Yu., Golubev A. Totalitarizm I otechestvennaya istoriya // Svobodnaya misl. - M., 1992. –71 s.
- 15 VergenovL.N. Zakat totalitarizma. Sumerki Rossii // Rossiya I sovremenniy mir - 1995. - №3. – 185s.
- 16 Batalov E. Totalitarizm – jivoy I mertviy //Svobodnaya misl. - M., 1994 -№4. –119s.
- 17 Nisanbayev A.N., Suleymenov F.M. Mejdu mirom I razumom. (Iz opita duxovnix iskanii XX v.). - Alma-Ata: Kazaxstan, 1991. – 144s.
- 18 Elamanova A.M. Vlast v totalitarnoy sisteme // Izvestiya NAN PK. - Ser.obsh.nauk. - 1993. - №3. – 94s.
- 19 Balakayev L.N. Totalitarizm: SSSR v 1928-1947 gg. - Alma-Ata: Arman, 1994. – 32 s.
- 20 Abishev K.A. Totalitarizm kak forma otchujdeniya // Chelovek v mire otchujdeniya. - Alma-Ata: G'ilim, 1996. –59s.
- 21 Abildnna R.J. Preodoleniye totalitarizma kak usloviye razvitiya lichnosti //Chelovek v mire otchujdeniya. - Alma-Ata: G'ilim, 1996. – 270 s.
- 17 Nisanbayev A.N., Suleymenov F.M. Mejdu mirom I razumom. (Iz opita duxovnix iskanii XX v.). - Alma-Ata: Kazaxstan, 1991. – 144 s.
- 18 Elamanova A.M. Vlast v totalitarnoy sisteme // Izvestiya NAN RK. - Ser.obsh.nauk. - 1993.- №3. – 94s.
- 19 Balakayev L.N. Totalitarizm: SSSR v 1928-1947 gg. - Alma-Ata: Arman, 1994. – 32s.
- 20 Abishev K.A. Totalitarizm kak forma otchujdeniya // Chelovek v mire otchujdeniya. - Alma-Ata: G'ilim, 1996. – 59s.
- 21 Abildnna R.J. Preodoleniye totalitarizma kak usloviye razvitiya lichnosti //Chelovek v mire otchujdeniya. - Alma-Ata: G'ilim, 1996. – 270s.
- 22 Kozibayev M.K., Aldajumanov K.S. Totalitarniy sotsializm: realnost I posledstviya. - Almati: Adilet. Fond XXI vek. - 1997. – 28s.
- 23 Istoriya Kazaxstana: belie pyatna. Sbornik statey. - Alma-Ata: Kazahstan, 1991.– 348s.
- 24 Qozibayev M., Aldajumanov K. Əbilqojin J. Qazaqstandag'I kyshpen kollektivtendiru.- Almati, 1992. - 36b.; Kozibayev M. Jaudi shaptim tu baylap. -Almati, 1994. – 192 b.; Kozibayev M. Yeshe ne vse izvestni imena // Kazaxstanskaya pravda. – 19 fevralya 1997; Kozibayev M. «Zolotoy fond partii» ...Na kostre po vole partii // Nauka Kazahstana, - 1997. - №21.
- 25 Grishanov D. Istoriya Karlaga: ohrana, rejim I usloviya soderjaniya zaklyuchennix. Avtoreferat... / KarGU im. Ye.Buketova. - Karaganda, 2009. -52s.
- 26 Shaymuxanov D., Shaymuxanova S. Karlag. - Karaganda, 1997. – 89s.

FTAMP 03.11.09

ТҰРСҰН ХАЗРЕТӘЛІ МАХАНҰЛЫ

Тарих ғылымдарының докторы,
Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің
профессоры, (Түркістан қ., Қазақстан Республикасы).

E-mail: khazretali.tursun@ayu.edu.kz

 0000-0002-8610-522X :

АРХИВ ҚҰЖАТТАРЫНДАҒЫ СҰЛТАНБЕК ҚОЖАНОВТЫҢ ҚУҒЫНДАЛУ ТАРИХЫ

Аңдатпа. *Kіріспе.* Мақала көрнекті мемлекет және қоғам қайраткері, публицист Сұлтанбек Қожановтың саяси қуғын-сүргінге ұшырауына қатысты архив құжаттарын талдауға арналған. Мемлекет басшысы Қ.Тоқаевтың 2021 жылғы саяси қуғын-сүргін құрбантарын толық ақтауға қатысты Жарлығы осы тақырыптағы зерттеулерге тың серпіліс берген еді. Мемлекеттік бағдарлама аясында жүзеге асырылып жатқан ғылыми проблеманы жеке тұлғаға қатысты архив құжаттары негізінде талдау Отан тарихын өзектілендіруге үлес болып қосылады деп ойлаймыз. *Зерттеудің мақсаты және міндеттері.* Зерттеудің басты мақсаты С.Қожановтың саяси қуғын-сүргінге ұшырауының себептеріне архив құжаттары негізінде талдау жасау болып белгіленді. Осыған сәйкес архивтік құжаттармен археографиялық жұмыстар жүргізу; тың мәліметтерді ғылыми айналымға ұсыну; мәселені зерттеудің әдіс-тәсілдерін нақтылау; қайраткердің қуғындалу тарихын ғылыми қалпына келтіру міндеттері шешілуі тиіс. *Жұмыстың ғылыми және тәжірибелік маңыздылығы.* Мақалада С.Қожановтың тергеу хаттамаларын ғылыми айналымға ұсынуға байланысты методологиялық тұжырымдар мен зерттеу тәжірибелері бойынша жасалған қорытындылар осы бағыттағы ізденістерге бағдар бола алады деп ойлаймыз. *Нәтижелер.* С.Қожановтың архив қорларынан табылып, айналымға ұсынған құжаттарының мәліметтері өткен ғасырдың 30 жылдары ұлт қайраткерлеріне қатысты жүргізілген саяси репрессия тарихының мазмұнын толықтырады және зерттеу тәсілдерін жаңалайды.

Түйін сөздер: Сұлтанбек Қожанов, саяси қуғын-сүргін, құпия қорлар

ТУРСУН ХАЗРЕТАЛИ МАХАНУЛЫ

Доктор исторических наук,
профессор. Международный казахско-турецкий университет им. Ходжа Ахмеда
Ясауи, г.Туркестан, Республика Казахстан.

e-mail: khazretali.tursun@ayu.edu.kz  <https://orcid.org/0000-0002-8610-522X>

ИСТОРИЯ РЕПРЕССИ СУЛТАНБЕКА ХОДЖАНОВА В АРХИВНЫХ ДОКУМЕНТАХ


Аннотация. *Введение.* Статья посвящена анализу архивных документов, связанных с политическим преследованием выдающегося государственного и общественного деятеля публициста Султанбека Кожанова. Указ главы государства К.Токаева о полном реабилитации жертв политических репрессий в 2021 году дал новый импульс исследованиям на эту тему. Мы полагаем, что анализ научной проблемы на основе архивных документов, касающихся отдельных лиц, реализуемой в рамках государственной программы будет способствовать актуализации отечественной

истории. *Цель и задачи исследования.* Основной целью исследования был анализ причин политического преследования С. Ходжанова на основе архивных документов. Соответственно, проведение археографических работ с архивными документами; представление новых сведений в научный оборот; уточнение методов исследования проблемы; необходимость решения задачи восстановления истории преследования деятеля. *Научная и практическая значимость работы.* В статье мы полагаем, что методические выводы и исследовательский опыт, связанные с представлением в научный оборот следственных отчётов С. Ходжанова, могут послужить руководством для исследований в этом направлении. *Полученные результаты.* Сведения документов С. Ходжанова, обнаруженные в архивах и представленные в обращение, дополняют содержание истории политических репрессий против национальных деятелей в 30-е годы прошлого века и актуализируют методы исследования.

Ключевые слова: Султанбек Ходжанов, политические репрессии, секретные фонды.

TURSUN KHAZRETALI

Doctor of Historical Sciences,

Professor. International Kazakh-Turkish University named after Khoja Ahmed Yasawi. (Kazakhstan, Turkistan), e-mail: khazretali.tursun@ayu.edu.kz 
<https://orcid.org/0000-0002-8610-522X>.

HISTORY OF REPRESSION OF SULTANBEK KHODJANOV ACCORDING TO ARCHIVAL DOCUMENTS

The article is devoted to the analysis of archival documents related to the political persecution of the prominent state and public figure publicist Sultanbek Kozhanov. The decree of the head of state K. Tokayev on full rehabilitation of victims of political repressions in 2021 gave a new impetus to research on this topic. We believe that the analysis of the scientific problem on the basis of archival documents relating to individuals, implemented within the framework of the state programme will contribute to the actualization of the history of the Fatherland. Purpose and objectives. The principal objective of the study was to examine the reasons behind the political persecution of S. Kozhanov, with a particular focus on the analysis of archival documents. Consequently, the archaeological study of archival documents was conducted, new information was introduced into the scientific corpus, the methods of research were clarified, and the necessity to restore the history of the persecution of the figure was identified. Scientific and practical significance. In this article, we propose that the methodological conclusions and research experience related to the presentation of the investigative reports of S. Kozhanov can serve as a guide for research in this direction. The results obtained are as follows. The information contained in the documents of S. Kozhanov, which have been discovered in archives and presented to the public, will serve to complement the content of the history of political repression against national

Keywords: Sultanbek Khodzhanov, political repressions, secret funds

Кіріспе. *Kіріспе.* XX ғасырдың 20-30жылдары саясат сахнасына шыққан қазақ ұлттық элитасының шоғырындағы жарқын тұлғалардың бірі Сұлтанбек Қожановтың өмірбаяны ғылыми тұрғыда біршама қалпына келтірілді. Дегенмен, оның саяси қуғын-сүргінге ұшырауына қатысты архивтік құжаттары соңғы кезге дейін қолжетімсіз болуы оның өмірбаянының толықтыруға мүмкіндік бермей келді. Алматы, Мәскеу, Ташкент қалаларындағы ведомстволық архивтердің құпия қорларындағы С.Қожановтың тергеу істерімен танысу осы тақырыпты деректік тұрғыда ғылыми талдауға негіз болды. Зерттеуде С.Қожановтың биографиясын ғылыми қалпына келтіру басты мақсат болып

белгіленді. Соған сай ведомстволық архив қорларындағы қайраткердің құжаттық деректері талданып, ғылыми айналымға ұсынылады. Ғылыми маңыздылығы. С.Қожановтың өмірбаянына қатысты белгісіз болып келген мәліметтерді ғылыми айналымға алғаш рет ұсынады және тергеу құжаттарын дереккөз ретінде қолданудың әдістерін ұсынады. Бұл нәтижелер саяси қуғын-сүргін процесіне ғылыми баға беруге ықпал етіп, жаңа тарихи таным қалыптастыруға септігі тиеді.

Өз қатарластары сияқты С.Қожановтың қоғамдық-саяси қызметі қарқынды саяси күреспен өтті. Өрлеу мен құлдыраудан тұратын осы күрес жолында оның жеңіске жеткен, жеңілген сәттері аз емес еді. Мектеп мұғалімінен Түркістан АКСР Ағарту халкомы, уездік-қалалық Кеңес атқару комитеті төрағасының орынбасарынан Түркістан Орталық Атқару Комитеті төрағасы қызметіне, қатардағы партия мүшесінен БК(б)П ОК Ортаазиялық бюросының мүшелігі, Қазақ Өлкелік партия Комитетінің екінші хатшысы лауазымына қызметтік өрлеуі кеңестік кадр саясатының өзегін құраған партиялық-мемлекеттік номенклатура жүйесінің талаптары шеңберінде өрбіді. Сол сияқты 1925 жылы Голощекиннің қысымымен Мәскеуге оқуға жіберілуінен кейінгі кезеңдегі қосалқы мәндегі шаруашылық саласының қызметтеріне тартылуы да осы жүйенің талаптарына сай өрбіді. Тоталитарлық биліктің нығаюы Кеңес Одағындағы идеологияны жаппай қадағалауға алуы жағдайында ұлттық, саяси құндылықтардың коммунистік құндылықтармен алмастырылуы «Үлкен террорға» алып келді. С.Қожанов та коммунистік қоғамнан аласталуы тиіс миллиондаған тұлғалардың қатарында саяси қуғын-сүргіннің құрбанына айналды.

Талдау.

Саяси қуғын-сүргін құжаттарын зерттеушілерге қол жетімді етуге Кеңес Одағы Орталық билігінің мұрагері ретінде Ресей парламенті негіз қалап берді. 1991 ж. 18 қазанында қабылданған «Саяси қуғын-сүргін құрбандарын ақтау туралы» Заңға сәйкес жаппай архивтік-тергеу істерін «құпиясыздандыру» қолға алынды (Закон РФ "О реабилитации жертв политических репрессий" от 18.10.1991 N 1761-1 : 3-8) да аталған құжаттар зерттеушілерге қолжетімді болып, Ресейде осы тақырыптағы алғашқы жарияланымдар пайда болды. Осы ақпараттар толқынында Қазақстанда саяси қуғын-сүргін құрбандарының тергеу материалдарын ғылыми айналымға ұсынған зерттеулер жарық көре бастады (Досжан, 1993), (Жұртбай, 2008). 90-жылдың екінші жартысынан бастап бұндай басылымдардың сипаты өзгерді. Алғашқы кезде ол жарияланымдар публицистикалық-иллюстративті сипатта болса, ендігі жерде тергеу істері маңызды дереккөз ретінде байыпты талдана бастады.

Қуғын-сүргінге ұшырағандардың тергеу құжаттарының тарихи деректерге айналуының өзі құқықтық қамтамасыз етілуімен бірге оған деген теориялық, әдіснамалық және әдістемелік ұстанымдар қалыптасуы тиіс болды. Бұл жұмысқа да ресейлік ғалымдар негіз қалады. Осы бағытта жарық көрген әдебиеттердің өзі біршама (Издание судебных-следственных документов советского периода), (Ковальчук Л.В. Методические рекомендации по описанию архивно-следственных дел. Одесса, 2002.), Ресейдің орталық басылымдарында тергеу құжаттарын айналымға ұсынған іргелі еңбектер жарық көрді.

Жазалау органдарының қызметінің жемісі ретінде тергеу істері осылайша кеңестік кезеңдегі еліміздің саяси тарихының әртүрлі қырларын қарастырудағы маңызды дереккөзге айналды. Еліміздің барлық аймақтарында қуғын-сүргін құрбандары тізімін ұсынған «Азалы кітаптар» жарық көре бастады.

Тергеу істерін жариялау және оларды зерттеулерде пайдалану осы тұрпаттағы тарихи деректердің толықтығы мен шынайылығы туралы мәселе туындатты. «Зерттеуші археографтар құжаттардың мемлекеттік сақтауға берілген кезде «тазалауға»

ұшырағандығын, көптеген құжаттардың оперативті жұмыстардың құпиялығын жария етпеу және тергеу құпиясын сақтау мақсатында жойылғандығын атап айтады» (Кладов, 2011 : 72). Елімізде де осындай жағдай қалыптасқан. «Мемлекеттік құпиялар туралы» ҚР Заңында саяси қуғын-сүргін құрбандарының істері мемлекеттік құпияға жатпайтындығы анық жазылғанымен құқыққорғау органдарының нормативті құжаттары мен ережелері ведомстволық архивтеріндегі құжаттардың зерттеушілерге қолжетімділігіне кедергі болып келген еді. 2021-2023 жылдары Саяси қуғын-сүргін мен ашаршылық құрбандарын толық ақтауға қатысты жүргізілген архивтік іздестіру жұмыстары тергеу істеріне қатысты құжаттар корпусын айналымға ұсынды. Ендігі кезекте осы құжаттармен археографиялық жұмыстар жүргізу қолға алынды.

Әдістер мен деректер

Тергеу хаттамаларын тарихи дереккөз ретінде ғылыми айналымға ұсынудағы ең басты түйткіл - оларда ақылға сыймайтын, қисынсыз, сандырақ айыптаулардың орын алуы. Осының өзі тергеу істерімен жұмыс жасаудың өзгеше тәсілін, өзгеше методологиясын қажет етеді.

Елімізде саяси қуғын-сүргін құрбандарының құжаттары тарихи дереккөз ретінде қолдану тәжірибелері тарихи тұлғалардың ғылыми өмірбаянын қалпына келтіру әдістерінде қолданылып келеді. Зерттеуімізді ресейлік тарих ғылымында қалыптасқан саяси қуғын-сүргін құжаттарын талдау мен сынаудың тәсілдері қолданылды. Сол сияқты ҚР Президенті Қ.Тоқаевтың 2020 жылғы жарлығына сай құрылған саяси қуғын-сүргін мен ашаршылық құрбандарын толық ақтау бойынша құрылған мемлекеттік комиссияның методологиялық тұжырымдары басшылыққа алынды. Тергеу хаттамаларын тарихи дереккөз ретінде талдап, айналымға ұсыну саяси қуғын-сүргін тақырыбындағы зерттеулерде әзірге қолға алына қойған жоқ. Солардың қатарында көрнекті мемлекет қайраткері Сұлтанбек Қожановқа қатысты тергеу құжаттары әзірге толық айналымға шыққан жоқ. Осы зерттеуіміз тақырыпқа қатысты алғашқы қадам. Қожановтың 1937 жылғы 20 шілдедегі бірінші тергеу хаттамасы алғаш рет 2004 жылы айналымға ұсынылды (Лубянка, 2004 : 155-161). Ал басқа құжаттары қолжетімді болмағандықтан осы кезге дейін айналымға шыққан жоқ. Біз қайраткердің қуғын-сүргін құжаттарының кейінгі екі хаттамасын талдап, айналымға ұсынамыз. Сонымен бірге С.Қожановтың қуғындалуына негіз болған себептерді айғақтайтын архивтік деректерге де талдау жасаймыз.

Нәтижелер

Жаппай қуғын-сүргін кезінде тергелушілердің кінәсін мойнына алмаған тергеулерін хаттамаламау туралы арнайы нұсқаудың болуының өзі тергеу құжаттарының толық еместігін айғақтайды. Ал жеке істерде сақталған тергеу хаттамалары көбіне бір қалыптан шыққандай сипат алады және олардың бұрмалағаны көзге ұрып тұрады. «Сақталған істерді шынайы және салыстырмалы түрде толық мәліметтер деп айтуға болмайды. Дегенмен, осы түрінің өзінде ол миллиондаған қуғын-сүргін құрбандарының есімін қалпына келтіруде және кеңестік қуғын-сүргін жүйесінің қызмет етуінің заңдылықтарын бағамдауда үлкен маңызға ие» (Ковальчук, 2002 : 4) екендігін ескерсек, онда осы құжаттардың ұсынатын ақпараттарын талдағанда олардың толық емес екендігіне және тергеушілер тарапынан бұрмаланғандығына назар аударуылуы керек.

Зерттеу тәжірибесі көрсеткендей қуғын-сүргіннің тергеу істері бұрмаланған дереккөз екендігі белгілі. Әйтсе де, ол құжаттарды заңсыздық пен зұлматтың куәсі ғана емес, сол дәуірдің тарихи ескерткіші ретінде жариялау қажеттігі де айқын. Ендігі мәселе күрделі сипаттағы осы тергеу істерін тарихи құжат ретінде қарастырудың ортақ

әдіс-тәсілдерін қалыптастырудан туындайды. Әйтсе де, «әртүрлі процестер, әртүрлі уақыт және әртүрлі істердің болуына орай біртұтас әдістеменің болуы мүмкін емес» (Перемышленникова, 2000 : 230) екендігі де есте болуы керек. XX ғасырдың құжаттануында тарихи бұрмалау ретінде бұл құжаттарды деректанулық талдау ең бір өткір және күрделі мәселе болып қалып отыр. Содан да соңғы кезге дейін деректануға арналған әдебиеттерде тергеу істерін дереккөз ретінде қарастырған ортақ әдістеме болған жоқ.

Қазіргі кезде кез келген байыпты зерттеуші тергеу істері құжаттарының жаппай бұрмаланған, әйтсе де сыни көзқарасты талап ететін өзіндік тарихи дереккөз екендігін жоққа шығармайды. Содан да ол материалдарды тұтас бір кезеңнің мәдени ескерткіші ретінде тыңғылықты ғылыми талдаулармен, дереккөз ретінде ғылыми айналымға ұсыну керектігі де айқын.

Архивтік құжатқа айналған тергеу істері дегеніміз құрамы мен түрі қуғындау органдарының ВЧК-дан КГБ-ға дейінгі даму жолында көп өзгеріске түскен түрлі дереккөздердің кешені. Тергеу істерін қалыптастыру ережесі қылмыстық-процессуалдық кодекспен белгіленгенімен сот-тергеу тәжірибесінің әртүрлі болуы міндетті құжаттардың құрамы, мазмұны, олардың безендірілуіне өз қолтаңбасын қалдырғандығы аңғарылады.

Тергеу ісінің құрамындағы құжаттардың ең негізгісі тергеу хаттамалары болып келді. Ол хаттамалардың жасақталуы мынадай міндетті құрауыштардан тұрады: хаттаманың түзілген уақыты, мекен-жайы; хаттама толтыруға негіз болған әрекет; хаттама жүргізушінің қызметі; шені, статьясы, процессуалды әрекетке қатысушылардың хаттамамен танысуы туралы мәліметтер, соңында хаттаманы толтыруға қатысушылардың қойылған қолы.

Заңгерлік тәжірибеде хаттамаға қойылатын осындай талаптарға қарамастан тергеу хаттамалары тарихи оқиғалардың барысын толық қамти алмағандықтан да оны объективті деп айтуға болмайды. Оның үстіне тергеу хаттамаларының мазмұны тергеушілер тарапынан идеологиялық талаптар мен атқарушы биліктің тапсырмаларына қарай мақсатты түрде ашықтан-ашық бұрмалануын қосыңыз.

С.Қожанов 1937 жылы Ташкент қаласында тұтқынға алынды. 10 шілде күні «аса қауіпті қылмыскер ретінде ерекше күзетпен» Мәскеудегі Бутырка түрмесіне жеткізілді (ЦА ФСБ РФ. Дело №12637 (Султанбек Ходжанов) Л.1). Тергеу құжаттары оның осы түрмеде 1938 жылдың 10 ақпанында атылғанға дейін ұсталғандығын айғақтайды. Оның тергеу ісінде небары үш тергеу хаттамасы ғана тіркелген. Алғашқы тергеу 31-шілде 1937 жылы, екіншісі 28-тамызда, үшіншісі 11-қыркүйекте хатталған. Басқа тергеу хаттамалары іске тіркелмеген.

С.Қожанов Ташкентте қамауға алынған кездегі алдын-ала тергеу хаттамасы іске тіркелмеген. Тергеу хаттамалары арасында 20 шілде күні ПХК комиссары Н.Ежовқа жазған өтініші сақталған. Құжат түпнұсқа, С.Қожановтың өз қолымен жазылған. Осы құжаттағы «Несмотря на мое нахождение в течение 12 лет вне Казахстана, я не прекращал националистическую деятельность и продолжал участвовать в руководстве контрреволюционной деятельностью националистической организации» деп көрсете отырып, Қазақ Өлкелік партия комитетінің хатшысы болған кезінде Семей обкомының хатшысы, кейін Қазөлкекомның ұйымдастыру бөлімінің меңгерушісі болып, қарамағында қызмет істеген Н.И.Ежовтың «бір рет болса да жеке өзінің тергеу жүргізуін» (ЦА ФСБ РФ. Дело №12637 (Султанбек Ходжанов) Л.11-11 об.) өтінеді. Бұл өтініш тергеу ісіне тіркелгенімен оған ешқандай белгі қойылмаған және істе оған сілтеме жасайтын немесе еске салатын ешқандай құжат кездеспейді.

Бұл өтініштен С.Қожановтың үлкен саяси және қылмыстық айыптаумен тұтқынға алынып, қуғындау машинасының алдында тізе бүккен шарасыз

психологиялық ахуалы танылады. Әйтсе де, құрдымға кетіп бара жатқан тағдырына алаңдап, ең соңғы тірек ретінде бұрынғы қызметтесінің тарапынан көмек күткен әлсіз үміттің нышаны аңғарылады. Аса маңызды деп саналған қылмыстық істерді тікелей өз қадағалауына алып, оның нәтижесін Сталинге баяндап отырған Н.Ежовтың С.Қожанов өтініші бойынша онымен кездесуі де мүмкін, кездеспейуі де мүмкін. Қалай болғанда да Ежовтың тергеу ісіне тікелей болса да қатысуы хаттамаланбаған. Содан да, деректік құжат болмаған соң олардың кездесуі туралы әлдеқандай болжам жасау негізсіз болар еді.

Сұлтанбек Қожанов Ташкентте тұтқынға алынып, Мәскеуге жөнелтілуінің себебі – НКВД-ның Орталық аппараты аймақтық құрылымдардың жүргізген «бұқаралық операцияларына» жалпы қадағалау жүргізіп отырған. Ал Орталық аппарат аса маңызды істерді ғана тікелей өз қарамағына алып, тергеу жүргізген және олардың дайындаған істері КСРО Жоғарғы сотының Әскери коллегиясына, сирек жағдайда әскери трибуналдарға үкім шығару үшін жолданып отырған. Ал аймақтық құрылымдар жүргізген істер соттан тыс органдар – үштіктерге жолданған.

С.Қожановтың 31 шілде күнгі алғашқы хаттамасы (ЦА ФСБ РФ. Дело №12637 (Султанбек Ходжанов) Л.12-39) осы күні Н.Ежовтың жолдама хатымен И.Сталинге танысуға ұсынылған. Хаттама айыпталушының қысқаша өмірбаянымен басталады. Тергеушінің алғашқы сұрағы «Сізге мынадай айып тағылады: Сіз кеңес өкіметіне қарсы троцкийшілер мен оңшылдардың орталығымен бірлесіп әрекет еткен кеңеске қарсы пантүркішіл ұйымның басшыларының бірі болып табыласыз. Сізге өзіңіздің кеңеске қарсы жүргізген жасырын әрекеттеріңіздің барлығын мойындап, өз сыбайластарыңызды көрсетуіңізді сұраймыз» деп басталады. Осы алғашқы сұрақ тергеудің қандай бағытта жүргізілгенін және қандай мақсат көздегендігін айқындайды. Бұл схема барлық тергеу хаттамаларына тән болып келеді. Осы хаттамамен танысқан Сталин ондағы көрсетілген қырыққа жуық адамның аты-жөнінің тұсына әртүрлі белгі қойған.

Осы тергеудің алдында тергеуші, өкілетті өкіл Нейман 22 шілде күні айыптау шараларын таңдау және айып тағу туралы қаулы шығарады. Онда С.Қожановқа «кеңеске қарсы ұлтшылдық ұйым басшыларының бірі» деген айып тағылып, тергеу қамауында ұстау керектігі белгіленген (ЦА ФСБ РФ. Дело №12637 (Султанбек Ходжанов) Л.10).

С.Қожановтың екінші тергеу хаттамасы 28-тамыз күні толтырлған. Тергеудің алғашқы бағдарламалық сұрағы оның Өзбекстанда ұзақ уақыт қызмет істегендігін алға тартып, осы республикадағы оңшылдар мен троцкийшілер және пантүркішілдермен байланыстарын анықтауға арналған. Осы хаттамада С.Қожанов Өзбекстанда түрлі лауазымдарда қызметтес болған Ф.Ходжаев, А.Икрамов, А.Исламовтармен қатар 16 тұлғаның есімдерін атап, олармен қандай байланыстары болғандығын көрсетеді (ЦА ФСБ РФ. Дело №12637 (Султанбек Ходжанов) Л.40-52).

Хаттама соңында тергеушілер Сұлтанбектің жауаптарына қанағаттанбағандықтарын, Өзбекстандағы сыбайластарын толық атамағандығын айтып, осыған байланысты алдағы уақытта қайта тергеу жүргізілетіндігі ескертіледі.

Ал үшінші, соңғы тергеу хаттамасы 1937 жылы 11 қыркүйекте толтырылған (ЦА ФСБ РФ. Дело №12637 (Султанбек Ходжанов) Л.53-82). Бұл тергеу 31 тамыздағы тергеуде «кеңеске қарсы ұйымдарыңыздың капиталистік елдердің және шетелдік эмигранттық құрылымдардың агентурасымен байланыстарыңызды айтып едіңіз. Осы мәселе бойынша жан-жақты көрсетіп беріңіз» деген сауалмен басталады.

Осы хаттамада Ф.Ходжаев пен Т.Рысқұловтардың 1922, 1923 жж Германияға сапары барысында алғаш Герман өкіметімен саяси байланыстар орнатылғандығынан бастап, шетелдік эмигранттық құрылымдардың басшылары М.Шоқаев,

З.Валидовтармен байланыстарының болғандығын жазады. Осыған байланысты назар аударатын мәселе, Т.Рысқұловтың 3 шілде күнгі хаттамасының 8 парағы С.Қожанов тергеу ісіне тігілгендігі (ЦА ФСБ РФ. Дело №12637 (Султанбек Ходжанов) Л.82-93). Рысқұловтың осы тергеу хаттамасындағы көрсетілімдер Қожановтың хаттамасынан тұтастай орын алған. Белгілі бір трафареттік мәліметердің бір хаттамадан екіншісіне немесе бір айыпталушыдан келесі айыпталушының тергеу хаттамасына көшіп жүруі сияқты фактілері жиі кездеседі. Бұл дәйек тергеу хаттамаларының толтырылу технологиясынан хабар береді. Мысалы, Т.Рысқұловтың жоғарыдағы тергеу хаттамасының көшірмесі С.Қожановтың ісіне тіркелуі біраз жайды аңғартады. Сол сияқты Т.Рысқұлов пен С.Қожановтың тергеу хаттамаларының Н.Төреқұловқа қатысты бөліктері оның ісіне тіркелген. Мәскеуде тергелген Т.Рысқұлов, Н.Төреқұлов, С.Қожанов, Н.Нұрмақовтардың тергеу хаттамаларының көшірмелері Алматыда тергелген С.Асфендиаров, С.Сапарбеков, Қ.Қожықов, Ш.Дивеев, Ұ.Құлымбетов, Ә.Досов және т.б. қайраткерлердің істеріне тіркелгендігі де тергеу хаттамаларының қалай түзілгендігін танытады. Тергеу барысында айыпталушымен жүргізілген сұрақ-жауаптардың барлығы хатталып отырмаған. Ең алдымен айыпталушыдан өзінің бүкіл өмірбаянын, қоғамдық-саяси қызметін жазбаша қағазға түсіру талап етілген. Айталық, Н.Төреқұловтың тергеу ісінде оның өз қолымен жазылған 64 парақтық қолжазбасы, С.Қожановтың ісінде 165 парақтық қолжазбасы сақталған. Ол қолжазбалар тергеушілер тарапынан мұқият тексеріліп, тұтас абзацтар қызыл бояумен сызылып, қоршалып, арнайы белгілер қойылған. Айыпталушының қолжазбасындағы белгіленген тұтастай бөліктер тергеу хаттамаларына көшірілген. Тергеу хаттамаларын құрастырудың осы технологиясы көпшілікті адастырып жүрген біраз мәселелерге жауап бере алады. Ол мәселе белгілі бір қайраткерге өз қызметтестерін «көрсетіп берді», «сатты» деген айыптау стереотипінің негізсіздігі. Біздің жасаған алдын-ала талдауымыз көрсеткендей тергеу хаттамалары тергеушілердің саяси және құқықтық айыптаулардың конструкциясын жоғары органдардың талабына сай өз қалаулары бойынша құрастырған. Бұл хаттамалар айыпталушының еркінен тыс дайындалған тергеушілердің «шығармашылығының» жемісі.

Осындай «көрсетілімдер» (показание) тіпті өзге қайраткерлерді айыптауға «дәлел» ретінде қолданылған. Мысал ретінде Л.Мирзоян республика үкіметінің басшысы Ұ.Құлымбетовты тұтқындау туралы Сталинге жолдаған шифротелеграмасында оның жергілікті ұлтшыл-фашистік ұйым басшыларының бірі екендігін Ш.Дивеев, Қ.Сармолдаев, Т.Жаманмұрынов, А.Асылбеков, Ғ.Тоғжанов, Нұрмақов, Рысқұлов, Қожановтардың көрсетілімдерін негізге алғандығын айтуымызға болады (РГАСПИ. Ф. 558. Оп. 11. Д. 57. Л. 8).

С.Қожановтың бірінші тергеу хаттамасында шетелдік эмиграциялық құрылымдармен байланыс жасаған қазақ қайраткерлері қатарында Дінше Әділов, Германияда оқыған студенттер Ғазымбек Бірімжанов, Сабыр Танашов, Дамолла Батырбаев, Абдрахман Мұңайтпасовтар, ал Батыс Қытай жеріндегі құрылымдармен Ибрагим Жайнақов, Кәрімбай Төлебаевтар арқылы байланыс жасалғандығы көрсетіледі.

Тергеу хаттамасында назар аударатын бір мәселе, Сұлтанбек Н.Төреқұловқа қатысты оның 1920 жылдың күзінде Орынбордан алашордашылар Халел Досмұхамедов, Жанша Досмұхамедов, Міржақып Дулатов және т.б. шақырып алдыртқандығын, Төреқұловпен ақылдасып, олардың барлығын жұмысқа орналастырғандығын көрсетеді. Әзірге осы дәйек деректік тұрғыда тиянақ тауып, Ташкентке алаштық қайраткерлердің топтасуы мәселесіне айқындық береді.

Осы тергеу хаттамасында малшаруашылығы саласындағы кеңеске қарсы бүлдіргіш әрекеттер туралы сауал бар. Сұлтанбектің осы сауалға қайтарған жауабы

1934 жылы Алматыда жүргізілген «Кеңеске қарсы бірыңғай жасырын орталық басқарған біртұтас контрреволюциялық ұлтшылдық ұйымдар» (АДПАО, Дело №04693, Том 5) деп аталатын істің тергеу хаттамаларын еске салады. Осы істі республикалық ОГПУ үшінші бөлімінің бастығы Н.И.Нейман жүргізген. Ол осы іс бойынша 1932-34 жж. Б.Аралбаев, И.Тоқтыбаевтардың және басқа да көптеген істерді жүргізген Қазақстан бойынша тәжірибелі маман ретінде 25 сәуір 1937 ж. одақтық НКВД Кадр бөлімінің қарамағына шақырылған. Ол осыған дейін Қазақ КСР НКВД Мемлекеттік қауіпсіздік басқармасы 4-бөлімі бастығының міндетін атқарған. Голощекинмен бірге Қазақстанға ере келген Нейман Н.Ежовпен де бірге қызмет істегендіктен Мәскеуде басталғалы тұрған пантүркішіл топтарды «әшкерелеу» процесін аяқтау үшін таптырмас маман еді.

1937 ж. Бутырка түрмесінде Т.Рысқұлов, С.Қожанов, Н.Төрекұловтарды тергегенде оның Қазақстанда жинаған тәжірибесі қазақ қайраткерлерін тергеуде қолданылды. Оның алдау мен арбау, азаптау мен қорқыту арқылы жасаған жалған конструкциялары қазақ қайраткерлерінің үкімін шығаруға негіз болды.

Сұлтанбек Қожановтың тікелей И.Сталиннің қырына ілінуіне қатысты архивтерде бірқатар құжаттар кездеседі. Сталин 1922 ж. 17 шілдесінде Ортаазиялық бюроның хатшысы Зеленскийге, көшірмесін Қожановқа арнап жолдаған жеделхатта «Рудзутактың үш қайтара шақыруынан түрлі себептермен жалтарған Қожанов Жетісуда көшіріп жіберу (*қоныстанушыларды – авт.*) мен тұтқынға алуды жалғастыруда. Тез арада Жетісуда көшіріп жіберу атаулыны тоқтатып, Қожановты түсінік беру үшін Мәскеуге жіберіңіз» (РГАСПИ Ф.558, Оп.11, Д.28, Л.5) дейді. Қоныстанушылар үшін тартып алынған жерлерді өз иелері – қазақтарға қайтару туралы алаштық идеяны кеңестік биліктің саясатын пайдаланып, іске асырған С.Қожанов осы әрекеті үшін Мәскеуден сөгіс алып қайтқан.

Сталин мен С.Қожанов арасында етене іскер қатынас орнай қоймағанымен Бас хатшы Сұлтанбекті жақсы білген. Бұрынғы КОКП ОК тарихы архивында Сталиннің Сұлтанбектің сөйлеген сөзіне қатысты өз қолымен жазған жазбасы сақталған. Онда «т. ХОДЖАНОВ! Вы говорили сегодня хорошо. Если вы также хорошо работаете на месте (я еще не вполне уверен в этом), я готов стать вашим другом-товарищем. И.СТАЛИН» (РГАСПИ Ф.558, Оп.11, Д.133, Л.4.) деп жазылған. Кейбір тарихшылар бұл жазбаны Сталин Сұлтанбекке жолдаған деп санайды. Шындығында, Сталин қорытынды сөзінде баяндамалар мен жарыссөздерге қатысты өз пікірін білдіру үшін осындай жазбаларды қолданған. Бұл жазбадан Сталиннің Сұлтанбекке деген қатынасының психологиясы аңғарылады.

1926 ж. БК(б)П Қазақ Өлкелік комитетінің III Пленумында Ф.Голощекин Қожанов, Мыңбаев және Сәдуақасовтардың топшылдығын айыптаған шешім қабылдауға қол жеткізген.

Осы кезеңде БК(б)П ОК жауапты нұсқаушы болып қызмет істеп жүрген С.Қожанов Голощекиннің Қазақстанда іске асырмақшы болған саясатының түпкі мақсатын тани алды. Ол саясаттың салдары ауыр болатындығын болжаған Сұлтанбек бұндай әрекетке тосқауыл қою үшін өз басын саяси айыптаудан арашалауды көздеп, 1927 ж. 12 ақпанында БК(б)П Қазақ Өлкелік комитетіне арнайы хат жазады. Бұл хатқа лайықты жауап ала алмаған соң осы жылдың наурыз айынын бас кезінде И.Сталиннің қабылдауында болып, «қожановшылықтың» мән-жайын баяндаған.

Қоғам қайраткері, Сұлтанбектің үзеңгілес серігі Д.Сарқұловтың естелігінде осы кездесуде болған мынадай әңгіме айтылады: «қожановшылықтың» өршіп бара жатқандығына шағымданған Сұлтанбекке Сталин «Сол иығыңнан асырып үш рет түкірсең, ол сөз ұмыт болады» дейді. Сонда Сұлтанбек «мен жүз рет түкірсем де ешқандай өзгеріс болмайды. Ал, жолдас Сталин түкірсе, онда ол сөз өшеді» дейді.

Сонда Сталиннің айтқаны «тіліңе түйнеме шықсын (тифун тебе на язык), шаршап жүрсең демалысқа бар, саған басқа жұмыс береміз» болған екен. Осы қабылдаудың нәтижесінде Сталиннің Голощекинге Сұлтанбек Қожановтың өтініші туралы жазған хатын архивтен таптық. Хат түпнұсқа, Сталиннің өз қолымен жазылған, екі парақтан тұрады. Хат Голощекинге, көшірмесі Қожановқа жолданған. Хатта Қожанов Қазақстандағы жолдастардың оппозицияда немесе оны қолдаушы деп айыптайтындығы жөнінде өтініш айтып, осыған байланысты пікір айтуын сұрағандығын айта келіп «Мен оған БКП-ға оппозицияны қуаттайтындығына, тіпті қатыстылығына шешімді түрде айыптайтын ешқандай негізім жоқ екендігін мәлімдеп, ықыласпен келісімді бердім. Қожановта ұлтшылдық көзқарас сарқыншағы бар екендігін мен білемін. Бұл сарқыншақтар кезінде Қазақстанда орын алған белгілі топшылдық күресте академиялық сипатымен ғана емес, практикалық сипатымен де байқалған болатын. Бірақ, бұл жағдай, әрине Қожановты оппозицияда немесе оны қолдайды деп айыптауға негіз бола алмайды.

Қожанов менімен әңгімелескенде Қазақстандағы қызметінде ұлтшылдық ауытқушылығының болғандығын жоққа шығармады. Ол баспасөз бетінде немесе басқа түрде өзінің қателіктерінен бас тартуға дайын екендігін білдірді. Оның бұл дайындығын тез арада іске асыратындығына - егер Өлкеком осыны талап етсе - мен күманданбаймын. Өлкеком оған бұл істе көмектесуі керек деп ойлаймын. Егер Өлкекомға қажет болса, мен өз тарапымнан ықпал жасауға дайынмын. Москва қаласы 9 наурыз 1927 ж.» (РГАСПИ Ф.558, Оп.11, Д.133, Л.88) деп жазылған.

Осы хатқа жауап ретінде 20 наурыз 1927 ж. С.Қожановтан өз қателіктерінен бас тартуын талап еткен Өлкелік комитеттің хаты И.Сталинге жолданады. С.Қожановтың өз тарапынан бұрынғы қателіктерінен бас тартқаны жөнінде «Еңбекші қазақ» газетінде материал жарық көреді. Голощекин Орталық Комитетпен жазысқан қызмет хаттарында сырғытпа жауаптарымен Қожановтың Қазақстанға қызметке келуіне жол бергісі келмейді. Ақыры, 1927 жылдың соңында Қазақ өлкелік комитеті бюросының Қожановты Қазақстанға қызметке шақырудан бас тартқан шешімін қабылдатып, Мәскеуге жолдайды.

Партиялық-номенклатуралық жүйенің этикасы жоғары инстанцияның тапсырмасын төменгі органдардың сөзсіз орындауына саятын. Голощекиннің Сталин өтінішін орындамауы бұл этикалық қалыпқа сыймайтындығы белгілі. Осыдан келіп «Неге бұлай?» деген сұрақ туындайды.

Сталин хатының мазмұны бұйрыққа емес, өтінішке келеді. Бұл жердегі бірінші мәселе, хатты Сталиннің Голощекинге деген сеніміне селкеу түспей тұрған кезде жазғаны. Үлкен партия ұйымын сеніп тапсырған кадрының ісіне қол сұқпауды көздеген болуы да мүмкін. Сол кезде Голощекиннің Орталық Комитеттің алдындағы беделі жоғары болатын. Өзіне көрсетілген сенім мен құрметті асыра пайдаланып, Сталиннің өтінішін орындамауы да мүмкін. Екінші мәселе Сталиннің қырына ұлтшылдық әрекетімен іліккен Қожановтың өзіне байланысты болатын. 1922 жылғы Жетісудағы жер-су реформасы, 1923 жылғы ұлт аймақтары кеңесінде, 1924 жылғы ұлттық-территориялық межелеу кезінде ұлтшылдығымен танылған Қожанов Сталин үшін біржағы мықты ұйымдастырушы, елді сөзіне ұйытатын шешен кадр ғана емес, сонымен бірге үнемі қатаң партиялық бақылауда, тізгендеп ұстамаса ырықтан шығып кететін «сенімсіз» национал-коммунистердің бірі еді. Оның тағдырына қатысты Сталиннің сүйейсалды өтініштің мәнін осылай болжамдауға болады.

Қорытынды

Сұлтанбек Қожановтың тергеу хаттамаларына жасалған қысқаша шолу оны тарихи дереккөз ретінде пайдаланудың қажеттігіне көз жеткізеді. Тарихи таным объективті тұжырымдарға негізделуі керек десек, тергеу хаттамалардың дерегін

жалғаны мен өтірігінен аршып алып, ғылыми айналымға ұсынатын уақыт жетті. Бұл жердегі басты мақсат қайраткерлерді тоталитарлық жүйенің жаққан күйесінен тазарту болмақ. Ғылыми орта мен зиялы қауымның ақиқатты қабылдауға дайындығы жетеді деп ойлаймыз.

Қай кезде де тарихи танымның рухани өзегі, ғылыми негізі болады. Кеңестік қоғамда алаштық үлгідегі қайраткерлердің тұлғасын танудағы рухани өзек таптық-партиялық құндылықтар болса, оның ғылыми негізі маркстік-лениндік дүниетаным болғаны белгілі. Ал бүгінгі тәуелсіз қоғамымызда тарихи танымның талабы өзгерді. Мақсат та өзгерді. Қоғам жаңарды, қоғаммен бірге адам да жаңарды. Ендігі кезекте тарихи таным да жаңаруы тиіс.

